

*Мақсатым – тіл ұстартып,  
өнер шайпақ...*  
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**3/2017**

**НАУРЫЗ**

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,  
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,  
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,  
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,  
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

## МАЗМҰНЫ

### Таным табиғатында

Н.КУСАИНОВА, С.СЕҢКІБАЕВ. М.ӘБЛҰҰЛЫ. Ж.САҒЫНОВА. М.ҚАРАМЕНДИНА. Ж.МАМЫТБЕКОВА.	Қазақ тілін дидактикалық ойындар арқылы қатысымдық тұрғыдан меңгерту.....3 Күміс тостағандағы жазу.....9 Қазіргі балалар әдебиетіндегі дәстүр және жаңашылдық.....13 Егіншілікке қатысты мақал-мәтелдердегі этнографиялық сарын.....18 5-6-сыныптарда сатылай кешенді талдау технологиясын пайдалану арқылы оқытудың тиімділігін арттыру.....22 Мемлекеттік тілді оқытудың жаңа талабы.....28 Бастауыш сынып пен орта буынның арасындағы оқытудың әдіс-тәсілдері.....31
---	---

### Авторлық бағдарлама

М.ЕСЕКЕЕВА. Қ.АСАНОВА.	«Жас тілші» үйірме жұмысы.....37 «Оқу жылдамдығы» жобасы.....41
---------------------------	--

### Дефектология әлемінде

Н.УМАРОВА.	Психикалық дамуы тежелген балалардың тілін дамыту жолдары .....44
------------	---

### Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Т.МҰРАТБАЙ. Т.АБРАРОВА. Б.БАТЫРОВА. Л.СӘРСЕНБАЕВА. М.КӨБЕГЕНОВА. С.ӘБЕНОВА. З.АЙМАХАНОВА. Ф.ШАМАНОВА. Г.САРМАНОВА. М.ТҮГЕЛБАЕВА.	Б.Алтынсариннің әңгімелері және олардың тәрбиелік мәні.....49 М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы.....52 Ж.Аймауытов. «Ақбілек» романы.....58 Ш.Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы.....60 Ә.Сәрсенбаев. «Туған жер», «Сен құрметте оны, қарағым».....62 М.Жұмабаев. «Сүйемін».....65 Әдебиетте кездесетін қасқыр бейнесі.....69 А.Құнанбайұлы. Жиырма тоғызыншы сөз.....71 М.Жұмабаев. «Мен кім?», «Қазақ тілі».....74 А.Құнанбайұлы. «Қараңғы түнде тау қалғып».....78
---	---

### Жас маманға жәрдем

Н.ТОҚБЕРГЕНОВА. Н.ШЫҒАНБАЕВ. С.БЕГАЛИНА. А.САБЫРЖАНОВА.	І.Жансүгіров өмірі мен шығармашылығы.....81 М.Өтемісұлы. «Мен - құстан туған құмаймын».....84 Қ.Күржіманұлы. Есқали сұпыға айтқаны.....87 Шешендік өнер.....93
--	---

### Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

С.ТӨЛЕУОВА. Ә.ИКРАМУЛЫ. Қ.ШӘРІП. С.ЖАРДЕКОВА. А.ЖЫЛМАСОВА. Г.АҒЫЛМАНОВА. Ә.ҚҰРАЛБАЕВА. А.ҚАРЖАУОВА. Ү.КӘРІБАЕВА.	Сан есімге жаттығу.....96 Жай сөйлемнің түрлері.....98 Өзгелік етіс.....103 Сан есімді қайталау.....106 Мөлшер және себеп пысықтауыш.....109 Өткен шақ.....114 Іскерлік қарым-қатынас және сөз әдебі.....116 Lesson Study тәсілін оқыту мен оқыту үдерісінде пайдалану.....119 Көпшілік алдында сөйлеудің әдістері.....122
--	--

### Зерде

Ж.БАХИТЖАНОВА.	Ақын жүрегінің айшуақ нұры.....124
----------------	------------------------------------

### Әдеби кеш

Ү.АМИРХАНОВА. Ш.КАКЕНОВА.	Сарыағаш-сырлы да, жырлы да өлке.....127 Абай Құнанбайұлының шығармашылығы.....131
------------------------------	---

### Сыныптан тыс шара

А.АЙТМАҒАНБЕТОВА. К.МУРСАЛИМОВА. А.САИРОВА.	Тілім менің.....136 Мен елімнің патриотымын.....139 Қазақ тілім-ұлттық байлығым.....141
---	---

## Таным табиғатында

ӘОЖ 81'1-027.21

Н.КУСАИНОВА,  
С.СЕҢКІБАЕВ,  
А.Мырзахметов ат. КУ,  
Көкшетау қаласы

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ҚАТЫСЫМДЫҚ ТҮРҒЫДАН МЕҢГЕРТУ

Мақалада қазақ тілін дидактикалық ойындар арқылы қатысымдық тұрғыдан меңгерту қарастырылған.

Тірек сөздер: тіл, қатысым әдісі, дидактикалық ойын, диалог, монолог.

Тіл – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауының құралы, сондықтан адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасау үшін алдымен сөзді, сонан соң сөздерді қалай қолдануды білуі керек. Міне, сондықтан да тілді үйретуде оқушының сөздік қорын байыту мен сөздердің қалай қолданылатынын үйрететін грамматиканы оқыту қатар жүріп отырады. Екінші тілді оқытуда оқушының сөзді білуі, сөздік қорының мол болуы оның тілді меңгеру дәрежесінің негізгі көрсеткішінің бірі болып табылады. Оқушының сөздік қоры неғұрлым бай болса, соғұрлым оқушының ойын толық, дәл, анық жеткізуге мүмкіндігі мол болады. Бұлардың әрқайсысы өте өзекті мәселелер, олар қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізгі объектісі. Оқушыларға қазақ тілі сабағы барысында қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін үйретудің маңызы үлкен. Оқушы дыбыстарды дұрыс айта білу арқылы түсінікті сөйлеуге үйренеді. Зерттеушілер бұл туралы: «Қазақ тіліндегі дыбыстардың айтылуы мен жасалуын үйрету мұғалімнің шеберлігін ғана емес, бірнеше тәсілді қатар меңгерген әдісқойлығын да қажет етеді. Өйткені сабақта мұғалім тек дыбыстардың айтылуымен ғана шектелсе, сөйлеуді үйрету мақсатына жетпейді. Сондықтан ұстаз дыбыстардың ерекшелігін сөз ішінде, буын құрамында, сөйлем арасында меңгерте отырып, жалпы тілдік қатынастың қағидаларын естен шығармайды және тілді үйретудің жинақтық әдісін пайдаланады». Демек, оқушы дыбыстардың дұрыс айтылуын, жазылуын меңгере отырып оны тұрақты дағдыға айналдыруы тиіс. Сондай-ақ мұғалім оқушылардың фонетикалық дағдыларын тұрақты дамытып отыруы қажет. Оқушының сөйлеу әрекетін дамыту, біріншіден тілдің лексикалық, грамматикалық білім нормаларын меңгертуге байланысты болса, екіншіден, сөйлеу дағдылары сөйлеу әрекетінің оқылым, тыңдалым, айтылым жазылым

түрлерімен байланысты болады.

Дидактикалық ойындар барысында оқушылар диалог және монолог арқылы бір-бірімен қарым-қатынас жасайды. Оқушыларды диалог және монологты сөйлеуге үйрету арқылы олардың әдеби сөйлеу дағдыларын қалыптастырып, жетілдіруге болады. Оқушы тілдік қатынаста өзінің дауыс ырғағына, сөйлеу мәнеріне назар аударып, оны дұрыстауға ұмтылады, басқа адамның сөйлеген сөзіне мән береді. Қазақ тілін дидактикалық ойындар арқылы қатысымдық тұрғыдан меңгерудің негізгі мақсаты – сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы әдеби нормада өз ойын түсінікті, сауатты, дұрыс жеткізуге үйрету. Сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы оқушыны, біріншіден, қазақ тілінен игерген білімдері мен біліктерін тәжірибеде қолдана алуға, екіншіден, өзіндік пікірі, көзқарасы бар жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, үшіншіден, тілдік қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетін жетілдіріп, сөйлеу нормаларын сақтауға дағдыландыруға болады. Осыған орай, сабақта балаларға теориялық білім беру мақсатымен қатар қатысымдық мақсат та қойылады. [1, 11 б]. Демек, бұл тәсілдер арқылы оқушыларды диалогты және монологты сөйлеуге үйрете отырып олардың тілдік қатынаста өзінің дауыс ырғағына, сөйлеу мәнеріне көңіл бөліп, жұптағы серіктесінің сөйлеген сөзіне мән беріп, сөйлеу тілін жетілдіруіне көмектеседі. Лексикалық материалдарды меңгеру оқушылардан оларды бірнеше рет қайталауды талап етеді.

Қазақ тілі сабағында дидактикалық ойындарды қолдану барысында оқушылар төмендегідей сөйлесу түрлерін үйренеді:

а) диалог-әңгімелесу; ә) диалог-пікірталас; б) диалог- түсіндіру; в) монолог-суреттеу; г) монолог-баяндау.

а) Диалог-әңгімелесуде оқушылар өзара және мұғаліммен дұрыс пікірлесуге үйренеді. Диалогтың бұл түрінде оқушылар әңгімелесу барысында өз ойларын толық жеткізуге дағдыланады [1, 11 б]. Мысалы, «**Дұрысы қайсы?**» ойыны. Бұл ойында Р.Шотбаеваның «Дұрысы қайсы?» әңгімесі біраз өңделіп, оқушылардың ойлауына, өзіндік пікір айтуына лайықталды. Ойында оқушылардың сөйлеу мәнеріне баса назар аударып, басқа адаммен әңгімелесуге жағдаят туғызылды. Оқушыларға бір-бірімен әңгімелесуді үйреткенде, алдымен олардың сөйлеу нормаларына көңіл бөлініп, тілдік қарым-қатынаста орфоэпиялық заңдылықтарды сақтап айтуға дағдыландыру қажет. Бұл түрлі дидактикалық ойындар арқылы бекітіліп, оларға сөздердің жазылу және айтылу үлгілері кестелер, жаттығулар арқылы ұғындырылады. Мысалы, «**Диалог-ертегі**» ойыны. Шарты: мұғалім не оқушы шығып, кез келген бір әңгіме - ертегіні бастап кетеді. Ал қалған оқушылар басталған әңгіме-ертегіні бір-бір сөйлеммен ары қарай жалғастырады. Мысалы, мұғалім былай бастайды: «Ертеде бір байдың ерке-тоғай ұлы болыпты...» 1-оқушы: «Сол ұлы көгалда көбелек қуып жүріп адасып кетіпті...» десе, 2-оқушы одан ары қарай жалғастырады: «Қарны ашып, іші шұрқырап келе жатса, алдынан бір ешкі кезігіпті...» – міне осылай ертегі жалғаса береді, ең соңғы оқушы ертегіні ұтқыр шешіммен аяқтауы тиіс. Және кімде-кім ертегі ішіне қызғылықты оқиға кірістіре алса, соның еңбегі жоғары бағаланады. Диалогтік әдісті

қолдана отырып оқушыларды сұрақтарды, өтінішті, таңдануды, бұйыруды қолданып, бір-бірімен әңгімелесе білуге, мәліметтерді нақтылауды сұрауға, келіспеушілік, толықтыру, тілдік материал көлемінде өзара пікір алыса білуге дағдыландырады. Әр түрлі типтегі кішігірім диалогтар құрастыру тапсырылады. Біліктілікті жетілдіру мен дамыту оқушылардың еркіндігін сақтау жолымен жүргізіледі. Мысалы, сабақты «**Сөйлеу минуты**» ойынымен бастауға болады. Ойын мақсаты – балаларға үйде не істегенін ауызша диалог түрінде айтқызып, әңгімелеп беруге үйрету. Ойын сұрақ-жауап түрінде өтеді. Диалогтік оқыту оқушының тек қана бірлескен әрекетке тартылуына ғана емес, оқушының ойлау қабілетінің жоғары деңгейге өсуіне, тіл байлығы мен зияткерлік қабілетінің дамуына ықпалын тигізеді. Осы кезде топ арасында талқылау жүзеге асады. Әр топ өз пікірін айтып, дәлелдеме жасайды. Сыныпта талқылауға қатысу оқушының бәсекеге қабілетін арттырады, өз дәлелін қорғап, мәселеге сыни тұрғыдан қарауға дағдыланады. Ғалым Ф.Ш.Оразбаева сабақта тілдік қатынас үш түрлі жолмен немесе қалыппен іске асырылады деп, олардың түрлерін атап көрсеткен. Олар жұптық, топтық, ұжымдық. Жұптық жұмысқа түсу осы диалогтерден тұрады [2, 93 б]. Диалогтің өзі сабақ өту кезінде әр түрлі әдіс арқылы жүзеге асады. Мысалы: сұрақ-жауап, рөлдік, тапсырманы орындату, жұптық жұмыс, диалогтік мәтінді оқу. Мысалы, «**Сұрақ-жауапқа құрылған хат**». Ойынның шарты: 6 оқушыға 6 түрлі сұрақ беріледі. Сол сұрақтарға оқушылар жазбаша түрде жауап береді. Бірақ бұлар кез келген сұрақтар емес. Белгілі бір қалыпқа түскен тұрақты сұрақтар. Бір қызығы әр оқушы жолдастарына қандай сұрақ берілгенін білсе де, олардың қандай жауап жазғанын білмеуі тиіс. Әйтпесе ойын шарты бұзылады. Жаттығу аяқталғаннан кейін мұғалім әр оқушының жауабын біріктіріп, тұтас мәтін құрайды да балаларға оқып береді. Сол кезде әрі қызғылықты, әрі күлкілі оқиға шығуы мүмкін. «Сұрақ-жауапқа құрылған хат» ойыны – өте тартымды ойын. Әсіресе сабақ үстінде жүргізсе оқушылар сергіп қалады, сабаққа деген зейіні арта түседі.

ә) Диалог-пікірталаста әрбір оқушы өзінің пікірін ортаға салып, өз көзқарасын дәлелдеуге үйренеді. Барлық оқушының пікірі тыңдалып, оқушылардан қазылар алқасы құрылып, дұрыс пікірді анықтайды [1, 18 б]. Мысалы, «**Дұрыс па?**» ойыны.

Оқушылардың пікірін қорытындылап, кімнің пікірі дұрыс болғанын оқушылармен бірлесе анықталады. Әрбір оқушының сөзін тыңдай отырып, мұғалім олардың сөйлеу дағдыларын жетілдіру жұмыстарын жүргізеді. Алдымен, пікірталаста әрбір адам өзінің ойын, пікірін айтпай, таразылап барып шешкені дұрыс екендігі түсіндіріледі. Оқушылардың өз ойын дәлелді жеткізу жолдары ұғындырылып, ол әр түрлі дидактикалық ойындар арқылы бекітіледі.

б) Диалог-түсіндіру оқушылардан түрлі ақпараттар алу кезінде көп қолданылады. Мұнда оқушы мұғалімге не жолдастарына өздерінің көзқарасын, пікірін жан-жақты түсіндіруге үйренеді. Оқушылардың сөйлеу тіліне, тіл мәдениетіне ерекше көңіл аударылып, олардың дұрыс,

жатық сөйлеу дағдыларын нығайтады. Оқушыларға белгілі акын-жазушылардың шығармаларын рөлге бөліп оқытқан дұрыс. Нәтижесінде оқушылар өз ойын жатық, дұрыс жеткізуге үйренеді [1, 18-б].

в) Монолог-суреттеуде оқушылар бір нәрсені сипаттауға, оның сыртқы және ішкі ерекшеліктерін танып білуге, заттың қасиеттерін жете тануға үйренеді [1, 18 б]. Оқыту үдерісінде қолданылған дидактикалық ойындар оқушыларды алгоритм деңгейіне салыстыру, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажыратуға дағдыландырады. Ізденімдік деңгейде берілген тапсырмаларда оқушылар пейзаждардың өзіндік ерекшеліктерін табуға жаттығады. Шығармашылық деңгейде олар портреттерде, картиналарда берілген адамдардың іс-қимылдарын, психологиясын суреттеу дәрежесіне жетеді.

г) Монолог-баяндауда оқушылар өздерінің көргенін басқа адамдардың іс-әрекетіне баға беру үшін, тыңдаушыға өз ойын толық, жан-жақты баяндап жеткізу үшін пайдаланады [1, 19 б]. Мәселен, мұғалім алғашқы деңгейде оқушыларға түрлі табиғат құбылыстары, өмірлік жағдаяттар туралы дайын мәтіндер беріп, кейін оқушыларға өз ойларынан жаңа мәтін жазуды тапсырады. Мұндай тәсіл арқылы оқушылар мәтін түзуді, белгілі үлгі бойынша өз пікірін дәлелді жеткізуді үйренеді.

Оқушылардың лексикалық дағдыларын қалыптастырудың бір жолы қиындығы шектеулі жаттығуларды пайдалану болып табылады. Бұл жаттығулар оқушылардың қазақ тілі сабағына қызығушылығын туғызу мақсатында ойын жаттығулары түрінде немесе жағдаяттық тапсырмалар түрінде болуы мүмкін. Оқушылар тапсырмалардың барлығын топпен немесе ұжымдық жұмыс түрінде іске асырады. Тіл қатысымының ұжымдық формасы дегеніміз – үйренушінің бүкіл топтағы адамдардың әрқайсысымен жеке сұхбаттасу арқылы олардың екеу ара бірін-бірі үйретуі, оқытуы, адамдардың бірінен екіншісінің үйренуі, пікір алысуы және әр жұп сыңарларының ауысып отыруы нәтижесінде бүкіл ұжым мүшелерінің түгел қамтылып әрі жұптық, әрі топтық тілдік қатынастың жүзеге асуы. Мысалы, **«Жарыс» ойыны**. Сипаттамасы: екі кезеңнен тұрады. Оқушылар екі-екіден жұппен ойнайды. Бірінші кезеңде оқушылар берілген тақырып бойынша қаншалықты жаза алғанынша сөздер жазады. Екінші кезеңде осы берілген сөздермен диалог құрастырады. Мұғалім оқушылардың лексикалық қорын дамыту мақсатындағы жүргізетін жаттығулар түрін шығармашылық тұрғыдан, топтың деңгейіне қарап қарастырғаны жөн. Бұл әдіс мәтінді меңгеруде маңызды. Қазақ тілі сабақтарын дидактикалық ойын арқылы оқытудың тиімді әдістерінің бірі – қатысым. Профессор Ф.Ш.Оразбаеваның пікірінше: «сөз жеке сөздікте тұрғанда – тілдік тұлға да, сөйлем құрамында, тексте қолданылғанда – қатысымдық тұлға болып табылады» [3, 87 б]. Егер оқушы берілген сөздерді, грамматикалық тұлғаларды жатқа біліп, оны сөйлеуде пайдалана алмаса, онда сабақтың мақсаты орындалмағаны. Бүгінгі таңда қазақ тілін оқытудың жаңа технологиясы осы тілдің қатысымдық қызметін ескере отырып іске асырылады. Қазақ тілін қатысымдық әдіс арқылы оқыту жүйесінде әдіскер-ғалым Ф.Ш.Оразбаеваның мынандай ұстанымын

келтіруді жөн санадық:

- Тіке байланыс ұстанымы;
- Адамның жеке қабілетін ескеру;
- Сатылап даму ұстанымы;
- Өзектілік ұстанымы.

Қазақ тілін оқытуда тіл туралы білім берумен бірге оқушыны тілдік қарым-қатынасқа даярлау міндеті қойылады. Ол баланың тілін дамыта оқыту, сөздік қорын молайту, сөз, сөйлем, мәтіннің мағынасы мен ұғымы, ойы және мазмұны арқылы оқушылардың ойында ұлттық танымды қалыптастыру. Дидактикалық ойындар арқылы оқыту әдісінің өзі мұғалім мен оқушының арасындағы өзара байланыс дейтін болсақ, ол әрекеттер пікір алмасу, талқылау, сұрақ-жауап әрекеті және тіл үйренушілердің сөйлеуіне көмектесетін тапсырмалар мен жаттығулар арқылы іске асады. Мұғалім бұл тапсырмалар түрін өзінің шығармашылық қабілетіне сәйкес түрлендіріп қолдануына болады. Сонымен, қазақ тілі сабағында оқыту, жазу, оқу грамматикасы, тіл дамыту, сөздік қорын молайту сияқты мәселелер бір-бірімен байланыста жүргізіледі. Оқушының танымын, ойын, тілін дамытып, қатысымдық әрекетін жүйелі де нәтижелі жүргізу үшін алдымен сөз бен ойдың мағынасын меңгерту және сөздерді бір-бірімен байланыстырып сөйлем құрастыруға төселдіру қажет. Соның негізінде оқушының ауызша және жазбаша сөйлеу әрекеті, икемділіктері мен дағдылары қалыптасып, нәтижесінде сөздік қоры дамып, өз ойын белгілі жағдайда жеткізуіне мүмкіндік туады. Қорыта келгенде, оқушылардың қатысымдық әрекет арқылы қазақша сөздік қорын молайтып, сөйлеуге, сауатты жазуға дағдыландыру лингвистикалық білім негізінде жүргізіледі.

Мұғалімді толғандыратын мәселелердің бірі – баланың оқуға, білімге деген тұрақты қызығушылығын қалай дамытуға болады деген мәселе. Әсіресе оқушылардың қызығушылығын кейде бағалау кейде мадақтау арқылы оятамыз. Алайда бұл мотивтердің де шегі болады. Сондықтан мұғалім танымдық қызығушылығы негізінде оқушының оқу мотивациясын қалыптастыруы қажет. Сабақта ойын әдістерін пайдалану балалардың бір-біріне деген ықыласын туғызады.

Дидактикалық ойындарды ұйымдастыру мен өткізудің жалпы ережесі:

- Ойын балаларға қуаныш әкелуі керек. Баланы мәжбүрлеп ойнатуға болмайды, өз еркімен ойнайтындай жағдай туғызу керек.
- Ойынды ұйымдастыруда ойын барысында өзгертпейтіндей қатаң ережелер мен ойын әрекеттері белгіленеді.
- Ойын кезінде қысылып қымтырылмайтындай жағдай жасау керек, баланың белсенділігін тежеуге болмайды.
- Ойын барысында ертегілерді пайдаланған жөн. Тақпақтар, өлеңдер, «сиқырлы таяқ» сонымен қатар ойынға өзгешелік, мерекелік көңіл-күй беретін нәрсенің бәрін пайдалануға болады.
- Ойын соңында балаларды бағалау, марапаттау керек, ұжым болып ойын әрекетін талқылаған да дұрыс. Ойынды өткізу үшін педагогтың тәжірибесі мен шеберлігінің маңызы зор: ойынға барлық балаларды тарта білуі, белсенділігі төмен балаларды сергіте білуі, қажет болса көрсетуі,

қызығушылықтарын қолдай білуі керек [4, 116 б].

Дидактикалық ойындар тіл меңгерудің құралдарының бірі болып табылады. Ойын үстінде бала ешнәрсеге тәуелсіз, өзін еркін ұстайды, ал еркіндік дегеніміз – барлық дамудың баспалдағы. Олай болса, тәрбиенің баға жетпес құралы ретінде де ойынның айтарлықтай рөлі бар. Ойын үстінде бала тілдің ішкі ирімдерін, ойлау жүйелерін, сөз қолдану әдістерін, сөйлеу дәстүрлерін, тілдік психологиялық ерекшеліктерін жете түсініп, еркін білуге мүмкіндік алады.

Сабақ балалар үшін қызықты өткенде, олардың оқу жұмысында да белсенділігі артып, өз бетінше жұмыс жасап, белсенділігін арттырғандығынан олардың пәнге деген ынтасы өседі. Өзгеріске, жаңалыққа толы бүгінгі заман мұғалімге сегіз қырлы бір сырлы ерен қасиет иесі болуды міндеттейді. Ұстаз алдында отырған бірі шапшаң, бірі баяу, енді біреулері төмен қабылдайтын, зейіні, қабілеті, қабылдауы, есте сақтауы әрқилы шәкірттердің жүрегіне жол тауып, олардың шығармашылық қабілетін дамыту күрделі құрылым екені даусыз.

Көрнекті педагог В.А.Сухомлинский: «Сабақ жасөспірімдердің интеллектуалды өмірінде құр ғана сабақ болып қоймас үшін, ол қызықты болуы керек. Осыған қол жеткенде ғана мектеп жасөспірімдер үшін рухани өмірдің ошағына, мұғалім осы ошақтың құрметті иесі мен сақтаушысына, кітап-мәдениеттің баға жетпес қазынасына айналады» [5, 174 б.] - деп айтқан екен. Олай болса, қызықты сабақтар – мұғалімнің ашқан жаңалығы, өзіндік қолтаңбасы, әдістемелік ізденісі, көтерілген белесі, абырой-атағы, мақсат-мұраты. Ұстаз көкейіндегі шәкірттерді өзіне баулып алу үшін «Не істей аламын?», «Не істеу керек?» деген сұрақ-сауалнама әрекетке, әрекет нәтижелер жобасына, ал нәтижелер жобасы - тәжірибеге енгізуге жетелейді. Ал тәжірибенің ақиқат өлшемі – білім сапасы болмақ.

Әдебиеттер:

1 Нарқұлова Б. Қазақ тілі сабағында дидактикалық ойындарды қолдану әдістемесі. – Алматы, 2006. -23 б.

2 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері. -Алматы:Print-S, 2005. -147 б.

3 Оразбаева Ф. Рахметова Р. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005. -147 б.

4 Әбілқасымова А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. -Алматы: Мектеп, 2014. -218 б.

5 Әбиев Ж.Ә., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. Педагогика. – Алматы: Дарын, 2004. 227-б.

#### **Овладение коммуникативной точки зрения казахского языка через дидактические игры**

В статье рассматривается овладение коммуникативной точки зрения казахского языка через дидактические игры.

Ключевые слова: язык, коммуникативный метод, дидактическая игра, диалог, монолог.

#### **Capture of communicative point of view of the kazakh language through didactic games**

Article deals the capture of communicative point of view of the kazakh language through didactic games.

Key words: language, communicative method, didactic game, dialogue, monologue.

ӘОЖ 821.512. 122./075/

**М.ӘБІЛҰЛЫ,**  
**Тараз инновациялық-**  
**гуманитарлық университеті.**  
Тараз қаласы

## **КҮМІС ТОСТАҒАНДАҒЫ ЖАЗУ**

Ғалымдар Ә.Төлеубаев, Ж.Қасымбаев, М.Қойгелдиев, Е.Қалиева, Т.Далаевалар қазақ мемлекеттілігінің қайнар көзі сактар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар туралы жазылған қытай деректері туралы былай деп жазады: "Ерте мемлекеттік бірлестіктер мен түркі кезеңіне байланысты, әсіресе қытай деректері мол мәлімет береді. Бұл деректер бойынша қазақ мемлекеттілігінің қайнар көздері: сактар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар. Бұл туралы ежелгі қытай деректерінде "түркілер ғұндардың бір тармағы... Арғы аталары ғұндардың солтүстігіндегі Сақ елінен шықты... Күмбезді пішінді киіз үйде тұрады..." делінген..." [1].

Қазақ әдебиеттану ғылымы үнемі дамып, жетіліп отырады. Бұл табиғи құбылыс. Оны дамытып отырғандар қазақтың әдебиетші-тілші ғалымдары. Соңғы жылдары ежелгі сақ дәуіріндегі әдеби жәдігерліктердің там-тұмдап табылуы қазақ әдебиеті тарихының кезеңдерін ежелгі сақ дәуірінен бастау қажеттігін алға тартты. Сақ дәуірінен жеткен ауыз әдебиеті үлгілерінің бірі "Алып Ер Тоңғаны жоқтау" жыры ежелгі сақ дәуірінің ауыз әдебиетін толықтырды.

Ал ежелгі ғұн дәуіріне жататын ауыз әдебиеті үлгілері- "Алты жасар Алпамыс" киссасы, "Алаңқай батыр" [Өмірзақ жырау нұсқасы], "Он үш жасар Алаңқай батыр киссасы" [Теңізбай жырау нұсқасы], осы жәдігерліктер туралы ғылыми еңбектер қазақ басылымдарында жарияланды. Ғылымда ежелгі үйсіндер мен қаңлылар дәуіріне жататын әдеби жәдігерліктер туралы ғылыми тұжырымдар да қалыптаса бастады. Ендігі әңгіме-қазақтың жазба әдебиеті туралы.

Қазақтың көне жазба әдебиеті Есіктен табылған күміс тостағандағы жазудан басталады: "Аға саған (бұл) ошақ! Бөтен (жат ел адамы), тізеңді бүк! Халықта азық-түлік (мол болғай)". Ұлы Дала Елінен табылған күміс тостағандағы жазу біздің бабаларымыздан жеткен әдеби мұра. Ерекшелігі-бұл әдеби жәдігерлік қазақ әдебиеттану ғылымына тосын жаңалық әкеліп отыр. Олай дейтін себебіміз - Есіктен табылған күміс тостағандағы жазу қазақ жазба әдебиетінің бастау көзі.

Есік жазбасы үш сөйлемнен тұрады. Сананы ізгілікке, терең ойға, ұлтжандылыққа тартатын үш сөйлем үш әңгімеге татиды. "Аға, саған (бұл) ошақ!". Төрт сөзден тұратын бұл сөйлем терең оймен жазылған. Оқыған саналы адамды өмірдің терең тұңғық қатпарларына жетелейді. Ошақ-отбасы, ошақ-шағын мемлекеттің қазығы, ошақ - бүкіл салт-дәстүр, тәрбие арнасы... Мұнан біз ошақ басындағы - отбасылық әдебиетті сеземіз. Бұл төрт сөз түтін түтететін, ас пісіретін ошақтың аса киелі екенін аңғартады. Қазақта: "Түтінің түзу ұшсын" деген аталы сөз бар. Немесе: "Баяғы Ыбырай атамыздан жеті бала бар, жетеуі жеті ошақтың

түтінін түтетіп отыр..."-деген сөз тіркестері кездеседі. Сонан соң ошақ - отбасының алтын қазығы. Ошақ - отбасы мүшелерінің сиынар тірегі. Сақ бабаларымыз ошақты қадірлей отырып, онан шыққан отқа табынған. "Арман- мақсаттарымыз осы ошақтан аспанға ұшып шыққан от пен түтін арқылы Тәңірге жетсін..."-деген тілек айтқан. Ошақ- кішкене мемлекеттің тірегі. Сол мемлекетті сыртқы дұшпандардан қорғау-парызымыз. Ошақ бүтін болуы шарт. Төзімділік те, адалдық та, еңбеккерлік те, қажырлылық та, ұлтжандылық та, отаншылдық та, бауырмалдық та ошақ басынан басталады.

"Бөтен (жат ел адамы), тізенді бүк!" Бұл сөйлем жас ұрпақтарды патриоттық рухта тәрбиелеудің терең арнасы. Ошақ-шағын мемлекет болса, тірегі-жер. Бұл сөйлемде жерді, атамекенді жатжұрттықтардан қорғау идеясы жатыр. Бұл да-әдеби мұра. Сөйлемнің мағынасы өте кең: жатжұрттықтар деп сыртқы жауларды айтып отыр. «Жерімді аламын, елімді жаулаймын» деп келген жат ел адамы арам ойын іске асыра алмай тізе бүгуі қажет. Хассақ даласы ұлан-байтақ, бірақ ұлтарактай жер де жауға берілмейді. Сақ жауынгерлерінің сол ұлтарактай жер үшін бір қасық қаны қалғанша жауларымен шайқасқаны әлемге әйгілі: ұлан-байтақ сақ жерін жаулап аламын деп келген пифылы бұзық парсы патшасы Кирдің басы осы сақ даласында кесілді, Александр Македонскийдің (Ескендір Зұлқарнайын) тізесіне найза осы сақ даласында қадалды. Бұл сөйлем әрбір сақ ұланын ерлікке, өрлікке тәрбиелеген. Өскелең ұрпақтарды ұлтжандылыққа баулыған.

"Халықта азық-түлік (мол болғай)". Бұл сөйлемде мемлекеттің экономикасын көтеру, елді азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету, елдің табиғи ресурстарына көңіл бөлу, жерден өнімді пайдалану т.б. идеясы жатыр.

Мемлекеттің қорғаныс қуатын арттыру үшін халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету қажет. Молшылық елдің экономикасын көтеріп, қорғаныс қуатын арттырады. Молшылық елдегі демографиялық жағдайға да оң әсер етпек. Бабаларымыз елдегі бірлік пен ынтымақты сақтауға, елде азық-түлік молшылығын жасауға, халықтың демографиялық аухалын жақсылауға құлшынған.

Бұл сөйлем Күлтегін мен Білге қағанға арналған көне түркі жазба ескерткіштерінің авторы Иолыктегінің Күлтегін ескерткішіндегі Кіші жазуындағы: "Қаған болып, жарлы халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым" деген жазуымен үндеседі.

Үш әңгімеге татитын бір-бірімен тығыз байланыса өрбіген үш сөйлемде осындай игі мақсаттар жатыр.

Қазақтың жазба әдебиетін осы үш сөйлемнен бастау елдігімізді білдіреді. Жазба әдебиетіміздің тереңдігін білдіреді. Біздің жазба әдебиетіміз осы тереңдік арқылы бүкіл дүние жүзіне танылады. "Күлтегін", "Тоныкөк", "Білге" жазба ескерткіштері де жазба әдебиетімізді толықтыра түсетіні анық. Күміс тостағандағы жазу - Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің де бастау көзі белгілі болып отыр. Себебі ежелгі сақтар заманында сақтардың жазу алфавиті болғаны ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Ендеше күміс тостағандағы жазу біз үшін тансық емес. Назар аударатын мәселе, жоғарыда айтқанымыздай күміс тостағандағы үш сөйлем - біздің жазба әдебиетіміздің бастау көзі.

Белгілі ғалым Н.Келімбетов "Қазақ әдебиеті бастаулары" деп аталатын ғылыми еңбегінде қазақ әдебиеті тарихын арғы атаегіміз сақтар мен

ғұндардан бастау қажеттігін алға тартады: "...қазақ жазба әдебиетінің бастаулары Түрік қағанаты тұсында, яғни VIII ғасырда жазылған "Күлтегін" жырында жатыр дейік. Ал, қазақтың батырлар жыры негізінен Жоңғар шапқыншылығы тұсында, яғни XVII-XVIII ғасырларда пайда болды деп жүрміз. Сонда қалай, алдымен жазба әдебиеті, сосын ерлік эпосы өмірге келді ме?

Әрине, бұл арада "қазақ" деген этноним сөздің пайда болуына ерекше мән беріп, қазақ халқының тарихын XV ғасырдан бастап жүрміз. Дегенмен біз француз, неміс, ағылшын сияқты халықтар өздерінің ауыз әдебиеті тарихын біздің жыл санауымыздан бұрынғы көне дәуірден, яғни "француз", "неміс", "ағылшын" деген сөздердің жоқ кезінен бастайтынын ескергеніміз жөн. Тіпті басқаларды есепке алмағанның өзінде өзбек, әзірбайжан, армян, грузин халықтары өз ауыз әдебиеті тарихын қадым замандардан бастайды.

Міне, осы жоғарыда айтылған ой-пікірлерді ескере отырып, біз қазақ ауыз әдебиетінің бастауларын өзіміздің арғы атаегіміз сақтар мен ғұндар дәуірінің батырлық дастандарынан бастағанымыз жөн деп білеміз..." [2].

Күміс тостағандағы жазу халық мұрасына жатады. Жазудан басқа ауыз әдебиеті үлгілерінде, ғасырдан - ғасырға жалғасып келе жатқан халық мәдениетінде қанша мұраларымыз бар? Бұл жөнінде белгілі ғалым Х.Сүйіншіәлиев "Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері" атты еңбегінде былай деп жазады: "Қазақ мәдениетінің сонау көне заманнан бері жасап, сақтап келген халықтық туындылары аз емес. Сан-салалы өлен-жыр, асыл сөз үлгілері, асқақ ән, сәнді де сазды төгілген күй-көркем өнер саласындағы халық мұрасының куәсі..." [3].

Ежелгі сақтардың жазба мәдениеті туралы ғалым Б.Тоекина салмақты пікір айтады: "...Көшпелі өмір салтымен отырықшылықты, яғни қос мәдениетті қатар ұстанған арғы ата-бабаларымыздың төл жазба мәдениеті сонау ықылым заманнан, біздің жыл санауымызға дейінгі дәуірлерде қалыптасты деуге негіз де, дәлел де бар. Отандық түркітанушылардың "VI-VIII ғасырлардағы құлпытастарға тіл бітіп, тастар сөйлей бастады" деп бөркін аспанға атқанына жарты ғасыр өтпей жатып, Алматыдан 50 шақырым жердегі Есік өзені бойындағы көне қорымнан алтын киімді сақ жауынгері мен жазуы бар күміс тостағанның табылғаны белгілі. Ыдыстағы 26 таңбадан тұратын екі жол жазу түркі жазбасының тамыры тым тереңде екенін нақты айғақтап берді. Демек, сақтардың төл жазуы б.д.д. V-IV ғасырларда-ақ қалыптасып үлгерген..." [4].

Халық ауыз әдебиеті үлгілері, халық мәдениеті мұралары өскелең ұрпақтарға қызмет ететіні сөзсіз. Ал күміс тостағандағы жазу қазақ әдебиеттану ғылымында, соның ішінде қазақтың жазба әдебиетінің олқы тұстарын толықтырады. Сақтардың 26 әріптен тұратын алфавиті бар екенін, олардың жазба әдебиеті болғанын белгілі ғалым Қ.Сартқожаұлы былай деп жазады: "...Сақтар өздерінің дүниетанымын, ой-арманын тас бетіне қашап, сызып қалдырған.

Қиял-ғажайып ертегілерін, жырларын алып-алып ұстындар бетіне бейнелеген..." [5].

Қазақ әдебиеттану ғылымының келелі мәселелерін көтеруде ғылыми конференциялар мен ғылыми тақырыптарды қамтитын дөңгелек үстелдерді жиі өткізудің пайдалы тұстары аз емес. Осындай ғылыми басқосуларда күрделі тақырыптарды талқылап, ғалымдар өз ойларында жүрген ұсыныстарын ортаға салып, әдебиетіміздің болашағына өз пікірлерімен үлес қосып жатса әдебиет туралы ойларымызды бір арнаға

**Ж.САҒЫНОВА,  
Ж.Қалдығараев атындағы  
орта мектебі.**

Маңғыстау облысы,  
Бейнеу ауданы

## **ҚАЗІРГІ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ДӘСТҮР ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ**

### **Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ балалар поэзиясы**

Балалар әдебиеті – балалар өмірінің энциклопедиясы. Ең бастысы – балалардың рухани мәдениетін байытып, туған елі мен жерін сүйуге, ата-анасын сыйлау, үлкенге құрмет көрсету, имандылыққа тәрбиелеу.

Балалар әдебиеті жас ерекшеліктеріне байланысты бірнеше салаға бөлінеді. Балаларға арналған шығармалар жасөспірімдердің ой-өрісін, сана-сезімін дамытып, оларға заман талабына сай тәлім-тәрбие беруге бағытталады.

Балалар әдебиеті – жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл-есін дамытатын, оларды адамгершілік қасиеттерге баулитын өмір оқулығы. Оның өзектілігі – мектеп жасына дейінгі балбөбектен бастап, жасөспірімдік жасқа дейінгі мектеп оқушыларына әдеби тілде жазылған қызықты шығармалар ұсынатындығымен ерекшеленеді.

Қалыптасу, даму барысында бірнеше жүз жылдықтарды қамтитын қазақ балалар әдебиетінің өз тағылымы бар, уақыт пен қоғамда болып жатқан өзгерістер, сол кездердегі идеялогиялық қағидалардың әдеби шығармаларға тигізген әсерлері бүгінгі күні біраз әдеби шығармаларға басқа қырынан қарауды талап етеді. Тарихи кезеңдердегі әр түрлі әдеби үдеріске байланысты қай шығарманы қалай оқыту керектігі жөнінде сөз ету – уақыт талабы. Өйткені балалар әдебиеті – қазақтың мәдениеті мен әдебиетінің құрамдас бір бөлігін құрайтын халықтың озық ойлы, терең де тамырлы әдебиеті.

Бүгінгі балалар поэзиясының назар аударуды қажет ететін тағы бір саласы – балалардың өздері жасаған поэзия, яғни балалардың төл поэзиясы. Бұл үлгідегі поэзияның пайда болуы ұлттық баспасөзіміздің тарихында балаларға арналған «Қазақстан пионері», «Балдырған», «Пионер» сияқты газет-журналдардың

тоғыстырар едік. Белгілі ғалым Х.Сүйіншіәлиев 1959 жылы Алматыда өткізілген ғылыми-теориялық конференция туралы, конференцияда көтерілген мәселелердің маңызы мен осы басқосудың жемісті болғанын былайша білдіреді: "Әдебиет тарихының көмескі мәселелерін айқындауда ғылыми талқылаулар ұйымдастырып отырудың да маңызы жоқ емес...Бұл конференцияда қазақ әдебиетінің келелі мәселелерін шешуге бағытталған бірқатар ұсыныстар айтылды. Ол ұсыныстар әдебиет тарихын тану ісіне пайдасын тигізіп келеді. Сөйтіп, қазақ әдебиетінің тарихы өзінің зерттеуі жағынан әлдеқайда ілгері басты. Жеке авторлардың монографияларынан басқа академиялық коллективтік зерттеулер жарық көрді. Әдебиет тарихын жасау ісі жаңа сатыға көтерілді. Бұл жерде, осы күнге дейінгі әдебиет тарихы туралы зерттеулерде қазақ әдебиетінің көне дәуіріне онша көңіл бөлінбей келгенін айта кеткен орынды..." [6].

Қазақ әдебиетінің ілкі дәуірі туралы Х.Сүйіншіәлиев былайша пікір өрбітеді: "Қазақ әдебиетінің ілкі дәуірі туралы сөз болғанда бізге қолжазба күйінде жеткен әдеби мұралармен қатар халықтың жадында жазулы хаттай сақталып келген шешен-жыраулар сөздерінің де маңызы зор болатыны ерекше ескерілуге тиіс..." [7].

Белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор М.Жолдасбеков "Егемен Қазақстан" газетінің 2012 жылғы 25 мамырдағы санында жарияланған "Күлтегін - біздің бабамыз" атты сұхбатында (сұхбатты жүргізген жазушы Болат Бодаубаев): "...Әр дәуір өзіне лайықты мәдениет, әдебиет қалыптастырған. Қазақ әдебиеті тарихының байырғы сақ, ғұн, түркі дәуірінен бастау алатынын бүгінде дәлелдеп жатудың еш қажеті жоқ..." - деп жазды. Қазақ әдебиетінің көне дәуіріне дәлел бола алатын жәдігерліктер табылды. Ол күміс тостағандағы жазу. Ендігі міндетіміз - осы жәдігерліктерді қазақ жазба әдебиетінің көне дәуіріне жатқызып, жазба әдебиетімізді ежелгі сақ дәуірінен бастау қажеттігін алға тарту. Сонда ғана қазақ әдебиетінің тарихының олқы тұстары толықтырылады.

Әдебиеттер

1 Төлеубаев Ә., Қасымбаев Ж., Қойгелдиев М., Қалиева Е., Далаева Т. "Қазақстан тарихы".- Алматы: Мектеп, 2014.

2 Келімбетов Н. "Қазақ әдебиетінің бастаулары".- Алматы: Ана тілі. 1998. 5-6, 13-б.

3 Сүйіншіәлиев Х. "Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері". - Алматы: Қазақстан. 1967.4-б.

4 Токкина Б. "Алып Ер Тоңға"-сақтардың ерлік жырының символы іспеттес", сұхбатты жүргізген: М.Серікқызы. Аңыз адам журналы. №20. 2013. 42-43-бб.

5 Сартқожаұлы Қ. "Балалар қалдырған өсиет". - Алматы: Ұлан газеті. №50. 2013.

6 Сүйіншіәлиев Х. "Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері". - Алматы: Қазақстан. 1967.9-б.

7 Сүйіншіәлиев Х. "Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері". - Алматы: Қазақстан. 1967.10-б.

### **Писменность на серебряной чашке**

Писменность на серебряной чашке найденная в Исике рядом с Золотым человеком, оценивается в статье как начало казахской писменной литературы.

### **Writing on the silver plate**

Writing on the silver plate, found in Yessik, near the Golden Man, is estimated as the beginning of the Kazakh literature.

жарық көруімен тікелей байланысты [1, 11].

Қазіргі таңдағы ұлттық балалар поэзиясы – аталмыш талаптардың қай-қайсысына да толыққанды жауап бере алатын қабілетке ие поэзия.

Қазіргі таңда балаларға арналған «Балдырған», «Айгөлек», «Бала би», «Мөлдір бұлақ», «Ақ желкен», «Ұлан» атты басылымдар жоғарыда аталған газет-журналдардың ізгі жалғасы ретінде жарық көріп келеді.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері имандылық мәселесін жырлаған өлеңдер балалар әдебиетінде жаңалық дәрежесінде айқындалады.

Әр қоғам әдебиетінің өзіне тән тақырыбы мен бағыты болады. Тәуелсіздік кезеңінде дамып, жетіліп келе жатқан бүгінгі қазақ балалар әдебиетінің бір сипаты – діни сарындағы жырлармен толығуы – бұл кезеңдегі әдебиетіміздің өзгеше бір даму сатысын көрсетеді және мұны жаңалық негізінде қарастырамыз.

Ы.Алтынсарин баланы адамгершілікке тәрбиелеудегі негізгі сара жол деп ислам дінін атайды. Досы Н.И.Ильминскийге жазған хатында оқушыларды тәрбиелеу ісі туралы ой бөлісетін тұсы мол. Соның бірінде «... оларға адамгершілік жағынан әсер етуге де бар күшімді салып жатырмын. Күлсеңіз, күле беріңіз, мен кейбір оқығудан бос уақытымда оларға ресми түрде молда болып та қоямын, сөйтіп, оларға дін тарихынан білгенімді айтып, одан басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді қосып айтамын», - деп жазады [2, 274].

Бүгінгі қазақ балалар әдебиетіндегі ислами көріністер – исламның эстетикалық дамуын әдебиетімізге сіңіре бастағанына сәтті анықтауыш болады. Қ.Төрәлі қазақ әдебиеті ислам діні келген соң, бұрынғы қарқынынан да жоғарылап дами түсті деген пікірді қолдайды. М.Әуезовтің өз сөзінде «мұсылманшылдыққа ауысқан соң, қазақ биік белден асып кеткендей болды», деген сөзін негіз етіп, «мұнда, ғаламның «мұсылманшылдыққа ауысқан соң, қазақ биік белден асып кеткендей болды», – деп, ислам діні келген соң қазақ әдебиетінің биік асулардан асып кеткенін астарлап болса да жеткізіп тұрғанын аңғару қиын емес. Батыс шығыстанушысы А.Бомбачидың «исламды қабылдамаған түркі халықтарының жазба әдебиеті өте кеш дамығанын ерекше атап өтуіме әдебиетші ғалымның ойларының арасындағы үндестік әсер етті. Себебі мұсылман түркілердің жазба мұрасы Сібір мен Алтайдағы бауырларының әдебиетіне қарағанда ерте дамыды. Әрі исламтану кезінде олар өздерінің түп негізінен ажырап қалған жоқ», – деп жазады [3, 36].

Бүгінгі қазақ балалар поэзиясының көрнекті өкілдері Өтепбергелі Ақыпбекұлы мен Ермек Өтетілеуовтың соңғы жылдарда жарық көрген шығармаларының көбі ислам дінінің

шеңберінде жазылды. Балаға тән қызықты тілмен, көркем суретімен шариғат заңдарын жеткізуге тырысқан екі автордың бұл дүниелері қазақ балалар әдебиетіндегі үлкен жаңалық. Әдетте, ислами өлеңдер дегенде, біз бұл жырлардың барлығының қайнар көзі Құран болып табылғанмен де, жақсылық пен имандылыққа үндегенімен де, қазақ әдебиетінде ұшырасып отыратын діни қисса-дастандардан мүлдем аулақ қарастырамыз. Оқиғасы араб фольклорынан алынған, ислам діні мен өзге діндердің арасындағы тартыс пен жанжал, мұсылмандардың дін жолында жасаған жорықтары мен пайғамбарлар оқиғасын арқау ететін діни қисса, дастандар мен ислам фетишін жырлайтын шығармалар біз қарастырып отырған дүниелерден отауын алыс тіккен. Ғ.Ақпанбек «Адамды Алла жаратты» аңыз поэмасында Ұлы Тәңірдің адамды еңбекпен, махаббатпен жаратқанын бала танымына түсінікті оймен, жатық тілмен жеткізген:

*Рух пен таза мөп-мөлдір*

*Нұр толтырған әлемді.*

*Жаратып Алла көгілдір*

*Жерді берді әдемі.*

*Көк күмбезде күн жүзді,*

*Ай қалқыды аспанда.*

*Жымыңдаған жұлдызды*

*Көрсетті күн батқанда.*

*Жебірейіл періште*

*Пәрмен алып Алладан,*

*Текті іздеп келісті,*

*Әрбір затты таңдаған [4, 329].*

Поэма оқиғасының өрбуі мен шешілуі де ойнақы. Ғ.Ақпанбектің «Адамды Алла жаратты» аңыз поэмасы да аты айтып тұрғандай адам баласының жаратылуы, нәсілдердің таралуы мен Жаратушы әлемді, адамды ұлы махаббатпен қоса, ұлы еңбекпен жаратқанын, еңбектің алғашқы иесі де екендігін ұғындыра келіп, ақын аңыз поэманы былайша түйіндейді:

*Дүниені жүйелеп,*

*Ғарышты Алла таратты.*

*Бар әлемге ие деп,*

*Адамзатты жаратты.*

*Мәңгі тірі, бар Рух,*

*Ол Адамның санасы.*

*Желіктіреп жел тұрып,*

*Ет пен тері арасы.*

*Топырақтың белгісі,*

*Сүйек пенен шеміршек.*

*Кімнің келсе білгісі,*

*Болмау керек еріншек [4, 331].*



Балалар поэзиясына діни сипатты жырлардың қажеттілігі қанша деген де сұрақ туындауы мүмкін. Қазақ балалар поэзиясы ұзақ жылдар бойы бала психологиясын, бала пайымын мейлінше дәл көрсетіп келді. Баланың танымы мен түсінігін ізгі мақсаттарға аударып, осы желімен тәрбиелеуге ұмтылды. Бұл тұста қаламгерлеріміз кеңестік идеяның бағыт-бағдарына жүгініп, негізгі ұлттық, гендік тамыры болған нысанасынан айырылып қалғандай еді. Ал, еліміз тәуелсіздік алып, әдебиетімізде ғасырға жетекабыл уақыт жабық жатқан ислам діні түсініктердің бой көтеруі – қазақ мәдени танымына келген үлкен рухани жаңалық деңгейінде қабылданды. Мұндай түсініктің қазақ балалар әдебиетіне да араласуы құптарлық жәйт.

Тәуелсіз әдебиет тұсында дүниеге келген жаңаша тақырыптардың бірі – наурыз мерекесіне арналады. Ұлттық мерекеміздің тойланбауы, уақытында ескерілмеуі кейінгі жас ұрпақтың өз салт-дәстүрін ұмыттыруға белең ала бастады. Жас жеткіншектерге наурыз айының берекелі ай екендігін түсіндіріп жырлайтын балалар ақындарының шығармалары жарияланды. Солардың бірі – балалар ақыны Құл-Керім Елеместің «Наурыз күнді айналды» топтамасындағы жырлары. Ақын:

*Наурыз келді – әз келді,*

*Наурызға еріп жаз келді!*

*Наурыз құтты болса екен,*

*Жерге ырыс толса екен!*

*Наурыз келді еліме,*

*Құт дарытып жеріме! –*

деп толғай келіп, балаларға «Наурыз көже» өлеңінде наурыз көженің ерекше жеті түрлі дәннен жасалатындығына назар аударады.

Қазақ әдебиетінде санамақтың сан түрлі формасы бар. Ал, Е.Өтетілеуовтің санамақты балаларға арналған діни түсінік шеңберінде жеткізуі – өзіндік жаңалық.

Ақын мұсылман баласының бес парызын санамақтың үлгісіне икемдеп, сәтті үлгі таба білген:

*«Біріншісі – Алланы*

*Бар деп, кәміл сенуі.*

*Жүрекпен құп алғаны,*

*Күдікті ойды жеңуі,*

*Екіншісі – тоқуы,*

*Көңілге дін діңгегін:*

*Бес уақыт оқуы,*

*Намазды үзбей күнбе-күн.*

*Үшіншісі – кәмет.*

*Жастан санға кіруі:*

*Әр жыл сайын бір мезет*

*Пітір-зекет беруі.*

*Төртіншісі – бойында,*

*Қуат барда боп риза,*

*Рамазан айында*

*Бір ай тұту ораза.*

*Бесіншісі – құдірет.*

*Ғұмырында бір рет.*

*Қажылыққа баруы» [5, 143].*

Ақын мұнда үлкен парыздарды баланың оңай түйсінуге, үйлесімділікпен жеткізуге назар аударады.

Балалар әдебиеті жайында балалар ақыны Қ.Баянбай былай дейді: «Балалар әдебиеті барша әдебиеттің бастауы болуы керек. Балалар әдебиетіне қатынаспаған жазушылар жақсы дүниелер тудыруы мүмкін. Бірақ балалар әдебиетін парақтамаған жазушының бір кемшілігі сезіліп тұрады. Шынында әдебиеттің қайнар бастауы, әрі балаларды әдебиетке әкелетін шығармалардың сапасыз болуға хақысы жоқ».

Қазіргі қазақ балалар әдебиеті кейіпкерлерінің бүгінгі заман адамы болуы, дамыған техника жетістіктерінің шығарма сюжеттерінде көрінуі, жаңа заманға сай маман иелерінің шығарма кейіпкеріне айналуы және тұлғалардың табиғилығы арқылы балалардың өзіндік ойлау жүйесі мен көркемдік қабылдау ерекшеліктеріне ықпал ете алуы балалар әдебиетінің даму үстінде екендігін көрсетеді.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі, тәуелсіздік идеяларынан бастау алатын Отан, туған жер ұғымдары, Астана туралы жырлар, бүгінгі күн батырлары – Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаевтар және спорт саңлақтарымыздың бейнесі, тәуелсіздікпен бірге келген құндылықтарымыз – қазақ тарихындағы батырларымыз, хандарымыз бен билеріміз, шешендеріміз секілді тұлғаларымыздың әдеби тұрғыда қайта тіріліп жырға қосылуы және ислам дінінің қайта салтанат құруына байланысты пайда болған имани жырлар – әдебиетіміздің үлкен табысы.

Әдебиеттер:

1 Өлтай А.Д. Қазақ балалар поэзиясы: генеалогия, типология, поэтикалық даму: филол. ғылымд. д-ры... дис.: 10.01.02/Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ. – Астана, 2009. – 264 б.

2 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Ғылым, 1955. -415 б.

3 Қоныс Л.Б. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ балалар лирикасы. (1991-2005): филол. ғылымд. канд... дис./Алматы, 2010. – 27 б.

4 Қазақ балалар поэмасының антологиясы / құраст.: Қажыбаева Г.К.-Алматы: Арда, 2011. – 496 б.

5 Өтетілеуұлы Е. Өсіп келе жатырмыз. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2006. -168 б.

## ЕГІНШІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ САРЫН

«Жетіссең де жер жемісін жеті аса», - дейді халық. «Қазақтар тек мал бағумен шұғылданды, жер өңдеуден хабарсыз еді, оны тек кейінгі кезде орыстан я басқадан үйренді» деу қате пікір[1.116]. Оның себебі, көшпелілер қоғамының құрылымы да өз ішінде бір-бірінен ерекшелене отырып, «таза» көшпелілер болмайды, өйткені барлық көшпелі халықтар өзін өсімдік азығымен қамтамасыз етуші отырықшылықты білген. Көшпелінің диқаншылық өнімінсіз күн көре алмайтыны мүмкін, сол сияқты диқаншылық пен қолөнершіліктің дамуы көшпелілердің сұранымына байланысты болмақ еді [2.31]. Д.М.Оспанов өзінің зерттеуінде: «Қазақстанның оңтүстік аймағындағы қазақтардың негізгі күн көріс тағамы болып саналатыны: дән тағамдарын зерттеу, сөз жоқ, «көшпелі» деп есептелген қазақтардың бір бөлігінің ертеден егіншілік мәдениетін дамытқанын зерделеуге мүмкіндік береді»-дейді[3.17]. Егіншілікпен айналысудың дәлелі боларлықтай белгілер қазақ ескілігінің өзге түрлерінен де табылады. Мысалы, халқымыз бастан кешкен талай тарихи кезеңдердің куәсі боларлық мақал-мәтелдерді алайық. Қазақта: «Тамыр тартқан тарықпас», «Берген алар, еккен орар», «Егінші мәрт, жер жомарт», «Тамырың қашса, тары ек» деген сияқты ескілікті сөздер бар. Осындағы негізгі ой – аш өзегің талып, қарның ашса, қара жерден де тамыр тартып күн көруге болады деген пікір. «Арпа-бидай ас екен, алтын-күміс тас екен» деп арпаның ас екенін білген ата-баба оның бабын тауып берген ету жағын ойлаған сияқты. «Егіннің жайын еккен білер, арбаның жайын жеккен білер», «Егін ексең тыңға ек», «Егіндікті күз суар, күз суарсаң жүз суар» - осындай мақсатта айтылған мақал-мәтелдер екеніне шүбәлануға болмайды[4.100].

Оңтүстік Қазақстан тұрғындары алғашқы егіншілік жұмыстарын көктемгі мереке – наурызды қарсы алудан бастайды. Қазақ диқаншылары егіншілікті әдеттен тыс күштің құдіреті, Тәңірдің ісі деп санаған [2.99]. Көктемгі дән шашу және бақшалық көшеттерді

отырғызу таңғы, не болмаса кешкі уақыттарда жүрген. Таңғы және кешкі уақыт жарық пен қараңғылықты байланыстыратын аралық буын. Таң алдында күннің шығуы тіршіліктің басталуын білдіреді. Сонда таңғы уақыт (мифтік) Тәңірінің тіршілікті жаратушы кезеңі. Ал кешкі уақыт өсімдіктің ыстыққа ұрынып қалуынан туындаған сияқты. Себебі ауыл қариялары күн батқан мезгілде оған дұға оқып, егіншілік жұмыстарын тоқтататыны туралы хабары кешкі егістің егілуін жоққа шығарады. «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» деп келетін мақалда Тәңірі ырыс-құт болып таңғы уақытта келетінін айтса керек[2.116]. Ерте тұруды елең-алаңнан тұру деп атайды қазақ. Елең-алаң – түн мен күннің алмасар сәтіндегі таңғы алагеуім шақ. Кешке күн батарадағы осындай сәтті де екі кештің арасы немесе апақ-сапақ кез деп атайды. Түн мен күннің, яғни тымырсық пен тіршіліктің ауысу кезіндегі осы сәтте жын-перілер сияқты зиянкес, қаскөй күштер мен өмір-тіршілік таласқа түседі дейді халық наным-сенімі. Сондықтан, осы мезгілдерде дәстүрлі орта қалыптастырған түсінік бойынша адамдардың ұйқыда емес ояңған болуын, яғни «таңмен таласа тұруды» дәріптейді[5.35]. Наурыз мейрамының ерекшелігі – табиғат құбылыстарын бақылаудан туған. Бұл мәдениеттің алғы шарты болған – егіншілік кәсіптің дамуына керекті алғы шарт болды[3.104].

Наурыз – тұрмыс, шаруашылық мейрамы. Қазақтар наурызды жыл басы ретінде өгіздің басын асататын екен. Өгіз отырықшылық кезеңдегі негізгі культтың бірі болып табылады. Қазақтар Күн туралы: «Түске дейін көк өгізге мінеді, түстен кейін Күн көк жорғаға мінеді», - дейді екен. Демек, төрт түліктің бірі – жылқы – соғыс тотемі, яғни көшпелілік символы болса, өгіз – диқаншылық тотемі, отырықшылықтың символы болып шығады [2.120, 131, 147]. «Ұста кетпенімен, диқан сепкенімен» демекші ұсталықтың пірі – Дәуіт болса, егінге пайдаланатын соқаның, кетпеннің, орақтың, т.б. заттардың иесі – «Егіншінің пірі – Диқан ата». С.П.Толстов: «Патша сонымен қатар абыз ретінде де есептелген... Егер қоғамдағы ең төменгі деңгейдегі құлдар мен жартылай құлдықта жүрген «кедейлер» десек, онда қожалық етуші ірі жер иелері өзінің егістік жерін өңдеуге осы құлдар мен кедейлерді пайдаланған аксүйектер. Осы аксүйектердің өкілі «диқан» деп аталған, бұл атау орта ғасырларда қазіргі «шаруа» деген мағынаға ие болды», - дейді [6.84]. Ал Геродот скифтерді: егінші, отырықшы, көшпелі және патшалық иесі деп төртке бөледі. Аспаннан түскен төрт затты осы төрт тайпамен салыстырып, олардың арасында таптық айырмашылық, тектік тұқым қуалаушылық болған деседі.

Ж.О.Артықбаевтың пікірінше: Көктен түскен алтын заттар қоғамның күрделі әлеуметтік құрылымының айғағы болса керек. Мәселен – мойынтұрық пен соқа – егіншілікті, айбалта – әскерді, тостаған – бақташылықты. Бұл символдар қазақ арасындағы ішінара бөліну тәртібін түсіндіретін – қамшы, қауға, найза дәйектеріне ұқсас[7.59].

Қазақ даласында рулық меншіктің даму барысы біркелкі емес еді. Жайылымдар мен шабындық жерлер рулық қауымның меншігі болды. Арық қазу, тазарту жұмыстарында бірнеше атаның балалары не болмаса рулардың бірігіп еңбектенуі «асар» деп аталды [2.81]. «Егін ексең шығырыңды майла, мал өсірсең қонысыңды сайла» дегендей байырғы кезде егін егер қауым егіске дайындықпен, қажетті құралдарын сайлап кіріскен. Шығыр – ағаштан жасалған бірнеше дөңгелектен тұратын, су тартатын қондырғы құрал[5.15]. Ұрпақтың өсіп-өніп көбеюінің негізінде бірнеше жаңа буынның қалыптасатындығын білдіретін «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан», -деген мақал бар. Ол төрт-бес буыннан соң өз алдына шаруашылық көтерген, дербес өріс-қонысы бар елге айнала бастайтынын меңзесе керек. «Жүз жылда қазан» дейтіні – ескі көзден кім қалды дейсің. Ескі орнын тауып, жаңа ұрпақ салтанат құрады екен[5.38]. Бұл туралы егіншілікке байланысты әдет-ғұрыптарды зерттеген Б.Ә.Алтаевтың дерегі бойынша: Аспан жұлдыздарының бірі – Қамбар. Бұл жұлдыз күз айларында туып көктем айында батып кетеді. Қамбар жұлдызы көкте аймен бес рет кездеседі. Алғашқы кездесуі қазан айында болады. Осы уақыт кезеңінде күздің – терім мерекесі – сабантойды атап өтеді. Күн бұл айда мизамда болады да, жаз кезегін күзге береді. Қазақ егіншілерінде осы мизам айын «қазан» деп атауы кездеседі. Бұл кездің белгісі ағаштың жапырақтары түсіп, өсімдіктер уақытша тіршілігін тоқтатады. Егер де пісіп үлгермеген егін болса, оған қырау түсіп үсіп кетеді. Осындай кезде егінді «қазан ұрды» дейді. Ирандықтарда қазан айы – Мейір айы деп аталады. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» деген сөз ирандықтардың Захактың / аждаһа патша/ әділетсіздігі мен ездігінен құтылған соң, Мейірган /21-мейір айы – қазан/ мерекесі ретінде атап өтуден қалса керек.

Сүмбіле жұлдызы туған кезде, шөп, егін пісіп, малдың семіре бастайтын шағы. «Таразы туса таң суыр, сүмбіле туса су суыр» деген сөз бар. Мұнда Таразыдан кейін сүмбіле туатыны, таразы туғанда шілде бітіп, күздің нышаны көрінеді. Сүмбіленің тұсында бидай үсіп кетуі мүмкін. Сондықтан да сүмбіленің суығына соқтырмай жиын-терімді тез жинап алуға асығады. «Сүмбіле туса, сұмырай қатын ұйықтайды» дегені әйелдердің шаруаға

қырсыздығын байқатады[2.168].

«Егін жақсы шықса, халыққа үлкен алапа»дейді халық. Осындағы алапа атауы кейде «олжа, пайда, табыс», «пара, алым, ауыз бастырық» деген мағыналарда қолданылады. Қазақ хандығы кезінде мемлекет қызметіндегі адамдардың аттарын күтіп ұстауға бөлінетін қаражат ретінде қолданылған сөз. Ерте заманда жаудан түсетін олжа алапай деп аталған[8.148]. Қазақта «Мал – баққандікі, жер – жыртқандікі», «Бақташы малын бағады, бақшашы бауын бағады», «Көктемде жерге түскен бір дән, күзгі күнгі мың дән», «Атасы жер жырта білмегеннің, баласы тұқым себе білмейді», т.б. мақал-мәтелдер жетерлік. Демек, қорытындылайтын болсақ, егіншілік саласына да қатысты этнографиялық ұғымдардың қазақтың төл мақал-мәтелдерінде кездесуі заңды құбылыс.

#### Резюме

В этой статье говорится об этнографических мотивах в земледелии, переданных посредством пословиц и поговорок.

Ключевые слова: земледелие, орошение, посев, жать, косить, быт, ячмень, пшеница, просо, хозяйство.

#### Summary

This article tells about ethnography motives in Kazakh people's proverbs and saying connected with agriculture.

Key words: farming, irrigation, sowing, reap, mow, mode/way of life, barley, wheat, millet, economy.

#### Әдебиеттер:

1 Қалиев С., Оразаев М, Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері.-Алматы: «Рауан», 1994.-224б.

2 Алтаев Б.Ә. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Дисс.тарих ғ.к.-Алматы, 1994.

3 Оспанов Д.М. Қазақстанның оңтүстік аймағындағы қазақтардың дәннен жасалған ұлттық тағамдары. (XIX ғ.аяғынан қ.д.). Тарих ғ.к.дисс. –Алматы, 1997.

4 Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы.- Алматы, 1983.

5 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. II том: -Алматы, 2012 .

6 Толстов С.П. Города гузов.//СЭ. -1947. №3.

7 Артықбаев Ж.О. Қазақ этнографиясы: этнос және қоғам. XVIII ғ. –Қарағанды, 1995.

8 Айтмұқашова А.А. Ғұрыптық фольклор лексикасы: идиотникалық семантика. филол.ғ.к.дисс. –Алматы, 2007.

**Ж.МАМЫТБЕКОВА,**  
**Болтай батыр атындағы**  
**шағын орталықты**  
**орта мектебі.**  
Жамбыл облысы,  
Т.Рысқұлов ауданы

## **5-6-СЫНЫПТАРДА САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ**

Білім жүйесінде қолданылып жүрген көптеген технологиялар бар. Кез келген технологияның нәтижесі – оқушының сапалы білім алуы, шығармашылық деңгейінің жоғары сатыға жетуі арқылы өлшенеді десек, қандай технология болмасын, ол біздің ұлттық менталитетімізден алшақ болмауы керек.

Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психологиялық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру.

XXI ғасырдың маманы – жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жан-дүниесі бай, ұлттық менталитеті жоғары, кәсіби білікті маман, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген жағдайдан шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс.

Осы орайда айта кететін бір жайт, әр оқушының шығармашылық қабілеттері тек оның жеке басының туа біткен қабілеттеріне ғана емес, сондай-ақ оны тәрбиелеп отырған қоғамдық ортасының тарихи қалыптасқан дәстүрлі ұлтының дүниетанымына да байланысты.

Бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, бар күш-жігерімізді ұлттық мектептердің білім сапасын арттыру үшін жұмылдыруымыз керек. Ол үшін оқу-тәрбие үрдісінің сапасын

арттыратын жаңа технологиялар, әдіс-тәсілдер қажет-ақ.

Жас ұрпақты осындай азамат етіп тәрбиелеу үшін оқу үрдісіне көптеген өзгерістер енгізілуде. Осындай үлкен өзгерістің бірі де бірегейі – сатылай кешенді талдау технологиясы.

Сатылай кешенді талдау дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Сатылай кешенді талдау оқушыларға қазақ тілі ғылымының мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын, сөйлеу тілінің байлығын және әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырады. Сатылай кешенді талдау технологиясының басты қағидаларының бірі – жоғары қиындықта оқыту.

Сатылай кешенді талдау – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар баланың жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған оқытудың түрі.

Сатылай кешенді талдауда баланың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып, оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

«Сатылай кешенді талдау – ұлттық құндылықтарымызды бағалай білуге, оның білім көкжиегінде кең таралуына ықпал етіп, күнделікті өмірде қолдану аясын жақсартуға бағыттайтын оқыту», - дейді осы технология авторы Н.А.Оразахынова. автор одан ары қарай талдаудың жетістіктерін саралай келіп, сатылай кешенді талдау технологиясының ерекшеліктерін былай көрсетеді:

«Тілдік материалдарды сатылай кешенді талдай меңгеру арқылы оқушылар:

- Тілдің әр саласы байынша теориялық материалды ғылыми түрде терең меңгереді;

- Әр сала бойынша сатылай кешенді талдаудың жүйесін басшылыққа ала отырып ауызша және жазбаша баяндау дағдысы қалыптасады;

- Тілдік тұлғалардың атқаратын қызметін, беретін грамматикалық мағыналарын саналы түрде толық ажырата алады;

- Тілдік талдау жүргізу барысында қажетті білімді еске түсіре отырып, пәнішілік байланысты жүзеге асырады;

- Талдау объектісіне қажетті материал жинау үшін көркем шығармалардан мысалдар жинап, оны сұрыптауға дағдыланады;

- Жазба жұмыстарын сауатты жазуға, сөйлемдерді стильдік тұрғыдан дұрыс әрі көркем жазуға машықтанады». Осындай ерекшеліктері бар сатылай кешенді талдаудың оқыту тиімділігіне әсері қандай деген заңды сұрақ туындайды. Бұл сұраққа өзіміз атқарып жүрген жұмыстарды талдай отырып жауап бергіміз келеді.

Сатылай кешенді талдаумен мен 2003-2004 оқу жылынан бастап жұмыс істеп келемін. Бұл талдауды 2-сыныптан бастап жүргізуге болады. Ал мен 5-сыныптан бастадым. 5-сынып материалдарын, яғни «Фонетика» курсын бастаған кезде осы талдаумен бастаймыз. Талдауды үйрету барысында оқу материалдарын меңгерте отырып, оқушыларға қиындық тудырмау үшін әр сағы бойынша жеке-жеке талдауды үйретеміз. Талдау үшін белгілі ақын-жазушылар шығармасынан үзінді аламыз:


*Теңіздің жұтып мен демін,  
Шыбықтан өсіп өнгенмін.  
«Қосаралдың» бойында  
Жапырақ жайып гүлдедім.*

### Жапырақтар

1. Бұл сөз айтылу, жасалу, жазылу жолдарына қарай – жуан буынды сөз. Себебі, сөздің құрамындағы дауысты дыбыстар – жуан дауыстылар.
2. Бұл сөз *жа – ны – рақ – тар* болып төрт буынға бөлінеді. Себебі сөздің құрамында төрт дауысты дыбыс бар. - *Жа*, - *ны* буындары – ашық буындар. Себебі буындар дауыссыз дыбыстардан басталып, дауысты дыбыстарға аяқталып тұр. - *Рақ*, - *тар* буындары бітеу буындар. Себебі, буындар дауыссыз дыбыстардан басталып, дауыссыз дыбыстарға аяқталып тұр.
3. Бұл сөз *жа – ны – рақ – тар* деп тасымалданады. Себебі, сөзде төрт буын бар немесе сөз буын жігіне сай тасымалданған.
4. Қазақ тілінде сөз екпінінің орны біршама тұрақты. Сөзге қосымша жалғанған сайын сөз екпіні сөздің соңғы буынына қарай ығысып отырады. Сондықтан бұл сөздегі сөз екпіні сөздің - *тар* буынындағы *а* дауысты дыбысына түсіп тұр.
5. Сөз түбір мен қосымшаның арасында буын үндестігі бар. Түбір сөздің соңғы буыны – *рақ* жуан болғандықтан оған жалғанатын қосымшаның да жуан нұсқасы келіп тұр. Сондықтан біз оның – *рек* жінішке нұсқасын алмаймыз.
6. Сөзде түбір мен қосымшаның арасында дыбыс үндестігі және ілгерінді ықпал бар. Түбірдің соңғы дыбысы *қ* қатаң болғандықтан өзіне жалғанатын қосымшаның да алғашқы дыбысының *т* қатаңнан басталуын талап етіп тұр. Сондықтан біз оның –*дар* ұяңнан, -*лар* үндіден басталатын нұсқаларын алмаймыз.

Оқушылар талдауды толық үйреніп алғаннан кейін қысқаша талдап үйренеміз. Оның үлгісі төмендегі талдаудан көрсетілген.

Фонологиялық талдаудың қысқаша талдау үлгісі.



Бұдан кейін дыбыстарды үйрену үшін дыбыстарға математикалық тәсілдермен дыбыстарды үйрену үшін оларға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме береміз. Оның үлгісі төмендегідей:

Берілгені: *Ізгілікті* сөзінде қанша дыбыс бар, оның нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз?

Берілгені:  $Iзгілікті = 0 = \frac{\square}{\triangle} = ?$

Шешуі: *Ізгілікті* сөзінде тоғыз дыбыс бар. Оның төртеуі – олар: 4і – дауысты дыбыстар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында ешбір кедергіге ұшырамай, ауа еркін шығады. Бесеуі – олар – олар: з, г, л, к, т - дауыссыз дыбыстар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында түрлі кедергілерге ұшырап, ауа қысылып шығады.

Шешуі:  $Iзгілікті = 9_0 = \frac{4 \square (4i) \text{ дауысты } 0 \square}{5 \triangle (з, г, л, к, т) \text{ дауыссыз}}$

$\square$  - дауысты дыбыстар

а) Тілдің қатысына қарай төрт дауысты дыбыстың төртеуі де – олар: 4і – тіл алды немесе жінішке дауысты дыбыстар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда тілдің ұшы сәл алға қарай созылып, үсті сәл төмендейді.

$4 \frac{\square}{\square} = \frac{0 \square /}{4 \square (4i) \text{ тіл алды немесе жінішке } \square}$  ;

ә) жақтың ашылу дәрежесіне қарай төрт дауысты дыбыстың төртеуі де, олар – 4і – қысаң. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда жақ тар ашылып, ауа қысылып шығады.

$$4 \square = \frac{0 \square /}{4 \square (4i) \text{ қысаң} \square};$$

б) ерін мен езудің қатысына қарай төрт дауысты дыбыстың төртеуі де, олар: 4і – езулік дауыстылар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда ерін екі жаққа қарай тартылып, езу жиырылады. Сөзде еріндік дауыстылар жоқ.

$$4 \square = \frac{0 \square /}{4 \square (4i) \text{ езулік} \square};$$

△ -дауыссыз дыбыстар.

а) Үн мен салдырдың қатысына қарай бес дауыссыз дыбыстың екеуі – олар: *к, т* – қатаң дауыссыздар. Себебі, бұл дыбыстар тек салдырдан тұр. Біреуі, ол: *л* – үнді дауыссыз. Себебі, бұл дыбысты айтқанда салдырдан гөрі үн басым. Екеуі, олар: *з, з* – ұяң дауыссыздар. Себебі, бұл дыбыстарда үннен гөрі салдыр басым.

$$5 = \triangle \frac{2 \triangle (к,т) \text{ қатаң} \triangle + 2 \triangle (з,г) \text{ ұяң} \triangle}{1 \triangle (л) \text{ үнді} \triangle};$$

ә) Айтылу, жасалу тәсіліне қарай бес дауыссыз дыбыстың екеуі – олар: *к, т* – шұғыл дауыссыздар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне қатты соқтығысып, ауа кілт үзіліп, шұғыл шығады. Екеуі – олар: *з, з* – ызың дауыссыздары. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне жуысып, ауа сүзіліп шығады. Біреуі – ол: *л* – ауыз жолды. Себебі, бұл дыбысты айтқанда ауа ауыз арқылы шығады.

$$5 \triangle = \frac{2 \triangle (к,т) \text{ шұғыл} \triangle + 2 \triangle (з,г) \text{ ызың} \triangle}{0 \triangle + 1 \triangle (л) \text{ ауыз жолды} \triangle + \emptyset \triangle};$$

б) Жасалу орны мен дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай бес дауыссыз дыбыстың екеуі – олар: *х, қ* – тіл арты дауыссыздары; біреуі – ол: *т* – тіл мен тіс дауыссызы; үшеуі – олар: *л* – тіл алды дауыссыздары; біреуі – ол: *з* – тіс дауыссызы.

$5 = 3$  (*х, қ*) тіл арты +  $1$  (*т*) тіл мен тіс +  $3$  (*л, р, н*) тіл алды +  $1$  (*м*) ерін

Сөздерді сөз құрамына, лексика-грамматикалық тұлғасына қарай талдау төмендегі үлгі бойынша жүргізіледі:

*Асыл бейнең мәңгіге кетер үлгі,*

*Сен үйреттің сүюді мекенімді.*

*Тауға ентігіп шыққанда ең алдымен*

*Саған арнап үземін жеке гүлді.*

**Тауға**

1. Бұл сөз екі құрамнан тұр: *тау* + *ға*.

2. Тұлғасына қарай – *тау* – негізгі. Себебі сөздің ары қарай бөлшектенбейтін мағына беретін бөлігі.
3. Құрылысына қарай – дара. Себебі, бір ғана негізгі түбірден тұр.
4. Сөзде бір лексикалық, екі грамматикалық мағына бар.
5. Лексикалық мағынасы – табиғаттың бір бөлшегіне берілген атау.
6. Бірінші грамматикалық мағынасы лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық категориялық мағына.
7. Екінші грамматикалық мағынасы – *ға* барыс септігінің жалғауы арқылы берілген категориялық грамматикалық мағына – жанама объектілік мағына.
8. *Тауға* – неге? деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл – зат есім. Зат есім дегеніміз кім? не? кімдер? нелер? деген сұраққа жауап беріп, заттың аты-жөнін, иесін білдіретін сөз табы.

9. Мағынасына қарай:

а) жалпы, себебі біркелкі заттардың жалпылай атауы;

ә) жансыз, себебі тіршілік иесі емес;

б) деректі, себебі көзбен көріп, қолмен ұстап тануға боларлықтай зат атауы;

в) нақты, себебі деректі болған заттың барлығы нақты болады.

Бұл кездегі ең бірінші жетістігіміз, ең бір ұтатынымыз – уақыт. Егер 5-сыныптың оқу бағдарламасында «Фонетика» мен «Лексика» тарауын 15 сағат өтсек, ал сатылай кешенді талдау бойынша бұл тарауларды 6 сағатта меңгертіп шығаруға болады.

Екінші бір жетістігіміз – теориялық материалдарды ғылыми түрде меңгеретініміз. Күнделікті оқу барысында оқушылар жалаң ережені жаттап алып, мысалдар келтірумен ғана шектелсе, талдау кезінде әр теорияны ғылыми түрде дәлелдей отырып, жан-жақты талдау жасайды, яғни оны басқа пәндермен байланыстыра айтады. Осы кезде пәнаралық байланыс және кері байланыс туындайды.

Үшінші жетістік – оқушылардың тіл байлығының дамуы, сөз мәдениетінің жетілуі. Мұғалім оқушыға ұлы ғұламалар еңбегінен, ақын-жазушылар шығармаларынан жақсылыққа, адамдыққа, еңбекқорлыққа үндейтін үзінділер тауып келуге тапсырма береді. Сатылай кешенді талдау жасау үшін жалаң сөйлем алумен ғана шектелмей, лексикалық материалдарды іздестіру барысында, ізденіс жұмыстары кезінде өзіне керекті көптеген мағлұматтармен қаруланады. Сөйтіп оқушының дүниетанымы кеңейеді, айнала қоршаған ортаға деген көзқарасы өзгереді, адамдармен қарым-қатынасы басқаша түрде дамиды, жамандықтан жиреніп, жақсылық жасауға ұмтылады, ізгілік қасиеті қалыптасады.

Төртінші жетістік – берілген 45 минутты ұтымды пайдаланатынымыз. Егер бұрын осы уақыт ішінде үш-бес баладан ғана сұрап үлгерсек, бұл талдау кезінде кем дегенде 8-10 баладан сұрап үлгереміз.

## **МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТАЛАБЫ**

*Қандай мектептің болсын  
басты нысаны-оқушыларға сапалы  
білім, сапалы тәрбие беріп, оларды  
білімді, еңбекшіл етіп тәрбиелеу.*  
**А.Байтұрсынұлы.**

Бүгінде егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып әлемге жар салып жатқан дүбірлі кезеңде жаныңа сүйеу, рухыңа тіреу болатын басты мәселенің бірі-тіл. Тіл-көне мұрамыз, келер ғасырға аманат етілген, келешегіміздің мәні мен маңызы. Сондықтан да біз сан ғасыр жүрегімізге нәр берген ана тіліміздің қадір-қасиетін бағалай білетін, дамытуға қабілетті ұрпақты тәрбиелеуге міндеттіміз.

Бүгінгі таңда Елбасымыз: «Еліміздің ертеңі, жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында», деп үлкен жауапкершілікті міндеттеп отыр. [1]

Бүгінгі заман талабының қажеттілігі – өзіндік ой-пікірі бар, шығармашылық, зерттеушілік қабілеті жоғары, өзіндік көзқарасы мен пікірін жеткізе білетін, өзінің іс-әрекетін бағалай алатын шәкірт тәрбиелеу. Елбасымыз «Мәңгілік ел» атты бағдарламасында «Қазақстан бүкіләлемдік үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуы тиіс. Оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үрдісіне пайдалана білуге де үйретуі тиіс» деп айтқан еді. [1] Оны біз мектептен бастап жүзеге асырсақ, қорытындысы нәтижелі болар еді деп ойлаймын. Қазіргі кезде мұғалімдерге «Оқушыларға ХХІ ғасырда нені оқыту керек? Қалай оқыту керек?» деген маңызды мәселе қойылып отыр. [3]

Күтілетін нәтижеге қалай қол жеткізуге болады деген мәселе мені де ойландырады.

«Баланың ынтасын арттыру үшін оқытылатын нәрседе бір жаңалық болуы керек» деп Ж.Аймауытов айтып кеткендей, оқушы үшін әрбір сабақ түрлі ақпарат беретін, жаңаша көзқарас қалыптастыратын оқу үрдісі болғаны жөн. [2] Ал оқу үрдісі жана әдіс-тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді.

Бүгінгі таңда қазақ тілін оқытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Менің мақсатым-қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабақтарымда белсенді стратегияларды қолдану арқылы білім сапасын арттыру, оқушының тілге деген сезімін ояту. Сондықтан да мен ұстаз ретінде ана тіліміздің құдіретін бала жүрегіне жеткізіп, жан жүрегіне әсер етіп оқытуға тырысамын. Менің оқушыларым сөзді жалаң қолданудан алшақтап, айшықты сөздерді әсерлеп сөйлеуге төселіп қалды. Осы жерде айта кетерім, әдеби тілдің стильдік түрлерінің алғашқы түсініктерін де меңгерттім. Мен әр сабақта мәселелік оқыту әдістемесін тиімді пайдаланамын. Бұл әдістеме оқушылардың ойлануына, салыстыра білуге, жинақтауға, жүйелеуге, қорытындылауға, негізгі ойды анықтауға мүмкіндік береді.

Сөзіме дәлел ретінде 8-сыныпта өткен қазақ тілі сабағымның I сағатының эзирлемесін ұсынамын.

Тақырыбы: Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі.

Мақсаты: а) Тілдің ұлттық құндылықтарын анықтап, кеңінен, жан-жақты ашып дәлелдеу.

ә) Сұрақ-жауап, дәлелдеу, кеңейту, эссе, мысал арқылы дамыту.

б) Ана тілін қадірлеп, қастерлеуге, терең ұға білуге, таза, мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу.

Сабақтың барысы: I Ұйымдастыру (қызығушылығын ояту)

II. Мағынаны ашу.

III. Ой-толғаныс. Көрнекілігі: суреттер, кима қағаздар, электронды оқулық.

Түрі: дәстүрлі сабақ.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, табиғаттану, адам және қоғам.

Жаңа сабақ: қызығушылығын оятуға арналған логикалық жұмыс.

Үй тапсырмасын еске түсіру сұрақтары.

1. Дамыған тілдің негізгі белгілері не? (сөз байлығы)

2. Үшендік (триадалық) жүйе құрамы? (бейтарап, кітаби, сөйлеу)

3. Сөздің алуан түрлілігі сөзде нені көрсетеді?

Әдеби тіл (кітаби тіл, сөз сөйлеу тілі) стиль түрлерін.

4. Қазақ тілі қандай тіл? Байырғы әдеби тіл (жыраулар әдебиеті), шағатай тілі, ескі кітаби тіл.

1. Дәлелдеу. Сұлу, көркем, келбетті, кескінді, реңді, арайлы, шырайлы, жүзді.

2. Жалпыхалықтық қазақ тілінің түрлері:

Қазақ тілі “өз буына өзі семіріп, өз қазанында ғана қайнаған тіл емес”. Оның өзге де ұлт тілдерімен алыс-берісі бар.

3. Қазақ тілінің қолданысына кірген сөздер немесе сөз

құрамы. Жеке-жеке мысал келтіру.

4. Әдеби тіл мен жалпыхалықтық тілдің дамуы үшін тіл қандай болу керек? (шұрайлы, түсінікті, икемді, өткір, ішкі қуаты мықты).

2. “Тұғыр” деген сөзді түсіндір. (орныққан жер немесе тұғырына тігілді)

3. Үш тұғырлы тілге қандай тілдер кіреді? (қазақ, орыс, ағылшын).

Кім айтты?

*Ана тілің-арың бұл,*

*Ұятың боп тұр бетте.*

*Өзге тілдің бәрін біл,*

*Өз тіліңді құрметте.*

Әр заманда бағасы жойылмайтын,

бір үлкен қымбат қазына боп табы-

латын ғылыми әдебиет жанры

жасалады.

Аудару:

қазақша

орысша

ағылшынша

тіл

язык

language

Отан

Родина

otherland

жер

земля

Earth

білім

знание

knowledge

Тілге қатысты аңыздар:

Басқа пәле неден? (Сырымның жауабы).

Пысықтау сұрақтары:

1. Тілді жасаушы кімдер?

2. Үш тұғырлы тіл неге қажет?

Үйге тапсырма беру.

“Тілін жоғалтқан ұлт (этнос) тағдыры” тақырыбына эссе жазу.

Қорыта келе айтарым, заманымыздың заңғар жазушысы М.О.Әуезовтің «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе-білім» деген даналық сөзін көңілімізге түйіп, білім саласына отандық және әлемдік оқыту үрдісіндегі жаңалықтарды ұлттық мүддеге негіздеп енгізуде оқытушылар жаңа технологияларды білуге және өздерінің іс-тәжірибелерінде қолдануы тиіс.

Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Білім кеңістігінде болып жатқан өзгерістерге жаңашыл көзқараспен қарау – әр мұғалімнің педагогикалық міндеті деп ойлаймын. Мұғалім еңбегі оқушы білімімен өлшенеді. Мұғалім үшін баға құнды емес, бала құнды. Сондықтан да «Мәңгілік ел» болу жолындағы игілікті істеріміз арта берсін!

Әдебиеттер:

1 Назарбаев Н.Ә «Қазақстан – 2050» Жолдауы. Астана, 2014.

2 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. V том. -Алматы: Ғылым, 1999.

3 Оқыту мен оқудың белсенді әдістері. - Астана, 2013.

**Н.ҮМБЕТАЛИЕВА,**

**Б.Қаратаев атындағы Саралжын  
жалпы орта білім беретін мектебі.**

Батыс Қазақстан облысы,

Қаратөбе ауданы,

Қарақамыс ауылы

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ПЕН ОРТА БУЫННЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ**

Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісіне пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтық мақсат мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне қарай таңдап алады.

Қазіргі таңда сапалы білім беру мәселесі қоғамды толғандырып отыр. Өйткені қарыштап дамып келе жатқан технологиялық прогресс кезеңінде өскелең ұрпақтың білім деңгейі заманауи талапқа сай болуы қажет.

Сол себепті ұстаздар әр сабағын сапалы түрде ұйымдастырып, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білуі шарт. Мектепте алған білімін өмірде қолдана алатындай етіп, сабақты құру мұғалімдерден шығармашылық ізденісті талап етеді. Шебер ұстаз бастауыш сынып пен орта буынның арасындағы байланысты нығайту мақсатында әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданса нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Буын сабақтастығының мақсаты-білім алуға, оқу мазмұнына тұрақты қызығушылық тудыру. Болашақта ғылыми білім жүйесін саналы игеруді қамтамасыз ететін ойлау түрлерін дамыту. Оқу материалын өз бетінше бағдарлай білу, алғы шарттарын қалыптастыру, бірінші сатыдағы оқыту, оқушылардың білімін, аралық бақылаумен және оқу жетістіктерін ішінара мониторингтік бағалаумен аяқталады. Екінші саты-негізгі жалпы білім беру, осы сатыда әрбір пәннің мазмұны негізгі базалық білім беру көлемінде қисынды түрде енеді.

Бастауыш сыныпта оқушылар негізінен үй тапсырмаларын



қысқаша ғана, жеке-жеке ұғымдар мен түсініктерді үздік-үздік етіп баяндауға, ойларын жетекші сұрақтарға жауап беру арқылы жеткізіп беруге дағдыланса, 5-сыныпта олардан өз ойын бір-біріне байланыстыра баяндап шығу талап етіледі. Пән мұғалімдері бастауыш сыныптың сабағына кіре қалғанның өзінде мұғалімнің жұмыс әдісіне көңіл бөлгені жөн. Буын аралық сабақтастықты жүйелі түрде жүргізу қазіргі кезеңде жан-жақты білім беруге бағытталады.

Оқытудың маңызды факторы оқушының тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруді түсінуі мен бағалау алуы болып табылады. Өзім сабақ беріп жүрген сыныпта топтық, жұптық жұмыс түрлерін көп пайдаланамын. Мұндай тәсіл оқу үдерісіне оқушының өзінің де қатысуын талап етеді. Оқушы мұндай жауапкершілікті көбіне сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп қабылдайды. Оқушылар жұпта немесе топтарда жұмыс істегенде мұғалім оқушы қызметінде жұмыс атқарып, өзіндік ой тұжырымдамаларын білдіреді. 5-сыныпта қазақ тілі мен әдебиетін меңгертуде төмендегідей әдістерді қолдануда оқушылардың білімге деген, сабаққа деген қызығушылықтарын байқадым.

#### **«Тыңдап отырған үштік» әдісі.**

Мақсаты: әңгіме тақырыбының тұжырымдамасын және түсінуді дамытатын ақпарат алуға арналған құрылымдалған жаттығу. Сондай-ақ бақылаушы рөлі арқылы өзін-өзі сараптауды дамытуға ықпал етеді. Оқушылар топта үшеуден отырады. Әр оқушы сөйлеуші, сұрақ қоюшы және жазып алушы рөлін атқарады. Сөйлеуші тақырыпты айтады, сұрақты түсіндіреді. Сұрақ қоюшы пікірін білдіреді. Жазып алушы қажетті жерлерін түртіп, алып әңгіме соңында қорытынды береді.

#### **«Стикерлермен диалог» әдісі.**

Мақсаты: көпшілік алдында талқылау, көпшілік алдында сөз сөйлеудің қажеті жоқ, визуалды және тыңдау элементтері, талқылауға елеулі нәрсе болғаны жақсы. Түрлі әдістері көп – қалам, қағазын алып және онда сұрақтар немесе мақұлдауларды жазып қоюға болады, ал оқушылар оқып түсіндірулерін жазады; 3/4/5 адамнан құралған топтар стикердегі сұрақтарға жауап беріп немесе түсіндіріп кейін бөлісіп, талқылап, таныстырулары керек.

#### **«Сұрақтар шеңбері» әдісі.**

Мақсаты: идеяларды білдіру, тыңдау машықтарын дамыту. Оқыту ортасын түзету. Бұл әдіс бойынша оқушылар кезекпен

сұрақ қояды. Оқушылар 4 немесе 5 адамнан шеңберлер құрады. Тақырып және ойлануға біршама уақыт беріңіз. Сосын талқылауды бастаңыздар, әр оқушы 3 минут үзбей сөйлейді. Барлығы айтарын айтып болғаннан кейін шағын топ үшін және ортақ талқылау үшін тақырыпты ашыңыз. Оқушы сөзін өз ойымен емес алдында айтып кеткен оқушының айтқанымен құру керек, сондай-ақ олар жаңа идеялар келтірмеу керек.

#### **«Қар үйіндісі» әдісі.**

Мақсаты: келіссөздерді, бірге алаң болу және негіздеуді қолдануға көмектеседі. Біріншіден, оқушылар жеке жауап берулері керек кейін жұбы ақылдасып, олардың екі жауабын бір жауап етіп үйлестіреді. Кейін жұптар басқа жұптармен бірігіп, үдерісті қайталайды. Осылайша 4 жауап 1 жауап болып біріктіріледі.

#### **«ТВ шоу» әдісі.**

Мақсаты: көптеген сөйлеу мен тыңдау оқушылар үшін жеңіл болуы мүмкін, бірақ ой тиянақты салыстырмалы болады. Мұғалім жүргізуші оқушылармен, түрлі кейіпкерлермен сөйлескенде тақырыпты талқылайды. Аудитория сұрақтар қояды, талқылауға қатысады.

#### **«Айналмалы бекеттер» әдісі.**

Мақсаты: басқа біреулердің идеяларын құру, тақырыпты немесе сұрақты белсенді дайындау, талқылау. Әр шағын топты бекетке орналастырып, сұрақты талқылауға және ойларын қағазға немесе тақтаға жазуға 10 минут беріңіз. Уақыт аяқталғанда топ басқа бекетке ауысып, алдағы топтың жұмысын жалғастырады. Ауысу әр 10 минут сайын болап тұрады. Әр топ барлық позицияларда болып шыққанға және барлық топтардың ойларын ойлап шыққанға дейін жалғаса береді.

#### **«Ақылды үкілер» әдістемесі.**

Мақсаты: сөздік қорлары дамиды, алфавиттік қатарды жатқа біледі. Оқушылар мәтіннен басты, жаңа ұғымдарды тауып, оларды алфавиттік қатар бойынша жазады. Мәтіннен бастапқы ойға қайшы келетін, күтпеген сөйлемдерді таңдап алады. Оқушылар үшін жаңалық болып табылатын мәлімет жазылады. Мәтіндегі негізгі ойды бір сөз тіркесімен білдіруге тырысу керек. Барлық ойды жинақтап, негізгісін сызба, кесте, сурет түрінде көрсету керек.

#### **«Білгірлер сандығы» оқыта-үйрету ойыны.**

Оқушылар үзінді бойынша қиын сұрақ құрап қағазға жазады.

Оны сандықшаға салады. Сандықшадан сұрақ жазылған қағазды алып жауап береді. Ең мәнді сұрақ пен жауап бағаланады.

### «Баяндама» ойыны.

Мұғалім оқушыларға мәтінді оқуға, сонынан оның мазмұнын сурет, сызба түрінде беруді ұсынады. Бұл «шпаргалканы» оқушы оң жағындағы көршісіне береді. Енді әрқайсысы өз көршісінің суреттерін немесе сызбаларын қолдана отырып, оны қорғап, ең жақсы көрнекі құрған топ жеңімпаз болады.

Үй тапсырмаларын тексеруге мынандай деңгейлік тапсымалар беруге болады:



Жекелеген оқушыларға берілетін ұсыныстар:

- Өз пікіріңді сенімді қорғай біл;
- Қысқа да нұсқа сөйле;
- Анық сөйлеп үйрен;
- Мән мен мазмұнға көңіл бөл; Осы жұмыстан соң оқушының ойы мен пікірін анықтауға сауалнама бердім.

Мақсаты: оқушылардың сабақтастық мәселесіне байланысты көзқарасын білу.

1. Басқа пән мұғалімдері келгенде өзіңді қалай сезіндің?
2. Әр пәннен әр түрлі мұғалімнің бергені ұнай ма?
3. Өзге мұғалім алдында сабаққа деген белсенділігің қалай болады?
4. Сабақтар қызық өтті ме?
5. Сабақты бірыңғай өз мұғаліміңнің бергенін қалайсың ба?
6. Өзіңе қай пәндер қатты ұнайды?
7. Үлгерімі төмен оқушы өзге мұғалім алдында өзін қалай ұстайды?
8. Өзге мұғалімдер сабақ бергенде сыныпта қандай өзгерістер байқадың?
9. Қай пән мұғалімі сабақты қызықты өткізеді?

10. 5-сыныпта 4-сыныпқа қарағанда сабақ қиын ба?

Топтық жұмысты ұйымдастырғанда кездесетін кедергілер де бар. Осы бағытта кездесетін негізгі кедергілер:

Топ ішінде белсенділік танытпайтын оқушылардың пайда болуы.

Уақытты тиімсіз пайдалануы.

Топтар арасында өзара кикілжің туындауы.

Топтық жұмыстардағы шу.

Топ ішіндегі көшбасшылардың дәлелді сөйлей алмауы.

Осы мәселелердің барлығы топтық, жұптық жұмыс жасауда кедергілер келтіреді. Бұл кедергілерді жою мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдерді ұйымдастыруға болады.

Мысалы, бірінші мәселе бойынша, топ ішінде белсенділік танытпайтын оқушыларды ынталандыру үшін тапсырма бергеннен кейін, топ ішінде аралап жүріп, аз қатысып отырған оқушыны таңдап, орындық арқасына стикер жапсырып кетуге болады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін көшбасшы тағайындауда орындықтың артында стикермен белгіленген адам болады деп жариялаймын.

5-сыныптарда кездесетін жағымсыз факторлар:

- Орта буындағы көптеген өзгерістер оқушыға стресс (күйзелістер) әкеледі;

- Пәндердің көбеюі, жаңа мәліметтер мен оқу материалдарының қиындауы миға көбірек салмақ түсіреді;

- Пән мұғалімдерінің өзгеруі, олардың әртүрлі мінез-құлқы, қарым-қатынасы, әдіс-тәсілдері, талап-тілектері оқушының жаңа ортаға бейімделуіне кері әсерін туғызады.

- Алғашқы тосырқаулар, оқушының жағдай мүмкіндіктерін әлі толық біліп үлгермеу түсініспеушілікке, әртүрлі қақтығыстарға оқушының білімінің әділ бағаланбауына немесе оқушының сабақты толық игере алмауына әсер етеді.

- Жаңа ортаға түскен оқушы тез шаршайды, күйзеледі немесе немқұрайлыққа енжарлыққа ұшырайды.

- Талаптардың бірыңғай болмауы оқушының жауапкершіліксіздігіне оқуға деген қызығушылығының

жойылуына, белсенділігінің төмендеуіне әкеліп соғады.

Пән мұғалімдері 5-сыныптарда сергіту сәтін ұйымдастырып, жиі – жиі жұмыс түрлерін алмастырағаны жөн.

Сабақтың негізгі мақсаты оқыта отырып дамыту, тәрбиелеу екенін есте сақтай отырып, жазу нормасын көбейтіп жібермеу.

Жаңа іс-әрекет нақты нұсқаулармен жүргізілуі керек (оқушы түсінбей қалса, нәтиже болмайтынын есте сақтау).

Оқушы бейімделуіне негізгі кері әсердің бірі- бағалау барысындағы кемшіліктер екенін ескере отырып, пән мұғалімдері оқушыны қалай бағалау керек екенін білу үшін әр тұлғаны жеке дара тұлға ретінде жақсы тануы керек.

Балаға тұлға ретінде қарау, әр баланың көңіл-күйіне, жеке психологиялық-физиологиялық дамуына, реніші мен қуанышына ортақтаса білу-мұғалім парызы екенін есте сақтауы.

Мұғалім мен оқушы-одақтас ынтымақтас бір ұжым екенін ұмытпаңыз.

Оқу балаға шиеленіс емес қуаныш әкелуі керек.

Баланы өз күшіне сендіріп үйрету керек екенін үнемі есте сақтаңыз.

Мұғалімнің мақсаты: оқушыға жаңа сабақты өз бетінше толық, терең меңгерту. Оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Оқушыны шығармашылыққа баулу, өз еңбегінің нәтижесін көруге, оны бағалауға, бағыттау-өте күрделі үрдіс. Жалпы алғанда, оқушының шығармашылық қабілетін дамытуда түрлендірілген сабақтың берері мол.

Сабақтың нәтижелілігі:

1. Қосымша әдебиеттермен жұмыс жасау.
2. Бір-бірін шынайы бағалауға тәрбиелеу.
3. Сабақтың тәрбиелік әсерін жеткізу.
4. Топпен жұмыс жасауға үйрету.
5. Өз көзқарасын қалыптастыру.
6. Қарым-қатынас жасауды үйренуі.
7. Басқаларды таңдай білу.
8. Белсенділігінің артуы.
9. Өз ойын тұжырымдай білуі.

## Авторлық бағдарлама

**М.ЕСЕКЕЕВА,**  
**№173 Ә.Молдағұлова**  
**атындағы орта мектеп.**  
Қызылорда қаласы

## «ЖАС ТІЛШІ» ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫ

Мақсаты: Үйірме бағдарламасы қазақ тілінің мемлекеттік стандартына сәйкес жасалды. Бағдарлама мақсаты – оқушының сөйлеу мәдениетін, тіл шеберлігін жетілдіру. Бүгінгі заман талабына сай мемлекеттік тілді дамыту, маңыздылығы мен қажеттілігін арттыруды негізге ала отырып сөйлеу мәдениеті жоғары, жаһандану үрдісіне ұлттық қасиетімізді, ұлттық тіліміздің құдіретін танытатын дәрежеде болатын ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеті: сөз саптай білу, тілдің бейнелік, әсерлі құралдарын пайдалана білу, шәкірттерді шығармашылық жұмысқа баулу. Шағын әңгіме, ойлғау жазу.

Бағдарлама құрылымы мынадай бөліктерден тұрады: Оқу материалының мазмұны мен құрылымы, тақырыптық жоспарлау үлгісі, оқушының дайындығына қойылатын талаптар.

Үйірме - аптасына 1 сағаттан, жалпы-34 сағат

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны
1	Теориялық материалдар	25
2	Тактикалық жұмыстар	4
3	Шығармашылық жұмыстар	3
4	Қорытынды	1
Барлығы:		34 сағат

Ізденушілік сипаты: мектеп бағдарламасында қарастырылмаған материалды оқушылардың ізденімпаздықпен тауып, толықтырып өз білімін байыта алуы; ауызша, жазбаша жұмыстарды орындау, күрделілігі әр түрлі тақырыптар арқылы оқушылардың әр түрлі іс-әрекет тәсілдерімен сондай-ақ теориялық материалды оқып-үйрену кезінде дедукциялық және индукциялық қорытындылар жасауы, пікірлесу, көрініс, мақала және т.б. іс-әрекет түрлерімен қарулануы.

Түсінік хат

Қоғамдағы саяси-экономикалық өзгерістер, қалыптасып жатқан жаңа экономикалық жүйе мектептердегі оқыту-тәрбиелеу жұмысын

өзгертуді талап етеді. Ана тілінде өз ойын сауатты еркін жеткізе білетін, сөйлеу мәдениеті жоғары, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» айта алатын ұрпақ тәрбиелеу болмақ. Оқушының ауызша, жазбаша тілін дамыту, ана тіліне деген қызығушылығын арттыру, практикалық тұрғыда жазба жұмыстарына және пікірталас түрленіне де жете көңіл бөлінген. Мәнерлі сөйлеу, тіл мәдениеті, публицистикалық стильдің тілдік белгілері мен стильдік бедері, әдебиет теориясы жан-жақты қарастырылған.

Бағдарлама жасауда білім мазмұнын ізгілендіру, адамгершілік-эстетикалық, мәдени-тарихи құндылықтарды таныту, әдеби білімнің жүйелілігі мен үзіліссіздігі, сабақтастығы және пәнаралық, пәнішілік байланыс сияқты ұстанымдар басшылыққа алынды.

Әдебиеттер:

- 1) З.Қабдолов. «Сөз өнері»;
- 2) Р.Сыздық. «Сөздер сөйлейді»;
- 3) М.Балақаев. «Қазақ тілінің мәдениеті»;
- 4) Ә.Қайдар. «Халық даналығы»;
- 5) Р.Сыздық. «Абайдың сөз өнері».

#### Бағдарламаның күнтізбелік жоспары

№	Мазмұны	Сағат саны	Күні	Жұмыс түрі, оқушының іс-әрекеті	Пән-аралық байланыс	Күтілетін нәтиже
I.	Кіріспе					
1.	Үйірменің міндеті мен мақсаты.	1		Әңгіме жазу	Әдебиет	Түсінігін кеңейту, пікірін нақтылау
2.	Таза сөйлеу-ой айкындығының белгісі.	1				
3.	Әдеби тіл нормалары.	1		Әдеби норма		Мәнді сөйлеу, мағынаны тануға талпыныс
4.	Сөз мағынасын ажырату, сөзді орынды қолдану.	1		Сөзді орынды қолдану.	Қазақ тілі	
5.	«Білім күні» тақырыбы	1			Әдебиет	Ой ұшқырлығына талпыныс.

6.	Тіл көрнекілігі (тенеу, эпитет, метафора, метонимия).	1			Көркемдік өрнектерді талдау	Әдебиет теориясы	
7.	Шығармашылық жұмыс	1					
8.	Сөздің қысқалығы мен нұсқалығы	1			Аз сөзге көп мағына сыйғызу	Әдебиет	Сөз мәдениеті туралы ұғымды кеңейту
9.	«Ұстаздар» туралы	2			Тақырыпқа өлең жазу, шағын әңгіме жазу.	Әдебиет	
10.	Шығармалар байқауы	1					
11.	Би мен шешендер сөзі				Шешендер сөзін оқып, талдау.	Әдебиет	
12.	Газет бетіне материал беру.	1			Мақаланы талдау.		
13.	Шығармашылық жұмыс	1			Өлең жазу	Әдебиет	Ойын жүйелі жеткізуге бейімдеу.
14.	Практикалық жұмыс	1			Жазған мақаласын талқылау		Өз бетімен жұмыс істеуге машықтандыру.
15.	«Қарттарым – асыл қазынам»	1					
16.	Ойды жазбаша жеткізу	1					
17.	Тақырып. Идея. Стиль	1			Сөз саптау	Қазақ тілі	Жүйелілікке жете-лейді.
18.	Стиль ерекшеліктері	1					

**ҚАСАНОВА,**  
**Бидайық ЖОББМ.**  
Қарағанды облысы,  
Жанаарқа ауданы,  
Бидайық ауылы

19.	Тақырып бойынша айтылар ойды жоспарлау	1		Білімді пайдалану		
20.	Мәтінмен жұмыс	1		Мәтін құрылысын талдау		
21.	Шығармашылық жұмыс	2				Өз қабілетін ұштайды.
22.	«Алтын күз»	2		Өлең жазу		
23.	«Тәуелсіздік-тұғырың» мүшәйра	1		Өлең жазу		Сөз шеберлігіне талпыныс
24.	«Жаңа жыл»	1		Шағын әңгіме жазу	Әдебиет	
25.	«Ана-өмірдің шуағы»	1		Шағын әңгіме жазу	Әдебиет	
26.	«Наурыз мейрамы»	1		Өлең жазу	Әдебиет	
27.	«1-мамыр мерекесі»	1		Пікір дайындау	Қазақ тілі	
28.	«Ұландар» күні	14		Өлең жазу	Әдебиет	
29.	«Ұлы Женіске 72 жыл»	1		Өлең жазу	Әдебиет	
30.	Соңғы қоңырау	1		Өлең жазу	Әдебиет	
31.	Қорытынды	1		Сауал-нама	Қазақ тілі	

## «ОҚУ ЖЫЛДАМДЫҒЫ» ЖОБАСЫ

Мақсаты: оқушыларға ана тілінің маңыздылығын түсіндіру, тіл мәртебесін көтеру, сауатты оқып, жаза білуге үйрету.

Міндеттері:

- оқу жылдамдығы шешендік өнерге апаратын бірден-бір жол екенін ұғындыру;
- оқушылардың тіл байлығын арттыру;
- таза сөйлеуге үйрету.
- Әрбір сөзді дұрыс оқып, мағынасын білуге үйрету.
- Қазақтың шешендік өнерін түсіндіре отырып қазақ сөз өнерін құрметтеуге, дұрыс сөйлеуге, сөз қадірін білуге баулу.
- Шешен сөйлеу үлгілері арқылы оқушылардың ынтасын, жігерін ояту, шешендіктің рухани қару ретінде қолданбалы функциясын пайдалану.
- Оқушылардың ана тіліне қызығушылығын арттыру.
- Әдеби тіл мен ауызекі сөйлеу тілін дамыту.

II. Күтілетін нәтиже:

- Білім сапасы артады;
- Тіл байлығы дамиды;
- Сауатты оқып, жазады.
- Шешен сөйлеуге үйренеді;
- Оқушылар орынды сөйлеуді үйренеді, жан-жақты жетілген тұлға ретінде өзіндік пікірін қалыптастырады, демократиялық ой-өрісін дамытады.

Бидайық ЖОББ мектебінің «Оқу жылдамдығы» жобасының 2016-2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар		Өткізу мерзімі	жауапты	Қатысушылар
	атауы	түрі			
1	Жобаның негізгі мақсат-міндеттерін айқындау. Әр сыныптағы оқу жылдамдығының нормасымен таныстыру.	Зерттеу және жобалау	қыркүйек	Пән мұғалімі	5-7-сынып оқушылары
2	Сөзбен жұмыс істеу тіл дамытудың негізі-мәнерлеп оқу.	Сындарлы оқыту	Қазан, қараша	Шығармашылық топ	5-7-сынып

3	Мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастырудың жолдары.	Зияткерлік сайыстар	желтоқсан	Пән мұғалімдері	5-7-сынып
4	Бастауыш сынып мұғалімдерімен тығыз байланыста болу. Сөзді әріптеп емес, буындап оқыту, сауатты оқуға апарар жол.	Әдістемелік отырыс	Қыркүйек-мамыр	Қазақ тілі мұғалімі	1-4-сынып
5	Оқушылардың әрбір сөзді орнымен қолдана біліп, сауатты жаза білу нормаларын сақтауға 5-7-сынып баулу.	Әр оқушының деңгейін анықтау	Әр айда	Пән мұғалімдері	5-7-сынып
6	Пән апталығында оқу жылдамдығынан сайыс ұйымдастыру.	Сайыстар	Қаңтар	Пән мұғалімі	5-7-сынып
7	Оқушылардың тіл өнеріне қызығушылықтарын арттыру. Көркем шығармаларды мәнерлеп, жатқа айтуға ынталандыру. «Мен оқығанды сүйемін».	Ғылыми жобаларға, байқауларға қатысу	Сәуір- мамыр	Шығармашылық топ	2-7-сынып
8	Сауатты оқи білген бала сауатты жаза біледі. Диктанттар алу.	Жұмысты жинақтау	Тоқсан сайын	Пән мұғалімі	2-7-сынып
9	Тоқсан сайын оқу жылдамдықтарын тексеріп отыру.	Әр оқушының деңгейін анықтау	Тоқсан сайын	ӘБ жетекшісі	Пән мұғалімі 5-7-сынып
10	Ежедел оқитын оқушылармен жұмыс	үнемі	үнемі	Пән мұғалімі	1-7-сынып

### Бидайық ЖОББ мектебінің «Оқу жылдамдығы» жобасының 2017-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар		Өткізу мерзімі	жауапты	Қатысушылар
	атауы	түрі			
1	Жобаның негізгі мақсат-міндеттерін әрі қарай дамыту. Әр сыныптағы оқу жылдамдығының нормасын қалыптастыру.	Зерттеу және жобалау	қыркүйек	Пән мұғалімі	5-7-сынып оқушылары
2	Оқушылардың оқу жылдамдықтарын, сөйлеу мәнерін дұрыс жолға қою.	Сындарлы оқыту	Қазан қараша	Шығармашылық топ	5-7-сынып
3	Мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастырудың жолдары.	Зияткерлік сайыстар	желтоқсан	Пән мұғалімдері	5-7-сынып
4	Бастауыш сынып мұғалімдерімен тығыз байланыста болу. Сөзді әріптеп емес, буындап оқыту, сауатты оқуға апарар жол.	Әдістемелік отырыс	Қыркүйек-мамыр	Қазақ тілі пәнінің мұғалімі	1-4-сынып
5	Оқу жылдамдығы шешен сөйлеуге апарар жол.	Әр оқушының деңгейін анықтау	Әр айда	Пән мұғалімдері	5-7-сынып
6	Менің сүйікті жазушым.	Сайыстар	Қаңтар	Пән мұғалімі	5-7-сынып
7	Оқушылардың тіл өнеріне қызығушылықтарын арттыру. Көркем шығармаларды мәнерлеп, жатқа айтуға ынталандыру. «Мен оқығанды сүйемін».	Ғылыми жобаларға, байқауларға қатысу	Сәуір-мамыр	Шығармашылық топ	2-7-сынып

8	Сауатты оқи білген бала сауатты жаза біледі. Диктанттар алу	Жұмысты жинақтау	Тоқсан сайын	Пән мұғалімі	2-7 сынып
9	Тоқсан сайын оқу жылдамдықтарын тексеріп отыру.	Әр оқушының деңгейін анықтау	Тоқсан сайын	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімі	5-7сынып
10	Пікірталас мәдениетін қалыптастыру жолдары.	үнемі	үнемі	Пән мұғалімі	1-7 сынып

### Бидайық ЖОББ мектебінің «Оқу жылдамдығы» жобасының 2018-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар		Өткізу мерзімі	жауапты	Қатысушылар
	атауы	түрі			
1	Жобаның мақсат-міндеттерін белгілі бір нәтижеге жеткізу. Болашақ қоғам адамы тіл мәдениеті мен шебер сөйлеу өнерін үйренуі қажет.	Зерттеу және жобалау	қыркүйек	Пән мұғалімі	5-7-сынып оқушылары
2	Бағдарлама арқылы оқушылардың ана тілі мен әдебиетіне, ұлттық өнеріне құрмет сезімін қалыптастыру.	Сындарлы оқыту	Қазан қараша	Шығармашылық топ	5-7-сынып
3	Мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастырудың жолдары.	Зияткерлік сайыстар	желтоқсан	Пән мұғалімдері	5-7-сынып
4	Бастауыш сынып мұғалімдерімен тығыз байланыста болу. Сөзді әріптеп емес, буындап оқыту, сауатты оқуға апарар жол.	Әдістемелік отырыс	Қыркүйек-мамыр	Қазақ тілі пәнінің мұғалімі	1-4-сынып
5	Шебер сөйлеу техникасын танытатын-шешендік өнер.	Әр оқушының деңгейін анықтау	Әр айда	Пән мұғалімдері	5-7-сынып
6	Әр түрлі сайыстар ұйымдастыру.	Сайыстар	Қаңтар	Пән мұғалімі	5-7-сынып
7	Оқушылардың тіл өнеріне қызығушылықтарын арттыру. Көркем шығармаларды мәнерлеп, жатқа айтуға ынталандыру. Пікірталас мәдениетін қалыптастыру.	Ғылыми жобаларға, байқауларға қатысу	Сәуір-мамыр	Шығармашылық топ	2-7-сынып
8	Сауатты оқи білген бала сауатты жаза біледі. Диктанттар алу	Жұмысты жинақтау	Тоқсан сайын	Пән мұғалімі	2-7-сынып
9	Тоқсан сайын оқу жылдамдықтарын тексеріп отыру.	Әр оқушының деңгейін анықтау	Тоқсан сайын	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімі	5-7-сынып
10	Оқушылардың оқу жылдамдығы-функционалдық сауаттылыққа апарар жол.	үнемі	үнемі	Пән мұғалімі	1-7-сынып

**Н.УМАРОВА,**  
**«Даму мүмкіндігі шектеулі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Соколов арнайы (түзету) мектеп-интернаты».**  
Солтүстік Қазақстан облысы,  
Қызылжар ауданы,  
Соколовка ауылы

## **ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУЫ ЖОЛДАРЫ**

Тіл-қарым-қатынас құралы. Адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын, рухани байлығын көрсететін айна. Тіл дамытудың өзектілігі әрқашан ескеріліп, қай халық болса да бұл мәселені айналып өткен емес. «Өнер алды - қызыл тіл» деп қазақ халқы да сөйлеу шеберлігіне үлкен мән берген. Психикалық дамуы тежелу мәселесі тек дефектологияның проблемасы ғана емес, жалпы педагогиканың да мәселесі, өйткені ол оқу үлгерімінің нашар болуымен тығыз байланысты.

2002 жылдың 11 шілдеде №343 II «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық көмек көрсету» туралы Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануымен байланысты әкімдік, еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау департаменттерінде мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік көмек көрсету орталықтары ашылды. Үлгермеуші оқушыларды анықтауда дұрыс диагностика жүргізу, оларды табысты және нәтижелі оқытуға, ал болашақта әлеуметтік ортаға бейімделіп кетуіне жағдай тудыратын арнайы сыныптар мен топтарға орналастыру - қазіргі уақыттағы аса маңызды әлеуметтік және педагогикалық мәселе болып табылады.

Мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балаларды қалыптастыру негізінен осы балаларға арналып жасалған оқу бағдарламасымен жүргізіледі. Оқу жоспары бойынша балалардың танымдық әрекеттерін дамыту, қоршаған ортамен танысу және әр түрлі құбылыстардың себебін және оның өзгерістерін анықтау, тіл дамыту, еңбекке баулу, әр түрлі пәндерді арнайы дидактикалық әдістемелермен игеру қарастырылған. Қазіргі таңда елімізде арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арнайы мектептер мен жалпы мектептердің ішінен арнайы сыныптар ашылуда. Түзете дамыта оқыту сыныптарындағы психикалық дамуы тежелген оқушылар ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті

білім стандартына сәйкес білім алады. Психикалық дамуы тежелген балалардың бір бөлігінің сөйлеу тілінің жүйелі түрдегі бұзылыстары болады, ал бұл олардың тақырыпты меңгерулеріне кедергі келтіреді. Осы оқушыларды оқытудағы түзету міндеттерінің біріне-сөйлеу тілін жан-жақты дамыту жатады.

Оқушылардың тілін дамыту- қазіргі кезде оқу-тәрбие ісіндегі басты мәселе. Сол сияқты тіл дамыту жұмыстары мәтіндерді оқу, оны мазмұндап айту, сұрақтарға жауап беру және мазмұндама мен шығарма жаздыру арқылы жүзеге асырылады. Адамдармен қарым-қатынас жасауда қиындық көретін балалар, біріншіден ұжымға бейімделуінде, білімді меңгеруінде кедергі болады. Сондықтан, баланы оқуға қызықтыру және дамыту мақсатында танымдық іс-әрекетін қалыптастыру мақсатында сабақ алдында, ашықтық, сенімділік деңгейін, эмоционалдық еркіндікті, топта бірауыздылық орнатуға жағдай жасайтын психологиялық жаттығулар өткізу керек. Мысалы, мынандай психологиялық ойындар:

«Менің көңіл-күйім» жаттығуы.

Алдарындағы бланкіге өз көңіл-күйлеріңді суреттеп салындар.

**Есте қалған қызықты оқиға.** Топ дөңгеленіп отырып, қатысушыларға доп беріледі. Допты бір-біріне кезектесіп беріп, есте қалған қызықты оқиғаларды айтады.

**«Мен саған сенемін».** Әуен ойнап тұрады. Жұп құрып, бір-бірінің көздеріне қарап отырады. «Мен саған сенемін...» өйткені, сен жақсы адамсың, т.б.

Тіл дамытуға арналған түрлі грамматикалық жаттығулар бірте-бірте оқушылардың белсенділігін арттырып сөзге қызығушылығын қалыптастырады. Оқу бағдарламасын жемісті меңгеру үшін баланың белсенді әлеуметтенуі үшін баланың сөздік қоры қажетті сөздермен толықтырылады. Психикалық дамуы тежелген оқушының тілін дамыту үшін сабақтарда лексикалық жаттығулар болу керек, өйткені бұл сөйлеу дағдыларының қалыптасуына тиімді әсер етеді. Балалар түрлі сұрақтар қойып, жауап беруді үйренеді, қарапайым сөйлемдер де құрастырады. Жүйелі тапсырмалар беру үдерісінде оқушылардың жоспар бойынша ойын жеткізе білуі қалыптасады. Жаттығулар, дара сөздер жүйелі түрде болуы керек, өткізілетін жұмыстар қызықты және жеңіл болуы тиісті. Тіл дамыту сабақтарында мұғалімге суретпен де жұмыс жасау қажетті. Жұмыстың бұл түрі балалардың эмоциясына және қиялының дамуына әсер етеді, яғни оқушылардың сөйлеу тіліне де ықпалы тиеді. Әрбір суретке байланысты сөйлейді, сөздік қорын байытады, жаңа түсініктермен, ұғымдармен таныстырады. Сурет бойынша жұмыс балаларға дұрыс сөйлем құрастыруға көмектеседі, жазбаша шығарма жазу, ауызша әңгімелесу дағдыларын қалыптастырады. Суретпен жұмыс жасау эстетикалық, экологиялық, патриоттық тәрбие беру құралы ретінде пайдалану мүмкіндігін туғызады. Жинақталған сөздер мен сөз тіркестері белгілі бір тақырып бойынша нақты ойларын ашуға мүмкіндік береді. Суретті көрнекіліктер оқушылардың ұйымшылдығына әсер етіп, белгілі бір көңіл-күй оятып, шығармашылықпен жұмыс жасауға ықпал етеді.

Тіл дамыту барысында жаңа сөздермен жұмыс ерекше орын алады.

Күнделікті сабақ барысында мен жұмыстың бұл түріне ерекше көңіл бөлемін. Жаңа сөздерді керекті сөз тіркестерімен қолдануға басты назар аударамын. Жаңа сөздерді сөз тіркестерімен сөйлемде қолдануды үйретемін. Жай сөйлемдер құрастырудан бастап, жайылма сөйлемдерді құрастыруға көшемін. Баланың байланыстырып сөйлей білуін дамыту үшін сабақтарда, іс-шараларда, үйірмеде қарым-қатынас жасайтындай жағдайлар құру қажет. Сөздік жұмысын жүргізгенде мынандай тапсырмалар беріледі:

Суреттегі заттардың атауын жаз. Мысалы, ит, гүл, оқушы, кітап, т.б.

Әріптерден сөз құра. «Адасқан әріптер».

Әріптердің орындары ауыстырылған бірнеше сөздер беріледі.

Сөздерді дұрыс оқу қажет.

к, е, м, п, т, е – (школа, класс)

ш, е, н, е? – (котрый, сколько)

і, м, д, і, с, к, ө – (растение, тетрадь)

н, к, а, ы – (писатель, поэт)

кіенкүділ – (оценка, дневник)

а,к,н,і,а,т,х,а,п – (чай, библиотека)

Сөздерді буынға бөл.

Сөйлемдерді толықтырып оқы. Мысалы:

Мынау – біздің (двор). Аулада (дом ) тұр. Үй (три) қабатты.

Көше ұзын, (чистая).

Көп нүктенің орнына керекті әріпті қой. Мысалы:

К...ше, ...лкен, а...ула, к...шкенті, б...р, т...рт.

**«Қарлы кесек»**

Жолбарыс.

Үлкен жолбарыс.

Үлкен жолбарыс көрдім.

Мен үлкен жолбарыс көрдім.

Мен хайуанаттар бағында үлкен жолбарыс көрдім.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған бағдарлама. Оқушылар «Топтастыру», «Бес жол өлең», «Венн диаграммасы», «Кубик» әдістеріне қызыға кіріседі. Бес жол өлең құраудың пайдасы қазақ тілі сабағында өте зор.

Мысалы:

*Тоқылдақ,*

*Пайдалы, әдемі.*

*Емдейді, ұшады, тоқылдатады.*

*Ағаштарды емдейтін құс.*

*Тігініші.*

*Өнерлі, еңбекқор.*

*Әшекейлейді, ояды, тігеді,*

*Әдемі киімдерді тігетін өнерпаз.*

Венн диаграммасы бойынша оқушылар кейіпкерлерді, жануарларды салыстырады.

Бұл стратегияларды сабақта қолданып, белгілі бір нәтижеге жету үшін

мұғалім сабақ жоспарын құру барысында қай жерде қай стратегияны қолдану жолдарын, тапсырманы дұрыс ұйымдастыру жолдарын қарастыруы тиіс. Тапсырманы оқушылардың жас ерекшелігіне қарай нақты беруге тырысу керек.

«Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» бағдарламасының қай әдісін алсақ та оқушының белсенділігін, ойлау қабілетін, шығармашылығын жан-жақты дамытатынын байқадым. Менің өз іс-тәжірибемде әдебиеттік оқу сабағынан өткізген М.Әуезовтің «Әжемнің әңгімесі» тақырыбында өткізген сабағыма тоқтала өтейін.

Сабағымды бастамас бұрын, оқушыларымның психологиялық жағынан көңіл күйлерін қалыптастыру және олардың арасында достық қарым- қатынас орнату мақсатында түрлі көңіл көтеретін тренингтер қолдандым. Оқушылар жұпта немесе топтарда жұмыс істегенде, олар «мұғалім- оқушы» сұхбаты түріндегі өзара іс-қимылға қарағанда мейлінше «симметриялы» болып табылатын өзара іс-қимылға таратылады, оқушылардың ұйымшылдық қарым -қатынастарын жақсарту мақсатында топтарға бөлдім. Оқушыларды топқа әр түсті фишкалар арқылы бөлдім. Мен бұл сабағымды мынандай кезеңдерден құрдым:

Балалардың қызығушылықтарын ояту мақсатында сөзжұмбақ шешіліп, бүгінгі күннің тақырыбын оқушылар өздері анықтады.

1. «Болжау» стратегиясы.
2. «Екі жақты күнделік» стратегиясы.
3. «Топтастыру» стратегиясы.
4. «Әдебиет үйірмесі».
5. «Бес жолды өлең» стратегиясы.

#### **1. «Болжау» стратегиясы.**

Оқушылардың алдына әңгімеден үзінді беру. Яғни, оны оқушылар ары қарай жалғастырып, оқиғаның немен аяқталғанын өз ойларымен жеткізеді.

#### **2. «Екі жақты күнделік» стратегиясы.**

1. Мәтіннен өздеріне әсер етіп ойында қалған үзіндіні жаз.
2. Абайдың балалық шағы туралы әңгімелеу

#### **3. «Топтастыру» стратегиясы.**

«Абай» сөзін оқушылар қағаз бетіне түсіреді.

#### **4. «Әдебиет үйірмесі».**

- Шағын әңгіме «Абайдың балалық шағы».
- «Абайдың ауылы» суретті аяқта.

#### **5. «Бес жолды өлең» стратегиясы.**

1. Зат есім. (1 сөз)
2. Сын есім. (2 сөз)
3. Етістік. (3 сөз )
4. Қорытынды ой (4 сөз )
5. Зат есімге жуық мәндес сөз. (1 сөз)

Ал сабақтың нәтижелілігін көрсететін кезеңнің бірі-бағалау. Топ басшылары өз топтарындағы балаларды бағалайды.

Психикалық дамуы тежелген балалармен жұмыс істейтін қазақ тілі пәнінің мұғалімінің міндеті-сөйлеу тілінің белсенділігін арттыру, яғни



басқалармен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беру. Бұндай жағдайда мұғалім мектепте өз тәжірибесінде баламен жеке жұмыс жасайды. Мен сабақтарымда дәстүрлі емес әдістерді де пайдаланамын. Мысалы, Л.А.Гдалевичтің енгізген «пошта жәшігі» әдісі бойынша қазақ тілі кабинетінде пошта жәшігін орнатып, балаларға сүйікті кейіпкеріне жазған хаттарын салғызамын, өте жақсы жазылған хаттар үшін жылдың соңында балаларды марапаттаймын. Біріншіден мүмкіндігі шектеулі балалардың сөздік қорын байыту арнайы жұмыстармен, тілдегі сөздің маңыздылығымен анықталады. Екіншіден, сөздік қордың үнемі толығыуының қажеттілігімен, өйткені, адамдар арасындағы сөйлесім тек адамның көп сөз білуінен ғана ауызша және жазбаша коммуникациясы нақты болады, үшіншіден, мүмкіндігі шектеулі баланың коммуникативті белсенділігінің арту қажеттілігімен.

Көрсетілген факторлар оқушылардың сөздік қорының молаюына келесі мақсаттарды қамтиды: сөздік қорындағы сөздер санының кеңеюі; белгілі және жаңа меңгерген сөздерді қолдана білуді үйрету.

Сабақтың қызықты өтуі үшін мұғалімдер әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Соның ұтымды бір түрі-ойын арқылы тіл дамыту болып табылады. Ойын түрлері көп. Соның ішінде бастауыш және орта буын сыныптарда пайдаланатын: ойын-сабақ, ойын-жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық мақсаттағы ойындар, сөздік ойындар, логикалық ойындар, т.б. Енді бірнеше ойын түрлерін айта кетейін:

**«Тақырыптық сөздер» оқыта-үйрету ойыны.** Лексикалық тақырыптарды пысықтау кезінде қолдануға қолайлы ойын түрі. Оқушылар шеңбер жасап, дөңгелене тұрады. Мұғалім басты тақырыпты айтады. Мысалы, мұғалім «Көктем» деген тақырыпты айтады. оқушылар осы тақырып бойынша сөздерді бір-бірден айтады. Осылайша шеңбер аяқталғанға дейін сөздер айтыла береді.

**«Өз жұбыңды тап» оқыта-үйрету ойыны.** Сөз тіркестерін меңгертуге арналған ойын. Мұғалім сабақта сөз тіркестерінің лексикалық мағынасын жаттықтыру мақсатында осы ойынды ойнатуына болады. Бұл ойында оқушылар саны жұп болуы керек. Мұғалім әр оқушыға бір-бірден сөз үлестіреді. Барлық оқушылар өздеріне берілген сөздерді дауыстап оқиды. Осыдан кейін оқушылар сөз тіркесін жасау үшін өз жұбын іздейді. Мысалы жаңбыр, жауады, көктем, айлары деген сөздер таратылады. Жаңбыр деген сөзді оқыған бала жауады деген сөзді оқыған баланың қасына барып, екеуі бірігіп, жаңбыр жауады деген тіркесті айтады.

Тіл дамыту-оқушылардың ойлау қабілетін арттырудың тиімді жолы. Тіл дамыту жұмысында көрнекі құралдарды орынды пайдаланудың да маңызы зор. Оқу сабақтарында көрнекілікті қолдану аясы өте кең: кинофильмдер, мультфильмдер, картиналар, портреттер, оқулықтағы, газет – журналдардағы суреттер, т.б. Мультфильмдерді көрсетудің мәні зор. Бұларды тіл дамыту үшін көрсетілген материалды көрнекті түрде жеке ұғындыру мақсаттарында жиі қолданған кезде оқушылардың көру, есту түйсіктері қатар қатысады.

Сонымен жоғарыда атап көрсетілген методикалық тәсілдер психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту барысында сабақты қызықты, толық мәнді өткізуде мұғалімге көп көмек көрсетеді.

**Т.МҰРАТБАЙ,**  
**№ 102 орта мектеп.**  
 Қызылорда облысы,  
 Қазалы ауданы,  
 Бірлік ауылы

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ӘНГІМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ**

Мақсаты:	Білімділік: оқушылар Ыбырай әңгімелерімен танысып, оның тәрбиелік мәнін ұғады; сын тұрғысынан ойлауға үйренеді, өз ойын толық жеткізіп, өлеңдерден негізгі түйінді таба білуге дағдыланады. Дамытушылық: оқушылардың қоғамға деген өзіндік көзқарастарының қалыптасуына ықпал етіп, өз ойларын еркін, нақты жеткізе білуге, өз бетімен ізденуге, ой қорытуға дағды қалыптастыру. Тәрбиелік: Ыбырай әңгімелері арқылы оқушылардың бойына адамгершілік қасиеттерді дарытып, еңбекқор, елжанды болуға тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелер:	Топтық, диалогтік жұмыс арқылы білім алмасып, оқушылар бір-бірінен үлгі алады, нені қалай оқу керектігіне өзіндік уәжі артады, диалогтік қарым-қатынаста тыңдау және сөйлеу әдебіне көңіл аударады, дарынды оқушыны үлгі етеді, көркем әдеби тілде сөйлеуге үйренеді, сыни ойлануға дағды қалыптастырады.
Сабақтың түрі:	Аралас.
Пәнаралық байланыс:	Қазақстан тарихы.
Қолданылатын әдістер:	«Ойлан, жұптас, бірік», «Құндылықтар спектрі».
Керекті жабдықтар:	Оқулық, «Таза бұлақ» жинағы, флипчарттар, түрлі-түсті маркерлер.
Сабақтың барысы:	

Сабақ кезеңдері	Уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	1 мин. 2 мин.	Ұйымдастыру кезеңі. «Сақина салу» дәстүрі арқылы топтарға бөлу. Психологиялық ахуал туғызу. «Шаттық шеңбері». Оқушыларға бір-біріне жақсы тілектерді айтқызу.	Оқушылар гүлдердің түсіне қарай топқа бөлінді. I топ. «Қызыл түстілер» II топ. «Ақ» түстілер» Оқушылар бір-біріне «Ж» дыбысынан басталатын жақсы тілектер айтады.

Үй тапсырмасы.	7 мин.	Ыбырай Алтынсариннің өлеңдері туралы сұрау. Кестемен жұмыс. «Біз білмейтін бір дерек» таным-дерек материалдарын жинақтау.	Оқушылар өлеңдерді жатқа оқиды. Кестемен жұмыс жасайды. Дерек материалдарын айтады.
Білу.	6 мин.	-Ыбырай Алтынсариннің қандай әңгімелерімен танысындар? «Әке мен бала» мультфильмін көрсету.	«Ойлан,жұптас, бірік» арқылы оқушылар Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері туралы ой-пікірлерін ортаға салады.
Түсіну.	7 мин.	Оқулықпен жұмыс. Ыбырай әңгімелері тарағылып беріледі.	Жеке жұмыс. Әңгімені оқиды. Кесте бойынша жұмыс жасайды.

Талдау.	5 мин.	Топтық жұмыс. Оқыған әңгімелері бойынша талдау.	Кесте бойынша жұмыс жасайды.		
			Ыбырай Алтынсарин әңгімелері	Негізгі тақырыбы	Тәрбиелік мәні қандай?
			Бақша ағаштары		
			Жомарт		
			Салақтық		
			Талаптың пайдасы		
			Тәкәпәршілік		
			Әдеп		
			Әке мен бала		
			Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш		
			Үнді		
			Жаман жолдас		

Қолдану.	8 мин.	Ы.Алтынсарин әңгімелері желісі бойынша жұмыстар дайындату.	I топ. Ы.Алтынсарин әңгімелерінің желісі бойынша көрініс. II топ. Ы.Алтынсарин әңгімесін сауасакпен әңгімелеу.
Жинақтау.	6 мин.	«Құндылықтар спектрі». Түйінді жолдарын стикерге жаздырту.	Оқушылар әңгімелер бойынша тұжырым жасайды.

Кері байланыс	1 мин.	Оқушылармен кері байланыс жүргізу.	Оқушылар кері байланыс парағын толтырады.
Үйге тапсырма	1мин.	Ыбырай әңгімелерінің желісі бойынша сценарий жазу. Әңгімелерді оқу	Оқушылар күнделіктеріне жазып алады.
Бағалау	1мин.	Оқушылар бағалау парақтары арқылы топтағы көршілестерін бағалайды. «5»-3 «4»-2 «3»-1 Бағалау парағын толтырту. Мұғалім қорытынды бағаны қояды.	

#### Бағалау парағы

Оқушының аты-жөні	Үй тапсырмасы	Білу	Түсіну	Талдау	Қолдану	Жинақтау	Мұғалімнің қорытындысы

Сабаққа өзіндік талдау. Сабақ жоспары Блум таксономиясына негізделіп құрылды. Оқушылар «Білу» тапсырмасынан бастап «Жинақтау» тапсырмасына дейін жұмыстар жүргізді. Оқушылар оқулық ауқымынан шығып «Біз білмейтін бір дерек» айдары бойынша Ы.Алтынсарин туралы қосымша ақпараттар берді.

Сабақтың 3 құнды жері-оқушылардың мәтінмен жұмыс жасай отырып, өзіндік ой-пікір шығара алғандығы, әңгіме желісі бойынша көріністердің ұнамды шығуы, кесте бойынша жұмыс барысындағы жинақылық. Сабақта менің оқушылармен және оқушылардың бір-бірімен ұстанған қарым-қатынас үш "С" қағидасына ("Сыйлау. Сенім. Сүйіспеншілік") сай болды.

Келесі сабақта дарынды балаларды оқыту модульдеріне байланысты жұмыстарды айқындап көрсету керек екендігін байқадым.

## **МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВТЫҢ** **«БАҚЫТСЫЗ ЖАМАЛ» РОМАНЫ**


Мақсаты: білімділік-Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романының тақырыбын, идеялық мазмұнын таныту; дамытушылық-студенттердің танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ынтасы мен қызығушылығын, логикасын жетілдіру, сыни тұрғыдағы көзқарасына еркіндік беру; тәрбиелік- студенттердің бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату, төл әдебиетке деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.

Білім беру бағдарламасы мен стандарттағы жоспарланған құзыреттері: өзіне қажетті ақпаратты іріктеп алып, өңдеп, өзгелерге түсінікті етіп жеткізе білу. Алған білімдерін игеру, жобалау, құрастыру, зерттеу және шығармашылықпен қолдана білу тәсілдерін меңгеру.

Оқу нәтижелері: біледі: ақын-жазушылардың өмірін, көркем шығарманың негізгі мазмұнын, идеясын, тақырыптың мәнін. Меңгереді: көркем шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беру. Көркем бейнелі сөздерді орынды қолданып, жазба жұмыстарының түрлерін орындай білу. Дағды қалыптастырады: шығармашылық сауаттылығын арттырады. Құзыретті: әдебиеттің тектері мен жанрларын сәйкес талдай алуға, тірек ұғымдар (студент білу керек): көркем шығарманың мазмұнын, талдау үлгісін.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Сабақтың оқыту әдісі: топтық жүйе, сын тұрғысынан ойлау технологиясы.



Сабақта қолданылатын стратегиялары: баяндау, сұрақ-жауап, ой қозғау, постер құрастыру, топтасып талдау, топтасып талқылау, ой толғаныс, ой қорыту.

Сабаққа керекті құрал-жабдықтар: арнайы слайдтар, постер, маркерлер, кестелер, шарлар, бағалау парағы.

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, қазақ тілі, география.

Сабақтың құрылымы:

1. Ұйымдастыру кезеңі - 2 минут.

2. Топқа бөлу - 2 минут.
2. Үй жұмысын тексеру - 5 минут.
3. Оқытушының кіріспе сөзі - 3 минут.
4. Жаңа сабақты түсіндіру - 10 минут.
5. «Бақытсыз Жамал» романына талқылау, тұжырымдау, салыстыру - 14 минут.

6. Миға шабуыл (тыңдау арқылы анықтау), 6 минут.
7. Мағынаны ажырату (тақтада талдау), 3 минут.
9. Сергіту сәті «Ауадағы сұрақ» 5 минут.
10. Талдау жұмысы: «композициялық сюжеттік талдау» 6 минут.
11. Сабақты бекіту. 15 минут.
12. Рефлексия. 2 минут.
13. Үй тапсырмасын беру. 2 минут.
14. Кері байланыс. 2 минут.
15. Студенттердің білімін бағалау. 3 минут.

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі (2 минут)

1. Көңіл күйіміз қалай?

Жақсы сөздерді еске түсірейік,

Жалғастырыңдар:

Кел, балалар, оқылық...

.....  
.....

....., ендеше оқиық!

1. Мақал-мәтелдер арқылы топқа бөлеміз:

Топқа бөліну үшін мақал-мәтелдер жазылған парақтарды алады. Мақал-мәтелдер арқылы 3 топқа бөлінеді. Саны бар мақал түскен студент бірден топ басшысы болып сайланады.

2. Үй тапсырмасын (5 минут) Міржақып Дулатов өмірі мен шығармашылығы студенттердің білімдерін жинақтау үшін «Жылдар сөйлейді» жарысын ұйымдастыру. /Интербелсенді тақтада көрсетілген 7 сұраққа топ бойынша жауап беру керек/. Бағалау парақшасында топ басшысы бағалайды.

I топ.

1. 1885 жылы (Торғай уезінің, Сарықопа болысының бірінші ауылында дүниеге келген)

2. 1897 жылы (Мұқан Тоқтабайұлынан дәріс алады)

3. 1904 жылы (Омбы қаласына келеді. Осында ұлт зиялыларының ұстазы Ахмет Байтұрсынұлымен кездеседі)

4. 1906 жылы (Делегат ретінде Петербургқа сапар шегеді)

5. 1909 жылы (Уфада «Оян, қазақ!» атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көреді)

6. 1913 жылы (А.Байтұрсынұлымен бірге «Қазақ» газетінде жұмыс жасайды)

7. 1915 жылы («Терме» атты кітабы шығады)

II топ.

8. 1935 жылы (Балтық теңізі, Сосновец тұтқын лагеріне жер аударылады, сол жерде көз жұмады)

9. 1988 жылы( қылмыстық ісі қайта қаралып , біржола ақталды)

10. 1993 жылы (оның денесі Балтық теңізінен өзінің туған жеріне әкелініп, қойылды)

11. 1924 жылы («Оқу құралы» оқу кітабы Орынборда шығады)

12. 1928 жылы (Қазақстанда ірі байларды тәркілеу тұсында «Соларға іш тартты жаңа саясатты қолдамады» деген айыптар тағылып түрмеге қамалады)

13. 1909 жылы («Оян қазақ» атты өлеңі жарыққа шығады)

14. 1922 жылы («Балқия» пьесасы Орынбор қаласында шығады)

III топ

15. 1904 жылы( Міржақып Дулатов Омбыға келеді)

16.1920 жылы (Ташкентке келіп, сондағы «Ақ жол» газетінде қызмет атқарады)

17. 1905 жылы (Ахмет Байтұрсыновпен бірге Қарқаралыға барып, патшаның отарлау саясатына қарсы ұйымдастырылған ереуілді көреді)

18. 1902 жылы( Ауылда мұғалім болады)

19. 1922 жылы (Орынбордағы ағарту институтында оқытушы болады)

20. 1910 жылы (Қазан қаласында «Бақытсыз Жамал» романы шығады)

21. 1907 жылы (Петербургте шыққан «Серке» газетіне «Жастарға» деген өлеңі жарияланды)

3. Оқытушының кіріспе сөзі. (3 минут).

Қазақ әдебиетіндегі таза көркем проза үлгісінде туған тұңғыш роман-«Бақытсыз Жамал» романы 1910 жылы Қазан қаласында басылып шықты.

Ахмет Байтұрсынов: «Біздің арамызда қазақша бірінші роман жазған Міржақып Дулатов болды» деп алғаш пікір айтқан, романды бағалаған.

Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Бақытсыз Жамал» романы.

Мақсаты: «Бақытсыз Жамал» романының тақырыбын, идеялық мазмұнын білу.

4. Жаңа сабақты түсіндіру. (10 минут) (екі студент тұсаукесер қорғайды). (Жоспар бойынша мазмұнына тоқталады)

Тегі: эпос.

Жанры: роман-үлкен көлемдегі және прозалық үлгіде жазылған эпикалық туынды. Өмірде болған, не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын көлемді, ұзақ мерзімді оқиғаларды арқау етіп, адам өмірін ағымдағы сан алуан құбылыстармен тұтастықта, мейлінше жан-жақты көрсетеді.

Түрі: трагедиялық шығарма.

Тақырыбы: әйел теңсіздігі.

Идеясы: Романның өлеңмен жазылған сөз басында:

Жамалдың жайын жаздық бұл кітапта,

Бақытсыз бір қыз екен осы шақта.

Біреуге хас нәрсе емес, хәм болған іс,

Жайылған бұл бір ғұрып хәр қазақта.

Айырсын оқушылар мағынасын,

Жай ғана хикая деп қарамасын.

Көрген кім шариғаттан деген сөзді:

“Қор етіп әйел халқын аямасын”- деген жолдардан автордың көздеген мақсаты аңғарылады.

Роман екі сюжетте көрініс табады. Бірінші-Жамал мен Ғалидің кездескен сәттерін, сырласып, бір-біріне берік сенісіп, бір-бірін тең тұтып, бағалап, сүйіп қосылмақ болған жандар екенін, өздерінің бақыты үшін күреске бел байлап жолға шыққан тұстарын М.Дулатұлы жылы сезіммен тебірене жазғандығы. Екіншісі- Ғалидің кенеттен ауруынан бастап, ғашығынан айырыларын сезінген Жамалдың көзінен қанды жас төгіліп, ас ішпей, кірпік қақпай зор қасіретке түсуі суреттелген.

I бөлім. Крестьянский начальник.

II бөлім. Үмітсіз -шайтан.

III бөлім. Еркек балаша киінген Жамал.

IV бөлім. Жамалдың молладан дәріс алуы.

V бөлім. Сайлау.

VI бөлім. Байжан мен Сәрсембайдың құда болуы.

VII бөлім. Басындағы бағы жоқ Жамал.

VIII бөлім. Ғали мен Жамалдың кездесуі.

IX бөлім. Ғали мен Жамалдың арасындағы ғашықтық сезім

X бөлім. Қос ғашықтың қол ұстасып қашуы

XI бөлім. Ел ішіндегі дау

XII бөлім. Жас ғұмырдың сөнугі

XIII бөлім. Жамалдың көрген қорлығы

5. Үш топ берілген кесте бойынша жұмыстарын талқылап қорғайды. (13 минут) Өр топ өзіне берілген тапсырмаға тиесілі тақырыпты постерге салып, қорғайды. (постерге – 10 минут, қорғауға –3 минут)

I топ. (Талқылау кестесі)

Шығарманың тақырыбы Талқылау	«Бақытсыз Жамал» романы
Негізгі кейіпкер	
Тақырып	
Әрекет	
Осы әрекетке итермелеген нәрсе	
Жазалаушы тарап	
Олардың бойындағы қасиет	
Шығарманың аяқталуы	

II топ. (Тұжырым кестесі)

Кейіпкердің аты	Мінездеме	Кейіпкер әрекетіне баға
Жамал		
Ғали		
Сәрсенбай		

Байжан		
Шолпан		
Жұман		

III топ. (Салыстыру кестесі)

Ескі әлем	Жаңа әлем
Сауатсыздық	
Жасы үлкен кісіге тұрмысқа шығу	
Қалың мал	
Әлеуметтік теңсіздік	
Қазақ қыздарының бас бостандығы	

6. Миға шабуыл (5 минут) / аудиокітап боюнша романнан үзінділер тыңдалады, жылдам жауап беру арқылы әр топ үзінді қай бөлімнен алынғанын анықтайды/

7. Мағынаны ажырату.(10 минут)

Жазушының «Бақытсыз Жамал» романына тоқталайық. Ол үшін тірек-сызбаға сүйене отырып, өзіміз іздеген тың деректермен толықтырайық. Студенттер әңгімелейді.

1. Оқиға болған кезең	«Бақытсыз Жамал»	3. Кейіпкерлер әлемі
2. Саумалкөл	5. Жамал тағдыры	4. Жас ғұмырдың сөнуі

8. Сергіту сәті. «Ауадағы сұрақ» (3 минут). Әр топқа топ басшылары шар лақтырады. Қағып алған шардағы сұраққа жауап береді.

1. Ауыл өмірі қай жерде өтеді? (Саумалкөл)
2. Сәрсенбай шаңырағына шыр етіп дүниеге келген сәбидің есімі? (Жамал)
3. Жамалдың анасының есімі кім? (Шолпан)
4. Жамал қандай қыз? (ақылды, сұлу, оқыған)
5. Жамал қалай киінген? (еркек балаша)
6. Жамалдың оқытушысының есімі кім? (Ғазиз)
7. Ғазиз есімді жігіт қай қалада білім алған? (Уфа)
8. Сәрсенбай өз қызын қай байдың ұлына ұзатады? (Байжан)
9. Байжанның ұлының есімі және жасы нешеде? (Жұман, жасы-17)
10. Жұман қандай бала? (ақылсыз)
11. Жұманды ауылда қалай ағайды? («Таз Жұман»)
12. Сәрсенбай қызын Байжанның баласына не үшін ұзатады? (Байлығы үшін)
13. Жамал жиын-тойда қандай жігітті кездестіреді? (Ғали)
14. Қос ғашық бір-біріне не арқылы сезімдерін жеткізеді? (Өлең)
15. Романдағы жағымсыз кейіпкерді ата? (Жұман, Байжан, Сәрсенбай)
16. Романдағы ең басты кейіпкер кім? (Жамал)
17. Романның авторы? (М.Дулатов)
18. Роман қай жылы жарық көрді? (1910 жылы)
19. Романдағы Ғали бейнесі? (оқыған, мәдениетті)
20. Роман қай қалада басылып шықты? (Қазан қаласы)
21. Ғали Жамалды алып қашып кімнің үйінде паналайды? (Фатихолланың)

22. Жамал қай мезгілде үйінен қашып шығады? (Қыс мезгілінде)
23. Романның тегі? (Эпос)
24. Романның тақырыбы? (Әйел теңсіздігі)
25. Жамал қандай рудан шыққан? (Атығай руы)
26. Сәрсенбайдың екінші әйелінің есімі? (Шолпан)
27. М.Дулатов қай жылы дүниеге келген? (1885 жылы)
28. М.Дулатовтың шығармаларын ата? («Қазақ жерлері», «Таза бұлақ», «Шәкірт»)
29. Қиын-қыстау кезеңде қызы үшін шырылдап, отқа түсетін жан? (Анасы Шолпан)
30. Байжан қандай мінезді адам? (Қатігез)
9. Композициялық-сюжеттік талдау: (5 минут) (Интербелсенді тақтада талдау).

Оқиғаның басталуы: ел жағдайы, заман көрінісі.

Дамуы: Сәрсенбайдың бір перзентке зар болып, Жарасбай молданың қызы Шолпанды айттыруы. Жамалдың дүниеге келуі, ерке өсуі, оқуы.

Шиеленісуі: Сәрсенбайдың елдің сөзіне еріп, билікке таласқа түсуі.

Билік үшін Байжанмен құдаласуы.

Жамалдың Байжанның баласы Жұманды ұнатпауы, қайғыруы.

Жамал мен Ғалидің бірін-бірі сүйуі, көңіл қосуы.

Шарықтау шегі: Ғалидің Жамалды алып қашуы. Ғалидің кенеттен ауырып, қайтыс болуы.

Жамалдың еріксіз Жұманға тиюі, бақытсыз өмірі.

Аяқталуы: Жамалды Жұманның қорлығына шыдамай, қалаға қашпақ болып, боранды түнде үсіп өлуі.

10. Сабакты бекіту. (15 минут) РАПТ әдісі бойынша кейіпкерге хат жазады:

Рөл	Аудитория	Пішін	Тақырып
Өз қалауымен	Өз қалауымен	Хат	Жамал
Өз қалауымен	Өз қалауымен	Хат	Ғали
Өз қалауымен	Өз қалауымен	Хат	Сәрсенбай
Өз қалауымен	Өз қалауымен	Хат	Жұман
Өз қалауымен	Өз қалауымен	Хат	Шолпан

11. Рефлексия.(2 минут). -Бүгінгі тақырып боюнша алдымызға қойған мақсатқа жете алдық па? Сабак несімен ұнады? Не ой түйдіңіз?

12. Үй тапсырмасын беру (2 минут):

III деңгей: шығармаға жоспар құру

II деңгей: көркемдеуіш құралдарын табу.

I деңгей: «Азаттықты аңсаған Жамал» тақырыбында шығарма жазу.

13. Кері байланыс (2 минут): стикерде тілектері мен ұсыныстарын арнайы « Мәуелі ағашқа» жапсырып қалдырады. (2 минут)

14. Студенттердің білімін бағалау. (3 минут) Топ басшысы өз тобындағы студенттерді бағалайды, сабақ соңында толық бағаларын оқытушы толықтырып журналға қояды.

Бағалау парақшасы: жеке дара ұпай саны бойынша 12-15 ұпай жинаған оқушылар «5» деген бағамен, 6-11 ұпай жинаған оқушылар «4» деген бағамен, 3-5 ұпай жинаған оқушылар «3» деген бағамен бағаланады. Топпен жұмыстағы ұпай санымен оқытушы толықтырып толық бағасын журналға қояды.


## ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ. «АҚЫЛЕК» РОМАНЫ

Мақсаты	Оқушылар тақырыпты түсініп оқу арқылы біліктілігін, сөздік қорын жетілдіреді, жан-жақты ойлауға үйренеді.		
Жалпы мақсат	Тақырыпты түсініп оқи білуге баулу. Тілін, сөздік қорларын дамыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын арттыру.		
Күтілетін нәтиже	Жаңа сөздерді үйренеді. Сұрақ қойып жауап алмасуды қалыптастырады. Ойын түрлерін салыстырады.		
	АКТ”, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыңи тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”.		
7 модульдің қолданылуы	АКТ”, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыңи тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”.		
Қолданылатын әдіс-тәсілдер.	Кім шапшаң?, Сөзімді аяқта, Почто, Автор орындығы.		
Қолданылатын ресурстар	Флипчарт, маркерлер, портреттер, тақта, стикерлер, ноутбук.		
Ұйымдастыру кезеңі. Тренинг.	Әр топқа бағалау парағын таратып беру. Фигуралармен бағалау әдісімен бағалау үшін фигуралар таратып беру «Сандарды бейнеле» ойыны арқылы психологиялық ахуалды жақсарту	Бағалау парағы арқылы топбасшылар өз топ мүшелерін бағалап отырады. Қимылымен бейнелеу.	
Сабақ кезеңдері	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Білім Қызығушылықтарын ояту.	«Кім шапшаң?» ойынын пайдалану арқылы сұрақ-жауап сәтін өткізу.	Үйге берілген тапсырманы сұрақ-жауап арқылы әр топты диалогқа түсіру. Өткен тақырып арналған үй тапсырмасын қайталауға сұрақтар жасалып, интерактивті тақтада көрсетіледі, крассворд, карточкалар.	Мұғалім берген тапсырманы орындау. Слайдта жазылған барлық қайталау сұрақтары мен тапсырмалар интерактивті тақтада беріліп, әр топ өз білгендерін, білетіндерін сыни тұрғыдан ойлау арқылы нақты дәлелдермен жауап береді, карточкамен жауап беру.

Түсіну	«Сөзімді аяқта» ойыны арқылы өткен тақырыпты қайталау жаңа тақырыпты өздері ашады.	Жаңа сабақты бастамас бұрын ой қозғау мақсатында оқушыларға сұрақ арқылы өткен тақырыпты еске түсіруге байланысты бірнеше тапсырмалар беру слайд арқылы, ол тапсырма аяқталмаған.	Оқушылардың мұндағы мақсаты берілген тапсырмаларды қатесіз топпен орындау, білімдерін тексеру. Топпен жұмыс жасау.
Қолдану	«Ақбілек» романы. Постермен жаңа тақырыпты қорғау	Осы көрсетілген жаңа тақырыпты оқушыларға қысқаша түсіндіру мақсатында жаңа материалдарға байланысты ресурстар беру, өз беттерінше дайындық жасату. Кітаппен жұмыс жасату Постер арқылы тақырыптарын қорғату	Оқушылардың мақсаты мұғалімді тыңдау, өз ойлары мен пікірлерін айту. Постер арқылы бар білімдерін топпен талқылап, ортаға топтан оқушы шығып, тапсырманы постер арқылы қорғайды және өз пікірлерін ортаға салады, бір-біріне түсіндіреді.
Сергіту сәті	«Әр уақытыңды бағала».	Оқушылармен бірге бейнероликтен үзінді көру.	Интербелсенді тақтадағы бейнероликтен не ұққандарын түсіндіреді.
Талдау	«Автор » орындығы. Тақырып туралы ойларын жеткізу «Ақбілек» романы	Топтарға жаңа тақырып бойынша және өткен сабақты толық меңгерту мақсатында тапсырмалар беріледі. Сұрақтар мен қосымша тапсырмалар жаңа тақырып бойынша, сабақты қалай түсінгендігін тексеру және сұрақтар беру арқылы жұмыс істеу. Топпен талқылату. Ортадан білімді оқушы шығып өз ойын сыныпқа жеткізу.	Берілген жаңа тақырыпты топта талқылайды, өз ойларын ортаға салады, тексереді, нәтижесін қағазға тамаша жазған оқушы ортадағы орындыққа отырып оқиды. Қосымша сұрақтарға жауап береді. Берілген сұрақтар арқылы топтар бір-біріне сұрақ қою арқылы диалогке түседі.
Жинақтау	Шығармашылық тапсырма «Ақбілек» романы (Сурет арқылы тақырыпты жинақтау, бағалау)	Мұғалім жаңа тақырыпқа байланысты суреттер мен тапсырма қағаздарын таратады, топпен оқушылар өз ұстаздары жайлы ретпен жазып көрсетеді.	Оқушылардың мақсаты берілген сұраққа өз ойларын сурет арқылы жеткізу, суретті сипаттау
Бағалау	«Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы оқушылар бүгінгі сабаққа деген ойын стикерге жазып, тақтаға іледі.	Мұғалім әр топқа бағалау өлшемдерін таратады, бағалау парақшаларын береді	Оқушылар бағалау өлшемдерін пайдаланып бағалайды.
Рефлексия	Стикерлерді толтыру.	Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну.	Ұсынылған стикерді толтыру.

Л.СӘРСЕНБАЕВА,  
О.Исаев атындағы ЖОББМ.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Ақжайық ауданы

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ




Мұғалімнің кіріспе сөзі: *Жүрегімнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,  
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!*

- Балалар, бұл кімнің өлеңі?

- Әрине, Абайдың, олай болса бүгінгі сабағымыздың тақырыбы:

Абай бастаған жаңашыл, реалистік әдебиеттің өкілі, Шығыс әлеміндегі аса ірі, көрнекті ғұлама өкілі саналатын Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы.

Сабақ барысы: «Топтастыру» стратегиясы.



Бүгінгі сабақ жоспары:

1. Шәкәрімнің өмірбаянына тоқталу.
2. Оятқан ерте мені Шығыс жыры. Әлемге қанат қағу.

1905-1906 жылдары Меккеге баруы, Абайдың білім іздеу бағытын ұстанғаны туралы.

3. Орыс әдебиетіне бой ұруы, өмірбаяндық жырларын негізге алу.

3. Лирикалық шығармаларындағы халық мұңы.

4. Ақынның ағартушылық, гуманистік идеялары. Ар туралы лирикалары.

5. Ақын мұрасындағы ерекше тақырып-еңбек.

6. Ақынның өнер, сөз құдіреті туралы өлеңдері.

7. Жастық, махаббат туралы шығармалары.

8. Ақынның философиялық, педагогикалық, психологиялық ой жүйесін білдіретін өлеңдері.

9. Поэмасы.

10. Мысалы.

Мағынаны тану. Осы жоспар бойынша оқушылар түсінгендерін қысқаша айтып шығады. Салыстырыңыз.

- Абай мен Шәкәрім шығармаларының арасындағы қандай ұқсастықты байқадыңыз?

Зерттеңіз.

Шәкәрім шығармалары бүгінгі күнгі өзекті мәселелерге қатысы бар дегенге келіссіз бе?

Оқушылар пікірін тыңдау.

Сабақты қорытындылау. Бүгінгі сабақ бойынша алған әсерлерін айту немесе тыңдау.

Үйге тапсырма: Шәкәрімнің өлеңдерін жатқа айту, оқулықтан тыс шығармаларын оқу.

Оқушыны бағалау.

**М.КӨБЕГЕНОВА,**  
**М.Бегенов атындағы**  
**орта мектеп.**  
 Маңғыстау облысы,  
 Бейнеу ауданы,  
 Ақжігіт ауылы

## **ӘБУ СӘРСЕНБАЕВ. «ТУҒАН ЖЕР», «СЕН ҚҰРМЕТТЕ ОНЫ, ҚАРАҒЫМ»**

Құзыреттілікке жеткізетін мақсат-міндеттері: Ақпарат көздері арқылы оқушыларға Әбу Сәрсенбаевтің өмірі мен шығармашылығын, «Туған жер», «Сен, құрметте оны, қарағым» өлеңдерінің мазмұнын меңгерту. «Туған жер», «Сен, құрметте оны, қарағым» өлеңдерінің идеясы бойынша алған білімдерін ауызша және жазбаша тілде қолдана білуін қалыптастыру. Әдісі: тақырып бойынша сұрақтар мен тапсырмалар беру арқылы өз беттерімен жұмыстануға, ізденуге дағдыландыру. Жаңа материалды меңгерту.

Сабақта қолданылатын педагогикалық технологиялар: сөздік, көркемдеп оқу, көрнекілік, АКТ, дамыта оқыту, сатылай-кешенді талдау. Көрнекілігі: интерактивті тақта, бейнетаспа, портрет, кеспе қағаздар. Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, қазақ тілі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі: Топқа бөлу.

1-топ: «Аманат». 2-топ: «Парыз». 3-топ: «Борыш».

I. Неге топқа осындай ат қойды деп ойлайсындар?

Мұғалім сөзі: - Оқушылар, борыш, парыз деп елдің жүгін арқалап жүрген азаматтар елімізде аз емес. Солардың бірі-Әбу Сәрсенбаев. Бейнетаспаға назар аударайық.

Бейнетаспадан Әбу Сәрсенбаев туралы мәлімет көрсету.

II. Өткен материалды қайталау арқылы жаңа материалды

қабылдауға дайындық.

«Ой қозғау» стратегиясы: Бейнетаспа арқылы Ұлы Отан соғысынан үзінді көрсету. Б.Момышұлының өз дауысы.

III. Бейнетаспадан екі өлеңді тындау.

1. Оқушылар, бұл қай кездегі оқиға?

2. Бұнда не көрсетілген?

3. Бұл соғыс туралы не білесіңдер?

Олай болса, біз бүгін сабағымызды Ұлы Отан соғысының майдангері, жазушы, өз шығармаларында сұм соғыстың ауыр кезеңдерін суреттеген, теңізде туып, теңіздің әнін салған Әбу Сәрсенбаевтың екі лирикалық өлеңіне арнаймыз.

Лирика – ақынның ішкі сезімін, күйінішін, қуанышын, қайғысын, арман-мұратын, өмірге көзқарасын сыр ғып шертетін өлең.

Сөздікпен жұмыс:

IV. «Мағынаны тану» стратегиясы. Топтық жұмыс.

1-топ.»Аманат»: «Туған жер» өлеңін оқып, мағынасын ашу.

2-топ. «Парыз»: «Сен құрметте оны, қарағым» өлеңін оқып, мағынасын ашу.

3-топ. «Борыш»: Екі өлеңнің арасында қандай үндестік бар екенін табыңыз.

V. «Екі жақты түсініктеме күнделігі» стратегиясы.

1-топ. «Аманат».

Ақын сөзі	Менің ойым	Түйін
Тұнығыннан жүзіп іштім сендегі, Таңғы жұпар алтын арай самалдың.		
Ол ақшаға сатқан жоқ, Тізеден кесіп аяғын. Еріккеннен де ұстап жүрген жоқ		
Қолтықтағы ұзын таяғын..		

2-топ. «Парыз».

Ақын сөзі	Менің ойым	Түйін
Өзің тұрдың қарлы оқоптан сығалап, Сонау қатаң қаһарлы жыл кешінде.		



Ол арыстанша алысты Денесін оқ пәршелесе де, ел намысын қорғап қалды.		
---	--	--

3-топ. «Борыш».

Акын сөзі	Менің ойым	Түйін
Сенен артық қасиет жоқ-ты, жер, тегі Сен ұрпақтың күліп атар ертені.		
Кешегі елге қатер төнгенде ол жауға қарсы шапты. Бізді жалмамақ болған тажалды өр кеудесімен қақты.		

VI. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді тауып қойып, қандай көркемдегіш құрал бар екенін анықтаңыз.

«Аманат»	«Парыз»	«Борыш»
1. Алтын арай ... таңғы жұпар самалдың 2. Өзін тұрдың ... оқоптан сығалап 3. ... кеудесімен қақты 4. Қолтықтан ... ұзын таяғын	1. Сен ..., адам сенің ... 2. Сен ұрпақтың .....	1. Ол ... алысты 2. Түсіндің бе ...?!

VII. Ойтолғау.

«Аманат» тобы: Сен құрметте оны...

(Біз кімдерді құрметтеуіміз керек?)

«Парыз» тобы: «Отан үшін отқа түс, күймейсің»

(Ерлік сабақтастығы, бүгінгі күннің батырлары)

«Борыш» тобы: «Көркейтуге міндеттімін мен сені...»

(Туған жердің болашағы туралы ой)

«Бес жолды өлең» стратегиясы.

	Зат есім: 1 сөз	Туған жер	Ерлік	Соғыс
1	Зат есім: 1 сөз			
2	Сын есім: 2 сөз			
3	Етістік: 3 сөз			
4	4 сөзден тұратын бір сөйлем			
5	Синоним			

Кері байланыс:

Білемін	Білдім	Білгім келеді

VI. Үйге тапсырма: Ә.Сәрсенбаевтың шығармашылығы туралы ақпарат жинақтау, өлеңдердің қалағанын жаттау.

**С.ӘБЕНОВА,**  
**«Сейтқамза Ластаев**  
**атындағы орта мектебі» КММ.**  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Катонқарағай ауданы,  
Катонқарағай ауылы

## М.ЖҰМАБАЕВ. «СҮЙЕМІН»

Мақсаты	Мағжанның ақындық ерекшелігіне, өміріне тоқтала отырып, өлеңнің тақырыбы мен идеясын ашып көрсету. Елін, халқын, анасын құрметтеуге, Отанын сүюге тәрбиелеу. Оқушылардың көркем оқу шеберлігін, ой-өрістерін дамыту, поэзиялық шығармаларды талдау дағдыларын жетілдіру. Жергілікті акын Т.Бияровтың туындысымен таныстыру, салыстыру.
Негізгі идея	Өлең мазмұнымен таныса отырып, лирикалық кейіпкерді анықтайды, өлең мазмұнын өмірмен байланыстырады; өзара пікір алмасады, іс-әрекеттерін талдайды; оқушылар өз ойларын қорғай білуге үйренеді, бір-бірін тыңдайды.
Негізгі идея	Өлең мазмұнымен таныса отырып, лирикалық кейіпкерді анықтайды, өлең мазмұнын өмірмен байланыстырады; өзара пікір алмасады, іс-әрекеттерін талдайды; оқушылар өз ойларын қорғай білуге үйренеді, бір-бірін тыңдайды.
Күтілетін нәтиже	Осы сабақтан кейін балалар бұрынғы білгендері мен жаңа білімді байланыстыра отырып, соның нәтижесінде өмірге қажетін алады. Топтық жұмыстың маңыздылығын, қажеттілігін түсінеді. Әр оқушы өзінің топта қажеттілігін сезінеді. Сыныпта достық қарым-қатынас орнайды.
7 модульдің қолданылуы	АКТ”, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”. Талантты және дарынды балалармен жұмыс.
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, талдау, түсіндіру, «Бес жолды өлең», «Топтастыру», «Автор орындығы», т.б.
Қолданылатын ресурстар	Стикерлер, маркерлер, интернет желісі, үлестірмелі парақтар, т.б.

Ұйымдастыру кезеңі. Тренинг	Сәлемдесу. Сыныпта психологиялық жағымды ахуал орнату. Топтарға бөлу. Жолбарыс, арыстан қыран, от деп 4 топқа бөлу. Балалар, тақтаға назар аударындаршы кімдердің суретін көріп тұрсындар? (тақтадан «Бес арыстың» суретін көрсету.) Неге бұларды «Бес арыс» деп атаймыз? Бүгінгі күн қолдарындағы суреттерді жырына арқау еткен, қай ақынның шығармасымен танысамыз деп ойлайсындар? 6-сыныпта өткен «Мен кім?», «Мен жастарға сенемін» өлеңдерін кім біледі? Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты, Қырандай күшті қанатты, Көздерінде от ойнар, Сөздерінде жалын бар, Мен жастарға сенемін! Бүгінгі сабақты жақсы меңгеретіндеріңе мен сенемін!			Оқушылар суреттерді өз таңдаулары бойынша алып, топқа бөлінеді. Тақтадағы слайдка назарларын аудартып көрген адамдардың аттарын атайды. Қойылған сұрақтарға бұрынғы білімдерін пайдаланып жауап береді. «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, Арыстанмын айбатыма кім шыдар? Жолбарыспын маған қарсы кім тұрар? т.б. ақынның сөздерін естеріне түсіреді.
Сабақ кезеңдері	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті	
Білім	«Терминдер арқылы болжау»	Ана. Жар. Алаш. Жер Отан. Махаббат. (Слайдтан суреті көрсетіледі. Сауал қоя білу, талдау жасай білу, баяндау және қызу ой талқысын жасай білу қабілеттерін жетілдіру жолдарын беру)	Әр оқушы осы термин сөздерді пайдаланып, әр түрлі әңгімелер жазады. Бқтимал жауаптар тыңдалады) топпен бірлесіп жұмыс жасау, қарым-қатынас шеберлігін ұтымды пайдалана білу -оқулықтан басқа ақпараттар көзін ашу.	
Түсіну	Бейнетаспа көрсету немесе «Білім медиа» сайтынан 7-сыныпқа арналған тақырыпты ашып малғұмат беру. Кітаппен жұмыс. «Тума талант», «Сегіз қырлы, бір сырлы Мағжан», «Мағжан-оптимист», «Мағжан-сезімтал, нәзік ақын».	Бүгінгі сабақтың тақырыбы айтылып, мақсатын оқушылармен бірлесе қою. М.Жұмабаев «Сүйемін» өлеңі. Тақырып бойынша атқарылатын жұмыстар: а) Мағжан өміріне байланысты 94-беттегі мәліметті 4 бөлімге бөлемін. Әр бөлімге тақырып қойып, 4 топқа таратамын.	- Бүгінгі сабаққа қатысты өз мақсаттарын қояды. - Бейне роликті көреді пікірлерін айтады. (Топтағы балалар тақырыптың қай бөлімге қатысты екенін табады да, сол бөлімді мазмұндайды) 5 мин.	

Қолдану	«Автор орындығы». Сөздік жұмыс.	«Сүйемін» өлеңін мәнерлеп оқыту. Тасбиық-діни адамдардың сыйыну үшін қолданатын моншақ тізбегі. Алаш-ежелгі казак тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы «казак» деуден бұрынғы атауы. Кебін-өмірден өткен адамдарды орайтын ақ матадан тігілген киім. Қабақ-адам бетінің жоғарғы жағы, қастың тұсы. 2 мин.	Автор орындығына келіп 2-3 оқушы мәнерлеп оқиды. Жаңа сөздердің мағынасын ашып түсінеді. Бұрын естіген, көргендері болса қысқаша әңгімелеп береді.
Сергіту сәті.	Ел, жер, ана, жар туралы ән салу.	1-топ. Ел. 2-топ. Жер. 3- топ. Ана.	Әр топ оқушылары осы сөздерге қатысы бар әндердің бір шумағын айтады.
Талдау.	Топтық жұмыс.	4 топқа өлеңдегі төрт тақырыпты беремін. I топ. «Ана». II топ. «Жар» қандай? III топ. «Ел, халық». IV топ. «Сарыарқа». Сұрақ: -Балалар, Мағжан анасын, жарын, елін, жерін қалай сипаттаған? Қандай сөздерді қолданған? - Ал, ұнамсыз, құлаққа жағымсыз сөздермен сипаттай тұра, «неге екенін білмеймін- сол анамды, жарымды, елімді, жерімді сүйемін!»-деп не себептен айтты деп ойлайсындар? Неге екенін сендер білесіңдер ме?	Топта әр оқушы осы аталған ұғымдарды Мағжан қалай өлеңде сипаттағандығы жайлы ойларын ортаға салып, қорғайды. Мағжан нені сүйетінін үш тілде айту. I. Сол анамды сүйемін! Сол жарымды сүйемін! Сол елімді сүйемін! Сол Арқамды сүйемін!

Жинақтау	Мәтінмен жұмыс. Өлең құрылысына талдау.	Ой толғау. Семантикалық кесте толтыру. Жергілікті компонент. Төлеухан Бияров өмірі мен «Сүйемін, Табиғат!» өлеңі туралы айту. Концептуалдық кесте Өлең құрылысына талдау. Өлеңде 4 шумақ ,әр шумағы 9 тармақтан, әр тармағы 2, 3 бунақтан тұрады. Ұйқасы (а а б в в б а г г) аралас ұйқас.	(Тақтадағы балалар жұмыс істеп жатқанда топтағы балалар кесте толтырады) 5 мин.
----------	--	--	---

	Ой толғау. Семантикалық кесте толтыру. Жергілікті компонент. Төлеухан Бияров өмірі мен «Сүйемін, Табиғат!» өлеңі туралы айту. Концептуалдық кесте.	1. Дарынды балалар «Ана», «Туған жер» тақырыптарына эссе жазады. 2. Қалған оқушылар: 1,3-топ.Сұрау есімдіктерін пайдаланып...(тақырып бойынша 6 сұрақ дайындау) Кім? Не? Қашан? Қайда? Неге? Қалай? 2,4-топ «Мағжан» деген сөзге 5 жолды өлең. 5 мин. Мағжан сүйеді, Төлеухан сүйеді, Мен сүйемін.	
Үй тапсырмасы.	Өлеңді жаттау. «Анадай асыл бар ма екен?!» тақырыбына эссе жазу.	Түсінік береді.	Күнделіктеріне жазады.
Бағалау.	Бағалау (түрлері) -оқушының өзін-өзі бағалауы -топтың өзін-өзі бағалауы -мұғалімнің бағалауы -жалпы бағалау -өлшемдер арқылы бағалау.	Аты-жөні: Тақыр. игеруі. Тіл байлығы. Топтағы жұмысқа қатысуы. Қорытынды. Ұпай баға. Ең жоғарғы ұпай- 3 8-9 ұпай-«5» Орташа ұпай-2 6-7 ұпай-«4» Төменгі ұпай-1 4-5 ұпай-«3»	Топ басшылары топ мүшелерін бағалайды.

## ӘДЕБИЕТТЕ КЕЗДЕСЕТІН ҚАСҚЫР БЕЙНЕСІ

Қасқырдың ішіндегі көк аспан түстес келетіндері мен ақ қасқырлар аса киелі хайуан болып есептеледі. Ежелгі Қытай жазбаларында елсізде қалған баланы бір қасқыр тауып алады да өз сүтімен асырайды.

Қасқыр - қайсар, аса сақ хайуан. Қайсарлығы оның кез келген айқаста жетістікке жеткенше не жеңіліп, демі үзілгенше шайқасуынан көрінеді. Құлығын да асыра алады. Қауіп-қатерден сақтану үшін ұлиды. Ол өзінің маңдай терімен ұстаған олжасын ғана жейді. Қасқыр түнде де айналасындағы қозғалыстарды айқын көре алады, өйткені көзінде жарықты шағылыстыратын қабат болады.

Бір-біріне деген адалдығын қасқырдың басты ерекшелігі ретінде атауға болады. Олар жақсылықты түсініп, қайтарымы болған. Адам сияқты қайғырғанына куә болған адамдар бар.

Қасқырлар туралы ырымдар да аз емес. Қасқырды өлтірген қаруды пайдаланбаған. Өлген қасқырдың бауырлары міндетті түрде кек алуға ұмтылған.

Әдеби шығармаларда қасқыр бейнесі көп кездеседі. Мысалға М.Әуезов «Көксерек» әңгімесінде қасқыр, табиғат, адам мәселесі сөз болады. Жаратылыстағы адам мен табиғат теңдігінің қатынас дәрежесі көрсетіледі. Адамдар табиғаттың өз заңдылығына қарсы шығып, қасқырлар мекенін ойрандап, оның күшігін енесінен айырып, ауыл тұтқыны етеді. Мұнда қасқырлардың адам үстемдігіне еш көнбейтіндігінің ең нанымды дәлелі Көксерек баланы жарып кетуінен айқын көрінеді.

Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романындағы «Жалаңаш қасқыр» үзіндісінде ханның бағында жайылып жүрген семіз елікті жарып жеген арлан, әлгі мол етті сіңіріп, тарғыл жартастың астындағы үңгірде ұйықтап жатса керек. Не керек, бүкіл әлем жиналып, әлгі арланды тірідей ауылға алып келіп, ханның алдына тастайды. Аяқтары қыл шылбырмен матаулы. Аузын да қайыспен құрсаулап тастапты. Тек ызадан от тұтанған көздері ғана аласұрады. Хан қасқырдың терісін тірідей сыпырындар,- деп бұйырады.

Тірі қасқырға пышақ салып, терісін сыпырғанда әлгі арлан бір

қыңк етпеді. Тек шоқ көздерінен бірер тамшы жас шыкса керек. Жанына жаман батса да артқы аяқтарымен шоқшынып отыра қалып, алдыңғы екі аяғымен жер тіреп, хан отырған таққа қарап қойып содан соң, қан толы көзін жұмып алып, тұмсығын көкке көтеріп, әй, бір ұлыды. Жалаңаш қасқыр жалаң еті дірдір етіп, безгек қағып, көкке қарап зарлана ұлығанда, жұмулы көзден қан тамшылады. Патшаға да шүкіршілік, тәуба керек қой. Содан соң әлгі айбынды асқақ ханның билігі бешінге, ақшамға қарай құлдырай береді.

Көкбөрі баласы ит сияқты адамға жарамсақтана алмайды. Ол үрмейді де, қыңсылап жыламайды да. Тек, көктегі Тәңірге ғана мұңын шағады. соған ғана бағынады. Әйтпесе, адамдар қасқырды асырап, қолға үйретпек боп талай әуреге түскен.

Ш.Айтматовтың «Плаха» романы өз оқырмандарын ерекше кейіпкерлері және көрінісімен қызықтырды. Жазушы табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынасқа көп көңіл бөледі.

Бірінші желі-екі қасқыр-Ақбар мен Тайшайнардың тағдыры. Ш.Айтматов өз шығармасын адамдар туралы емес, қасқырлар жөнінде бастауы. Адам тағдыры жануарлардың тағдырымен жиі қиылысады. Қасқырлар адамдардан кек ала бастайды. Оларға да адамдарға тән сезім мен уайым берілген.

Мұхтар Мағауиннің «Қасқыр-Бөрі» әңгімесі. Автор шағын ғана әңгімені төрт бөлімге бөліп берген.

«Қазақтың қасқыры бағзы заманда әлемдегі ең айбарлы аң болған» деп басталады. Түркілер өздерінің ата-тегі қасқыр деп санаған. Туға алтынмен әріптелген бөрінің басын бейнелеген.

Көк бөрі бейнесі Әлем әдебиетінің інжу-маржаны «Қоқыт ата кітабында» да ұшырасады. Көк бөрі бейнесі ауыз әдебиетінде хандар мен батырлардың ұлылығын, ерлігін суреттеу, бірде – бір теңестіріле көрсететін образ. Қазақ эпостарында көк бөрі ерлік пен батырлықтың баламасы ретінде алынған. Басқа да түркі халықтарының эпостарында қасқыр бейнесі көп кездеседі. Хақас халқының халық эпосы «Албынжида» Аққасқыр Албынжи батырдың басты көмекшісі қызметін атқарады.

Қиял-ғажайып ертегілеріндегі қасқырлар басты кейіпкермен адамша сөйлесіп, достасып жүреді. Адамға жол көрсетіп, арман-мақсатына жетуіне көмектеседі.

Көк бөрі бейнесі түркі халықтарының мақал-мәтелдерінде, қанатты сөздерінде үлкен орын алған.

Бөрінің орнына қасқыр келді, бірақ екеуі бір-ақ аң. Кейінгі қасқыр бұрынғы бөріден бола алмайды. Ырыс, ұран, батыр болған Бөрі енді қасқыр болып сорға айналды. Шын мәнінде сыпырылған-тері емес, Рух! Кешегі қызыл бөрі, көк бөрі ұрпағы өзінің әуелгі қалыбын табуы үшін тек жүрек қана басқаша соғуы керек.

**Ф.ШАМАНОВА,**  
**Мұхаметқұл Исламқұлов атындағы**  
**жалпы орта мектеп.**

Оңтүстік Қазақстан облысы,

Ордабасы ауданы,

Шұбарсу елді мекені

## АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ. «ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ»

Мақсаты: Абай Құнанбайұлының қара сөздеріндегі тақырыпты ашу, өзіндік ерекшеліктерін талдау, ойлау қабілеттерін, шығармашылық ізденісін дамыту, оқушыларды өзінше ой қорытуға баулу, шығармашылық жұмысқа жұмылдыру.

Қүтілетін нәтижелер: Жиырма тоғызыншы қара сөздің мазмұнын меңгереді, басты идеясын түсінеді, пікір алмасады, өзгенің пікірін бағалауға үйренеді.

Ресурстар: интерактивті такта, оқулық, слайд, стикер, бейнетаспалар.

Сабақтың барысы: оқушыларды топтарға бөліну.

Үй тапсырмасын сұрау: "Стикерлермен диалог" әдісі арқылы тексеру.

"Қараңғы түнде тау қалғып" жаттау. Оқушыларға бірнеше сұрақ қойылады.

- 1) "Қараңғы түнде тау қалғып" өлеңін кімнен аударған?
- 2) Ақынды "Қазақтың бас ақыны" деп кім айтқан?
- 3) Ең алғаш шығарған өлеңдерін кімнің атынан жазған?

№	Ойлау деңгейі	Мақсаты	Түркі. Ашық сұрақ. Жағдаят. Тапсырма.	Нәтиже	Бағалау			
					Қалыптастырушы бағалау	Өлшемдер	дискриптор	ұпай
1	Білу	1) Абайдың философиялық ойлары берілген қара сөздерімен білімін кеңейту.	1) Қазақ әдебиеті тарихында ең алғаш жазба әдебиетінің негізін қалаған Ы.Алтынсарин көркем сөз әдебиетінің атасы.	Қазақ әдебиеті тарихында жазба әдебиетінің ары қарай жалғастырушы Абай болғанын біледі.	Топта өзара бағалау.	Абайдың қара сөздерін біледі.	Біледі Жартылай біледі Аз біледі	3 2 1

2	Түсіну	Ақынның жиырма тоғызыншы кара сөзін оқып, мағынасын түсіну.	1) Абай кара сөздерін нешінші жылдары жазған? 2) Қандай тақырыпта жазылған? 3) Абайдың қанша кара сөзі бар?	1) Абайдың 1890 жыл мен 1898 жыл арасында жазылған бір алуан шығармалары «кара сөз» деп аталатынын біледі. 2) Ол сыншылдық, ойшылдық және көбінесе адамгершілік, асыл қасиеттері бойына сіңіреді.	Өзін-өзі бағалау.	Қара сөздердің идеясын меңгеруі.	Меңгереді Жартылай меңгереді Аз меңгереді	3 2 1
3	Қолдану	Қара сөз мазмұнымен таныстыру, түсіну.	Жиырма тоғызыншы кара сөзі. Үнтаспадан тыңдату.	Қара сөз мазмұнымен танысады, түсінеді.	2 жұлдыз 1 тілек	Қара сөздің мазмұнымен танысуы.	Танысады Жартылай танысады Аз танысады	3 2 1
4	Талдау	Сатылай кешенді талдау.	Кез келген нәрсені сол қалпында қабылдай бермей, өзіңе керекті нәрсені танып, талғап ала білуге шақыру. Өтілген тақырыпқа байланысты бірнеше сұрақтарға жауап беру. 1) кара сөзден қандай тағылым үлгі, ақылнакыл алдыңдар? 2) қалай ойлайсыңдар, ақын сынын сол қалпында қабылдауға бола ма? 3) ақынның кара сөз жазудағы негізгі мақсаты не?	Талдау жасау арқылы мақалдардың мағынасын түсінеді.	Өзара бағалау	Талдау жасау арқылы мақалдардың мағынасын түсінуі.	Түсінеді Жартылай түсінеді Аз түсінеді	3 2 1

5	Жинақтау	Абай сынаған мақал-мәтелдерді теріп алып салыстыру жұмыстарын жүргізуі. Тапсырмалармен жұмыс жүргізу.	Абай сынаған мақал-мәтелдерді теріп алып салыстыру жұмыстарды жүргіз. Мақал-мәтелдер, Абайдың сыны, өз пікірін. Асыл сөздің жалғасын тап. Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық .... (аздырар адам баласын) слайд.	Салыстыру жұмыстарын жүргізеді.	Топ ішінде бағалау.	Салыстыру жұмыстарын жүргізуі.	Т о л ы қ жүргізеді Жартылай жүргізеді	3 2
6	Бағалау	Халық арасында мақал болып қалған Абай сөздерімен таныстырып, оқушылар ойланады, өз ойларын дәптерлеріне жазады, критерийлер бойынша бағалайды.	«Абайдың өз сөзімен айтсақ...» эссе, ойтолғау жазу.	Халық арасында мақал болып қалған Абай сөздерімен таныстырып, оқушылар ойланады, өз ойларын дәптерлеріне жазады.	Топ ішінде бағалау.	Қара сөздерімен таныстыруы.	Таныстырады Жартылай таныстырады Аз таныстырады	3 2 1

Мұғалім қорытындысы: Сонымен, балалар, біз Абайдың «Жиырма тоғызыншы сөз» кара сөзі арқылы кез келген нәрсені сол қалпында қабылдай бермей, сын көзбен қарауға өзіңе керекті нәрсені танып, талғап ала білуге үйрендік. Мақалдар жайындағы ой толғаныстарымен таныстық. Қара сөздің мазмұнын, тақырыбын, идеясын, тілін талдадық.

Бағалау: талап парағы арқылы бағалау, стикер арқылы пікір білдіру. Үй тапсырмасы: Абай Құнанбайұлының «Жиырма тоғызыншы сөз».

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ. «МЕН КІМ?», «ҚАЗАҚ ТІЛІ»

Мақсаты: оқушыларға бүкіл өмірін Алашына арнаған ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы мен өмірі туралы меңгертіп, өлеңдерінің мазмұны мен идеясын меңгерту;

Міндеттері: білімділік-Мағжан Жұмабаевтың өмірі, шығармашылығы, мен өлеңдері жайлы толық мәлімет бере отырып, олардың ой-пікірін қалыптастыру, жаңа тақырыпты бар қырынан танып, тапсырмалар арқылы бекіту. Дамытушылық-оқушыларға өлеңді мәнерлеп оқыта отырып, ой-өрісін, ойлау белсенділігін, сөйлеу шеберлігін, тіл мәдениетін дамыту, сөздік қорын молайту, шығармашылық ізденіске баулу. Тәрбиелік- оқушыларға ақынның қаламынан туған өлеңдерінің мазмұнын талдата отырып, оқушылардың бойында патриоттық сезімді, адамгершілік құндылықтарды жетілдіру, Отанын, елін, жерін сүюге тәрбиелеу. Типі: аралас сабақ. Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, әңгімелеу, суреттеу, салыстыру, пікір алысу, «Стоп кадр», мәтінмен жұмыс, түртіп алу, сұрақ-жауап, «Жағымды сөздер», «Тілектер ағашы», бағалау.

Формалары: топпен, сынып ұжымымен жұмыс жүргізу.

Көрнекілігі: Мағжан Жұмабаев суреті, слайд, үлестірмелі парақшалар, стикерлер, алма ағашы.

Сабақтың құрал-жабдықтары: экран, проектор, компьютер, колонкалар.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, тарих, ән.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: (1 мин.)

1. Сәлемдесу.

2. Кезекші мәлімдемесі.

3. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

II. Үй жұмысын тексеру. (5 мин.)

- Балалар, суретке назар аударындаршы. Суретте не бейнеленген? (қара бұлт) Қара бұлт біздің көңіл-күйімізге

қандай әсер береді? (көңіліміз жабырқау болады) Ендеше бүгінгі сабағымыздағы барлық тапсырманы орындап, көңілімізге жақсы ауа райын орнатайық. Бұл бұлт жай шығып тұрған жоқ, себебі бүгінгі үй тапсырмасы-Ахмет Байтұрсыновтың «Қара бұлт» өлеңін мәнерлеп, жатқа айту болатын.

III. Қайталау. Білімді бақылау. (4 мин.)

«Ойлан, тап!» тест сұрақтары арқылы өткен сабақты қайталау.

IV. Жаңа білімді қалыптастыру. (10 мин.)

Проблемалық ситуация туғызу арқылы жаңа тақырыпты анықтау.

Сабақтың мақсаты және эпиграфымен таныстыру.

Мұғалім сөзі: - «Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң,

Шын бақыт,

Осыны ұқ,

Мәңгілік өлмейсің!» - деп Шәкәрім ақын жырлағандай артына, кейінгі ұрпаққа ғибрат аларлықтай із қалдырған, қоғам қайраткері, дарынды ақын, қазақ әдебиетінде орны ерекше біртуар тұлға Мағжан Жұмабаев өмірі мен шығармашылығына арналады.

Сабақтың жоспарымен таныстыру. Күннің жадын, сабақтың тақырыбын жазғызу.

Мұғалім сөзі:

- Сыныпты бес топқа бөліп қойдық: 1-топ: «Зерттеушілер»,

2-топ: «Ақындар», 3-топ: «Жазушылар», 4-топ: «Философтар»,

5-топ: «Тілшілер».

Қызығушылықты ояту. Психологиялық дайындық (көңіл-күй дайындығы).

Үш топ бір-біріне жылы лебіз білдіреді.

Әр топ өз басшыларын сайлайды. Топ басшысы өз тобының жауап берген оқушыларының «Бағалау парағына» баға қойып отырады.

Жаңа сабақты түсіндіру: (Мұғалім сөзі)

Мағжан Жұмабаев (1893-1938)

Кеңес өкіметінің жетпіс жылдық билігі тұсында қазақ әдебиетінің тарихынан жазықсыз сызылып тасталған тұлғалардың бірі – Мағжан Жұмабаев. Талантты ақынның есімі де, маржан жырлары да бұл кезеңде идеологиялық қудалауға ұшырады. Азат өмірді, халқының тәуелсіз ел болған қалпын көруге ұмтылған, сол жолда білегіндегі күшімен де, жүрегіндегі қырымен де күресіп

өткен қайраткер ақынның тағдыры аса күрделі белестерді бастан кешірді.

Бейнетаспа көрсету.

Ақынның лирикалық кейіпкері – аса батыл, нені болса да кесіп айтатын өткір жан.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?

Көкте – бұлт, жерде желмін гулеген,

Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар? –

деп басталатын "Мен кім?" атты өлеңінде Мағжан өзінің лирикалық кейіпкерінің дәл осындай айбатты да қайратты, адал да қайсар бейнесін ашып береді. Ақынның "мені" өзін көктегі күшке, түпсіз теңізге, қызуы мол жалынға, жүйрік тұлпарға теңейді. Патшадай қаһарлы, қазыдай әділ, бидей шешен де өзі.

Ақын өзін немесе өзінің лирикалық кейіпкерін ғана емес, айналасындағы жастарды да "арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты" қалыпта көргісі келеді.

V. Жаңа білімді бекіту. (16 мин.)

«Стоп кадр» әдісі.

- Балалар, ендігі кезек өздеріңізде, алдарыңызда дайын мәтіндер жатыр, сол мәтіндерді пайдаланып, өздеріне керекті сөйлемдерді түртіп жазып алып, Мағжан Жұмабаев және оның шығармалары туралы әрі қарай өздеріңіз айтып берулеріңіз қажет. Әр топ өз атауына сай жауап дайындайды.

Оқушыларға дайындыққа уақыт беріледі. Топ мүшелері топ атауларына сәйкес 1-топ: «Зерттеушілер» ақынның өмірбаянына «Хронологиялық карта» жасайды, 2-топ: «Ақындар» оның өлеңдері туралы, олардың тәрбиелік мәні мен идеясы туралы айтып беріп, Мағжан Жұмабаевтың А 3 форматтағы қағазға жазылған «Мен кім?», «Қазақ тілі» өлеңін оқушыларға өлең құрылысына қарай талдайды. 3-топ: «Жазушылар», Мағжанның әңгімелері туралы айтып, кластер жасауы қажет, 4-топ: «Философтар», ақынның шығармаларын талдап, философиялық тұрғыдан зерттеп, «Ассоциация» жасайды, 5-топ: «Тілшілер».

Әр топтың жауабын тындап болған соң 3 шапалақ ұру қажет.

Сергіту сәті. (2 мин.)

VI. Қорытынды. (3 мин.)

«Жағымды сөздер» (пікіралысу).

- Балалар, бүгінгі сабағымыздың барысында қандай жағымды сөздер мен тың ойлар мен жақсы жауаптар естідіңіздер?

- Біз бүгін ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың «Қазақ тілі» және «Мен кім?» атты өлеңін оқып, талдадық, осыдан шығатын қорытынды біз осы шығармаларды оқи отырып, мазмұны мен тәрбиелік мәніне үңілсек, қазақ тілі, яғни ана тілімізді әрқашан да қастерлеп, болашақта мына сіздер жас ұрпақ құрметке лайықты азамат болып өсулеріңе және еліміздің мақтанышы болатындай тұлға болуларыңа тәрбиелейтін шығармалар болып табылады.

VII. Бағалау. (4 мин.)

Әр топтың басшысы бағалау парақшаларына топ мүшелеріне қойған бағасын жазып, дауыстап оқып береді.

VIII. Рефлексия.

- Балалар, қалай ойлайсыздар, бүгінгі сабағымыз сіздер үшін жемісті болды ма? Олай болса, алдарыңызда тұрған пікірлер ағашына тілек жазылған стикер жемістеріңізді іліп қоюларыңызға болады.

IX. Үйге тапсырма беру.

Мағжан Жұмабаевтың «Мен кім?», «Қазақ тілі» өлеңін жаттап келу.

- Сабағымыз ойдағыдай аяқталды деген ойдамын, енді достық әнін шырқай берсек болады!

*Дос болайық бәріміз,*

*Жарасып тұр әніміз,*

*Тыныштықты сақтаймыз,*

*Атсын күліп таңымыз!*

Қоштасу.

- Сөзімді ақынның өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

*Арыстандай айбатты,*

*Жолбарыстай қайратты,*

*Қырандай күшті, қанатты,*

*Мен жастарға сенемін!* – Қазақстанның жарқын болашағы сіздердің қолдарыңызда. Барлығыңызға көп-көп рахмет! Сау болыңыздар!

**М.ТҮГЕЛБАЕВА,  
Мұхаметқұл Исламқұлов**  
атындағы жалпы орта мектеп.  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Ордабасы ауданы  
Шұбарсу ауылы

## АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ. "ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕ ТАУ ҚАЛҒЫП..."

Жалпы мақсаты:	Өлеңнің мазмұнына талдау жасай отырып, әнімен үйрету; өлеңге берілген бағаны әлем ақындарының үндестігін танытуы, ақынның аудармашылық шеберлігі туралы түсініктерін дамытуы, шығармашылық ізденістерін жетілдіруі әдебиетті өнер ретінде бағалай білуге ұлы ақын шығармаларын сүйіп оқуға ынталандыру.
Күтілетін нәтижелер:	Өткен тақырып бойынша білімдерін пайдаланады. Балалар жаңа сабақты бастауға қызығушылығын танытады. «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңінің мазмұнына талдау жасап, ақынның аудармашылық шеберлігі туралы біледі.
Ресурстар:	АКТ (Интерактивті тақта, слайд, бейнетаспа), оқулық, стикер, флипчарт.
Сабақтың барысы:	Оқушыларды топқа бөлу. Назарын сабаққа аудару. Үй тапсырмасын сұрау (Абай «Қансонарда бүркітші шығады аңға»). «Түсіну» дағдысы. 1. <i>Қансонар</i> сөзінің мәніне үңілу. 2. Қазақ халқының өміріндегі аңшылық, саятшылық, құсбегіліктің мәні неде?

№	Ойлау деңгейлері	Мақсаты	Түркі. Ашық сұрақ. Жағдаят. Тапсырма	Нәтиже	Қалыптастырушы бағалау	Критерий	дискриптор	Ұпай
1	Білу	Танымдық білімін кеңейту	1. Абай махаббат және табиғат суреттерін, жыл мезгілдерін каншалықты жырлаған? 2. Ұлы Абай аудармаларын қай елдің әдебиетінен аударған?	Ақынның махаббат және табиғат суреттерін, жыл мезгілдерін де кеңінен жырлағанын, әрі ән шығарушы композитор болғанын біледі. (мысалы: «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы»).	Топты өзара бағалау.  Бағдаршам арқылы бағалау.	Ақынның өлеңдері жайында оқушылардың білуі		2 1 0
2	Түсіну	Әнді талдай білуге баулу.	Әннің мазмұны мен мағынасын анықтаңдар.	Абай аудармалары жөнінде біледі.	Өзара бағалау	Абай аудармалары жөнінде білуі.	Толық біледі. Жартылай біледі. Аз біледі	2 1 0

3	Қолдану	“Қараңғы түнде тау қалғып” әнінің орысша және қазақша бейнетаспасын тамашалап, салыстыра сипаттауға дағдыландыру.	“Қараңғы түнде тау қалғып” өлеңінің оқи отырып, қандай күйді аңғарамыз? Үш елдің үш ұлы перзенттерінің өлеңдерін салыстырыңдар.	Оқушылар салыстырады, сипаттай алады.	Оқушылардың түсіндірулері арқылы бағалау.	Бейнетаспадан орысша және қазақша өлеңдерді салыстыруы, сипаттауы.	Салыстырады. Жартылай салыстырады. Аз салыстырады.	3 2 1
4	Талдау	Өлең мазмұнына, құрылысына қарай талдау.	Бұл өлеңді Лермонтов немісшеден былай аударған: «Горные вершины». <i>Горные вершины Спят во тьме ночной, Тихие долины Полны свежей мглой. Не пылит дорожка, Не орочат листы. Подожди немного, Отдохнешь и ты.</i> Бұл өлеңді Абай Құнанбайұлы орыстан былай аударған: «Қараңғы түнде тау қалғып» <i>Қараңғы түнде тау қалғып, Ұйқыға кетер балбырап. Далаң жым-жырт дөз-сал ғып Түн басады салбырап. Шаң шығармас жол дағы, Сыбырламас жапырақ Тыңнығарсың сен дағы Сабыр етсең азырақ.</i>	Өлең мазмұнына, құрылысына қарай талдау.	Топты өзара бағалау.	Өлең мазмұнын түсінуі, өлең құрылысына қарай талдауы.	Талдайды. Жартылай талдайды. Аз талдайды.	3 2 1



5	Жинақтау	Абайдың аудармашылықпен айналысқанын түсінуі.	Тапсырмаларға арналған сұрақтар. Дәстүрлі ән айту өнері дегеніміз не? Қазақтың домбыраға немесе басқа аспапқа қосылып айтатын әншілік дәстүрін дәстүрлі ән айту дейміз. XIX ғасырдың II жартысындағы ән өнеріне үлес қосқан әнші--композиторларды ата. Ақан Сері, Жаяу Мұса, Біржан Сал, Сегіз сері, Абай. Үкілі Ыбырай. Өнші композиторлардың әндерін ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып бүгінгі күнге жеткізген әншілер? К.Байсейітова, Қ.Жандарбеков, К.Әзірбаев, Ғ.Құраманғалиев.	Абайдың аудармашылықпен айналысқанын түсінеді.	Топта өзара бағалау.	Ақындық пен аудармашылықтың ұқсастығы мен айырмашылығын таба алуы.	Жартылай табады. Аз табады.	3 2 1
6	Бағалау	Шығармашылыққа баулу.	«Егер мен Абай сияқты ақын болсам .....» ойтолғау жазу.	Шығармашылыққа бейімделеді.	Өзара бағалау.	Шығармашылыққа бейімделуі.	Бейімделеді. Жартылай бейімделеді. Бейімделмейді.	

Мұғалім қорытындысы: Сонымен, балалар, біз Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңінен көрінетін ақын көңіл-күйінің көріністерін, Абайдың аудармашылық шеберлігін, ақынның ән мен күй өнері жайындағы ой толғаныстарымен таныстық. Өлең мазмұнын, тақырыбын, идеясын, тілін талдадық.

Бағалау: Талап парағы арқылы бағалау, стикер арқылы пікір білдіру.

Үй тапсырмасы: Абай Құнанбайұлының «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңін жаттап, әнімен айту.

**Н.ТОҚБЕРГЕНОВА,**  
**«Талдыбұлақ ЖОББМ».**  
 Қарағанды облысы,  
 Жаңаарқа ауданы

## ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ. «КҮЙШІ» ПОЭМАСЫ

Мақсаты: Ақын І.Жансүгіров өмірі жайында мағлұмат беру. Шығармаларының мән-мағынасын түсіндіру. Жырларындағы композитор, ақындар, күйшілердің өмірі жайынан кеңінен мағлұмат беру. Міндеттері: қазақ өнерінің, күй өнерінің қара қобызы домбырасының қасиетін дәріптеу, танымдық қызығушылықты оята дамыту, өнерді сүйеге, қабілеттілікті арттыру. Көрнекілігі: І.Жансүгіров портреті, «Шығармалар жинағы» 3 томдық. Тарихи тұлғалар жайлы интерактивті тақтамен қысқа көрсету. Қолданылатын әдіс-тәсілдер: баяндау, түсіндіру, сұрақ-жауап, тест сұрағы, мәнерлеп оқу.


Сабактың барысы: а) Ұйымдастыру кезеңі оқушылармен амандасу, түгелдеу, сабаққа назарларын аудару, сыныпта жылы атмосфера қалыптастыру, топқа бөлу («Ақындар», «Өнерпаздар», «Әдебиетшілер», «Тарихшылар») бағалау парақшасын топ басшыларына тарату. ә) Үй тапсырмасын сұрау. «Миға шабуыл».

- 1) «Бес арыс» деп кімдерді айтамыз?
- 2) «Жыр алыбы» атанған ұлы ақын туралы не білеміз?
- 3) Қазақтың тұңғыш ағартушысы туралы қандай мәлімет білесің?
- 4) Қазақ әдебиетінің негізін қалаған кім еді?

І. Жансүгіровтің өмірі, ақындық әлемі жағынан сөз қозғап, «Күйші» поэмасының негізгі басты кейіпкерлері – Кенесары, ханның қарындасы Қарашаш пен күйші өнері, өмірі туралы кеңінен танысатын боламыз.

Жаңа сабақ: Интерактивті тақтадан ақын Ілияс Жансүгіров өмірін, шығармашылығын тыңдау. «Жылдар сөйлейді» көрнекілігі

арқылы І.Жансүгіровтің өмір жолын, шығармашылығын айтып өтемін.



1) 1894ж. Талдықорған облысы, Ақсу ауылында дүниеге келген.  
2) 1905-1911 жылдары алғашқыда әкесінен хат танып, содан соң молдадан оқып, Қарағаштағы татар үлгісіндегі мектепте дәріс алды.

3) 1916ж. «Әншіге» өлеңін жазады.

4) 1920ж. Алматыға келіп, үш айлық мұғалімдер курсын бітіреді.

5) 1925 ж. Мәскеудегі журналистика институтына түседі.

6) 1928ж. Елге келіп «Еңбекші қазақ» (қазіргі, «Егемен Қазақстан») газетінде қызмет атқарды. «Сағанак» деген тұңғыш кітабы жарық көрді.

7) 1934-1936 жылдары Қазақстанда көркем әдебиет баспасында поэзия бөлімін басқарады.

8) 1938ж. зұлмат қолына ілігіп, ату жазасына кесіледі.

Топтық жұмыс.

1) І.Жансүгіров жайлы қандай мәліметтер айта аласыңдар? (дайындаған слайд, реферат қорғау) («Әдебиетшілер»тобы)

2) Илиястың табиғат жырлары бойынша лирик ақын екенін қалай дәлелдейміз? («Ақындар»тобы)


3) «Өнер» тақырыбына арналған қандай шығармаларын білесіңдер? («Өнерпаздар»тобы)

4) «Күй», «Күйші», «Құлагер» дастандарында кімдер туралы жырлайды? («Тарихшылар»тобы).

I. Топтастыру.



II. Қаламгердің шығармаларын еске түсіру.



III. Мәтінмен жұмыс.

Мәнерлеп оқу. (күй таспадан музыка әуені естіліп тұрады)

1. «Күй» және «Күйші» дастандарындағы күйшілер қандай музыкалық аспаптарды қолдануымен ерекшеленеді? («Өнерпаздар» тобы)

2. Күйшінің шеберлігі дастанда қалай суреттеледі? («Ақындар» тобы)

3. Қарашаштың бейнесі, дастанда оның күй тыңдағандағы көңіл күйі қалай суреттелген? («Тарихшылар»тобы)

4. Дастаннан тауып оқып, талдау. (оқушының жеке ойы, әсері) («Әдебиетшілер» тобы)

IV. «Ыстық орындық» стратегиясы арқылы жүзеге асады.

Мәтінге сатылай кешенді талдау.

Шығарманың аты: «Күйші» поэмасы. Тақырыбы: күй, өнер, ғұмыры күймен өткен өнер адамының өрелі биігі.

Жанр түрі: дастан (поэма).

Идеясы: күй құдіретін таныту

Кейіпкерлері: Кенесары хан, Күйші, қарындасы Қарашаш.

Басты кейіпкердің прототипі: Қарашаш, Күйші

Әдеби-теориялық ұғымдар:

1.Тенеу: «батыр да,хан да, қыз да, қазаншы да – бәрі де домбыраға мінгескендей», мұз күйғандай.

V. Қорытынды: «Ән-жырдың Құлагері» («Әдебиетшілер»тобы)  
«Илияс-лирик ақын» («Ақындар»тобы)

«Ел іші-алтын бесік» («Өнерпаздар»тобы)

«Ерлігімен танылған тұлғалар» («Тарихшылар»тобы)  
тақырыптарына шағын эссе жазу.

VI. Рефлексия. «Кері байланыс» стратегиясы аясында жүзеге асады.

VII. Үйге тапсырма.

1. Кейіпкерлерге мінездеме беру

2. Мазмұндау.

**Н.ШЫҒАНБАЕВ,**  
**Жамбыл атындағы шағын**  
**орталықты орта мектебі.**  
Жамбыл облысы,  
Т.Рысқұлов ауданы

## **МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ.** **«МЕН – ҚҰСТАН ТУҒАН** **ҚҰМАЙМЫН», «ЖАЛҒЫЗДЫҚ»**

Мақсаты: білімділік-ақын өмірі, өлеңінің тақырыбы, мақсаты, тарихы туралы мәлімет беру, жаңа қырынан таныту, қосымша мәліметтер беру, өлеңге талдау жасау; дамытушылық-қосымша деректерді пайдалану, танымдық, шығармашылық ізденіске жетелеу, өз ойларын еркін айтуға, әдеби көркем тілмен сөйлеуге дағдыландыру; өзіндік жеке көзқарастарын қалыптастыру; тәрбиелік-Махамбеттің өр өлеңдері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, батылдыққа туған елін, жерін сүйуге, қорғауға тәрбиелеу. Типі: аралас сабақ. Түрі: жаңа сабақты меңгерту. Сабаққа қажетті құралдар және көрнекіліктер: Махамбет бейнесі, шығармалары, кестелер. Пәнаралық байланыс: тарих, қазақ тілі.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

- Оқушыларды түгелдеу;
- Оқушыларды топқа бөлу;
- Сабақ басында бір-біріне деген жылы лебізбен бүгінгі сабақта бәріне күш-қуат беретін сөздермен бастау арқылы көңіл күйлерін көтеру.

Үй тапсырмасын сұрау.

1. Топтастыру. М.Өтемісұлы.

«Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін жатқа айт.

I топ. Өлеңнің негізгі идеясы.

II топ. Өлеңнің көркемдік ерекшелігі.

III. Қызығушылықты ояту. Махамбеттің «Жұмыр қылыш» күйін

тыңдату.

-Міне, балалар, ақын өлеңін тыңдап отырып қандай әсер алдық? Махамбет поэзиясын оқығанда көз алдымызға қандай тұлға елестеді? Қане, кім қалай суреттеп берер екен? (Оқушылар жауабы тыңдалады)

III. Мағынаны тану.

«Мен-құстан туған құмаймын», «Жалғыздық» өлеңдерін екі топқа мәнерлетіп оқытамын. Өлеңдерінің мазмұны сұралады.

«Мен-құстан туған құмаймын» өлеңінің лирикалық кейіпкері – жігері жасымаған жан. Ол өзін біресе «түбін кескен бәйтерекке», біресе «қарақұстан туған қалықпанға» балайды. Әлі де «ерегіскендей ер болса, соғысқандай жер болса», қайрат етер қажыры, үзілмеген үмігі бар екенін, өзінің «көп кісіден артық» екенін халыққа бүкпесіз айтады.

«Жалғыздық» өлеңінде ақын көтеріліс жалыны басылып, өзі жалғыздықта, қуғында жүргенде шығарған өлеңі. Арманының орындалмайтынын сезген ақынның көңіл күйі оның жалғыздық жайлы («Қаумалаған қарындас, қазақта бар да, менде жоқ»), заманы, өмірде әділдіктің жоқтығы туралы, күн мен ай, дәулет хақында философиялық толғанысынан танылады.

Екі топ та «Мен-құстан туған құмаймын» өлеңіне сатылай кешенді талдау жасайды.

1. Авторы: М.Өтемісұлы. Автор өзіндік диниетанымын, өнер туындысын көрсететін шығармашылық тұлға.

2. Тақырыбы: «Мен-құстан туған құмаймын». Әдеби шығармада сөз болатын басты мәселе, шығарма мазмұнының негізгі арқауы, айтылатын жағдайлардың бағыт-бағдары.

3. Идеясы: елін, жерін қорғау. Көркем шығармадағы ойды идея дейді.

4. Шығарманың түрі: Өлең. Өлең шағын көлемді поэзиялық шығарма.

5. Эпитет: түбін кескен бәйтерек. Толқын соқса құмармын. Эпитет бір заттың немесе құбылыстың айрықша сипатын, санасын анықтау үшін қолданылатын бейнелі сөз.

6. Теңеу. Еріскендей, соғысқандай. Теңеу бір затты екінші затпен теңеп, салыстырып айту.

7. Метафора. Мен-құстан туған құмаймын, Мен-түбін кескен бәйтерек,, Шамдансам жығар асаумын, шамырқансам сынар болатпын. Метафора дегеніміз-затты не құбылысты екінші ұқсас нәрсемен салыстыра суреттеу.

8. Қос сөз. Бірме-бірге. Сөздердің қосарланып немесе қайталанып айтылуы.

Оқушыларға шығармашылық тапсырма. Бір сәт болса да жоғарыда айтылған ойымызды, талдауымызды жинақтап, Махамбет образына ену арқылы оның ойын, арман-тілегін сезініп, түсініп көрейік.

Оқушылардың алдын ала дайындап келген ойтолғаулары оқылады.

Өлеңдерінің тәрбиелік мәні қандай? (Сұрақтар қою арқылы жаңа тақырыпты меңгеріп отырады)

Ой толғаныс. Не білдік?

Бейнетаспа тамашалату, ақын арманы жайлы сұхбат жүргізу, бүгінгі күнмен байланыстыра отырып қорытынды жасату.

«Синквэн» әдісі.

1. Батыр.
  2. Күшті, мықты.
  3. Күресті, шайқасты, жеңді.
  4. Махамбет ел үшін күресті.
  5. Ер.
- Бекіту.

Махамбет және оның серіктері қиын қыстау кезеңде болашаққа үміт көзімен қарап, қалың көпті ерлікке, елдікке үндеген, өмірдің өшпес рухын көтерген, атар таң, келер күнге мың сан армандарын жалғап, өмір-уақыттан өз еншілерін алуға қадам жасаған ақын.

Бірзалықпен емес, ызалықтан айтса да «Махамбет – көтерілістің негізгі дем берушісі» деп Жәңгірдің мойындап, баға беруіне мәжбүр еткен ақын.

Бағалау.

Үйге тапсырма. Махамбет Өтемісұлының өлеңдерін жатқа айту. «Жалғыздық» өлеңіне сатылай кешенді талдау жасау.

**С.БЕГАЛИНА,**  
**Еңбекту орта мектебі.**  
Ақтөбе облысы,  
Әйтеке би ауданы

## **ҚАШАҒАН КҮРЖІМАНҰЛЫ.** **«ЕСҚАЛИ СҰПЫҒА АЙТҚАНЫ»**

*(II-сынып)*

Мақсаты: Қашаған Күржіманұлы, оның «Есқали сұпыға айтқаны» өлеңі туралы толық мағлұмат ала алады. Қашаған Күржіманұлы шығармасының тақырыбын ашады. Әдеби теориялық тұрғыдан талдау жасай алады. Көрнекілігі: слайд, тест, Қашаған ақын суреттері.

Барысы: I. Ұйымдастыру бөлімі.

Ой шақыру. «Ақын деген кім?» «Жырау деген кім?» «Жыршы деген кім?»

«Қазақ әдебиеті» энциклопедиясында «Жыршы – жыр айтушы, таратушы. Жыршылар домбыраның не қобыздың сүйемелдеуімен мақаммен, әнмен айтады. Сондай-ақ эпикалық шығармаларды да орындайды» деген жауап бар. Жыршы жыраулармен бірге өмір сүрген және оған дейін де болған. Әдебиет тарихында жыршылар орны ерекше. Себебі, бүкіл жыраулар поэзиясы болсын, эпостық жырлар болсын, халық ауыз әдебиетінің барлық үлгілері осы жыршылар арқылы жеткен.

Ақын-поэзиялық туындыларды (өлең, жыр-дастан, поэма) ауызша айтып не жазып шығаратын өнер иесі, халықтың көркемдік талғамын қалыптастырып, жалғастыратын сөз шебері.

Жырау - қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Әдебиетте де тарихта да маңызды орын алар тұлға. «Жырау - өз жанынан шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі жырау атауы-«жыр» сөзінен туындайды» деген түсінік жырауға «Қазақ әдебиетінің» энциклопедиясында берілген.

II. Үй тапсырмасы. Қашаған Күржіманұлы, өмірі мен шығармашылығы.

Тест.

**1. Қашаған Күржіманұлы өмір сүрген жылдарды көрсет:**

А) 1856-1893; в) 1802-1889; с) 1807-1893; д) 1841-1929.

**2. Қашаған Күржіманұлының туған жері:**

А) Ташауыз қаласы; в) Бекетай құмы; с) Аягөз ауданы;

д) Қарақыстақ ауылы.

**3. Қашаған Күржіманұлының шығармасын белгіле:**

А) «Патша мен ұры»; в) «Адайтегі»; с) «Қызғыш құс»;

д) «Үш жігіт».

**4. Тарихи оқиғаға негізделген дастанын көрсет:**

А) «Адайтегі»; в) «Атамекен»; с) «Топан»; д) «Тойбастар».

**5. Осы жылы Қашаған Күржіманұлының туғанына неше жыл толды?**

А) 170; в) 171; с) 172; д) 175.

**6. Жұбату жырына жататын өлеңі:**

А) «Аралбайды жұбату»; в) «Қонаққәде»; с) «Атамекен»; д) «Тойбастар».

**7. Өз шығармасында қазақтың қандай ұлттық аспабын қорғап шығады?**

А) қобыз; в) сырнай; с) жетіген; д) домбыра.

**8. Әкесі қайтыс болғанда Қашаған неше жаста?**

А) 5; в) 6; с) 7; д) 8.

«Ой жинақта жоспарлап» (жоспар құру)

1. Қонақтар және жігіттер ойы.

2. Кесірлі келін.

3. Сараң сұпы.

4. Қара домбыраның қасиеті.

III. Жаңа сабақ.

Бүгінгі сабақтың негізгі мақсаты - шығарма мазмұнымен тек танысып қана қоймай, оқушыларға жеке-жеке ағаштың қасиеттері жөнінде тапсырмалар беріп, мысалдар арқылы дәлелдету.

1-оқушы: - *Аруақты ерлердің*

*Қолындағы қу ағаш.*

(Ту, жалау, байрақтың үлгісін көрсетіп, сабы ағаштан екендігін айтады)

2-оқушы: - *Жаның сая табатын*

*Орман болған бұл ағаш.*

(Өсімдік, ағаш, тоғай, орманның адамға, жануарға, т.б. пайдасы)

3-оқушы: - *Қорыққанда жалғызға,*

*Қорған болған бұл ағаш.*

(Жалғыз жаяу жолға шыққан адам сақтану, қорғану үшін ағашты паналайды)

4-оқушы: - *Бұтақтары бүгіліп,*

*Көктен төмен үңіліп,*

*Қарның ашып келгенде,*

*Жүрегіңді жалғауға*

*Нәсіп болған бұл ағаш*

(Ағашта өсетін алуан түрлі жеміс-жидектің адамға тигізетін зор пайдасы)

5-оқушы: - *Пайғамбарлар туғанда*

*Бесік болған бұл ағаш.*

(Қазақтың ұлттық бұйымы бесіктің жас нәрестенің тазалығына, денсаулығына, тыныштығына, жинақылығына, ұйқысына өте қажет екендігі)

6-оқушы: - *Ибраһим Қазба салғанда*

*Есік болған бұл ағаш.*

(Ибраһим пайғамбар Меккедегі мұсылмандардың ғибадат ету орнын салғанда, жалпы адам баласы баспанасына есікті ағаштан жасайтыны туралы айтады)

7-оқушы: - *Мұнаралы әр жерде*

*Мешіт болған бұл ағаш.*

(Қарқаралыдағы Құнанбай салдырған ағаш мешіт туралы айтады)

8-оқушы: - *Шеберлердің қолында*

*Кәсіп болған бұл ағаш.*

(Қолөнер шеберлерінің ағаштан алуан түрлі әсем бұйымдар жасалатындығы туралы)

9-оқушы: - *Дариядан өткенде*

*Пырақ болған бұл ағаш.*

(Су көліктері: кеме, қайық, сал сияқты бұйымдардың ағаштан жасалғандығы)

10-оқушы: - *Домбыраны күнә десеңіз*

*Жиын менен тойдікі.*

(Домбыраның ішегін, тиегін, құлағын мақтау)

Бүкіл дүние жүзінің дүйім поэзиясында кәдімгі ағашты осыншама қадір тұтып, мақтауын жеткізген, асыра жырлаған Қашағаннан өзге ақын болмаған. Жаратылыстың адамзатқа деген жақсылығын ағашты сипаттау арқылы осыншама ұтымды суреттеп беру ақынның өте білімділігін көрсетеді.

- Балалар, өлең бойынша ағаштың алуан түрлі пайдасы туралы өздеріңіз айтып шықтыңыздар. Сол талдаудың қай жерлерінде тірі ағаш сипатталады?

Жауабы: *-Жаның сая табатын,  
Орман болған бұл ағаш.  
Қорыққанда жалғызға,  
Қорған болған бұл ағаш.  
Бұтақтары бүгіліп,  
Көктен төмен үңіліп,  
Қарның ашып келгенде  
Жүрегіңді жалғауға  
Нәсіп болған бұл ағаш.*

Сұрақ: - «Ағаштар ғаламы – тазалық ғаламы» деген жолдарға түсінік беріңіз.

Жауабы: -Ағаш дегеніміз – Жаратушы иеміздің ғаламды тазартып тұру үшін жаратқан ерекше бір қуат күші.

-Балалар, көне дәуір философиясы ағашты адаммен егіз бауыр деп танығандығын білеміз. Олар адамның сыртқы тұлғасын да ағашқа ұқсатады. Қолыңды екі жаққа жайып жібергенде өзіңді бәйтеректей сезінетінің бар. Аяқ астынан ерекше бір қуаныш билегенде, адам өзі байқамастан қолын көкке көтере шаттанады екен.

Сұрақ: - Төменгі сыныптарда ағаштың қасиетіне, киесіне байланысты айтылатын шығарма болды ма? Қандай? (Шерхан Мұртаза. «Жүз жылдық жара»)

Өлдеқайда жолың түсіп Молдавияға бара қалсаң, Кишинев деген астанасының дәл ортасындағы бауда бір ағаш тұр. Оның паспорты да бар...Дәл осындай Байшынар біздің Шынбұлақтың Шоқыбас сайының өңірінде де бар.

2-үзінді. Ш.Мұртаза. «Қызыл Жебе». Рысқұлов қарағай төсекке етпетінен түсіп, төсекті алақанымен сипалап, осылай күбірледі: - Ей, қасиетті қарағай! Адамдар сенен салтанатты сарай да салады,

адамды қамайтын абақты да салады. Адамдар сенен нәрестеге арнап бесік те соғады, өлікке арнап табыт та соғады. Ас ішетін қасық та, адам өлтіретін найзаның сабы да жасалады. Жақсылығың мен жамандығың – егіз.

Жамандыққа сенің жазығың жоқ. Адамдар ойлап тапқан. Енді менің тұтқындық төсегім болдың. Табытым болар ма екенсің?

«Теорияны терең ұғын». Ақын өлеңдерінің ерекшеліктерін анықтау мақсатындағы тапсырмалар.

Ақын өлеңдеріндегі әдеби-теориялық ұғымдарды анықтаңыз:

Өлеңнен үзінді.	Әдеби-теориялық ұғымдар
<i>Қолымдағы қу ағаш, Сайрап отыр бұл ағаш. Асылы емен, қарағай, Шыққан жері су ағаш.</i>	Қу ағаш – домбыра –метонимия. (Өзара байланысты ұғымдарды бірінің орнына бірін қолдану)
<i>Сыртымнан естіген жұрт әуес еді, Тұлпардай шығып жүрген дабылымнан, Жас жігіт қонам десе, қон дер едің, Көрем де сақалымның буырылынан.</i>	Тұлпардай – теңеу Жас – эпитет

<i>Қарашы, біздің шіркін бай Шаруаның құлқын табуын... Құдықтың аузын күзетіп, Ор денесін түзетіп, Бет терісін түлетіп, Төбесінен күн өтіп, Шыбын жанын пида етіп, Шаруаға жанды жүдетіп, Жүргенде кетпесе игі еді Біздің «аршыланға» тіл өтіп.</i>	Ирония. (Сырты сыпайы, іші толған ащы күлкі, мысқыл)
Адай деген ел едік – Абайсыз өскен алшаңым, Тәксіз өскен тарпаңым.	Метафора (Адай – алшаңым, тарпаңым) Затты немесе құбылысты екінші бір ұқсас нәрсемен салыстыра суреттеу

IV. Бекіту. «Блум» таксономиясы. («Есқали сұпыға айтқаны»

өлеңі )

1. Есқали кім? Білу.
2. Өлең мазмұнымен танысу барысында Қашаған бейнесі көзіңізге қандай боп елестейді? Түсіну.
3. Неге Қашаған қарапайым кедейлердің үйіне қонбай, Есқали сұпының үйін таңдады? Қолдану.
4. Бұл шығарманың маңыздылығы неде? Талдау.
5. Ақынның уытты өлеңінен соң Есқали сұпы не істеді деп ойлайсың? Жинақтау.
6. Осы оқиғадағы ең жағымсыз жан кім, Есқали сұпы ма, әлде оның келіні ме? Бағалау.

V. Қорытынды: «Білгенге маржан».

Қосымша материалдар арқылы жаңа ақпараттармен танысу.

Қашаған ақынның «Есқали сұпыға айтқаны» жыры – түркі әлемінің ағаштану іліміне қосқан зор үлесі. Ақын жырлары өз орбитасында айнала бастағалы бері де бір жарым ғасырдан астам уақыт өтіпті. Оның поэзия-планетасының шоқ-шоқ жұлдыз жырлары уақыт аласапыранынан аман өтіп, Тәуелсіздіктің таңына да жетті. Ақынның бізге жеткен мұралары оның тереңдігі мен кеңдігін танытып тұрғаны шындық. Биыл Қашаған ақынның 175 жылдық мерейтойы аталып өтті. 2011 жылы «Қайыртпай кеткен Қашаған» және «Қашаған» таңдамалы шығармалары жиынтығының тұсаукесері болды. Жоғарыда Қашаған кітабы шықты дедік. Ол кітап қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарық көрді. Бұл кітапты шығаруға демеушілік көрсеткен «Қашаған» мұнай кен орны.

2011 жылы 170 жылдық мерейтойы Республика деңгейінде тойланды. Республикалық жыршы-термешілер сайысы, жас ақындар мүшәйрасы, аймақтық ақындар айтысы, «Жаһандану жағдайындағы ұлттық құндылықтардың орны және Қашаған жырау мұрасы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

VI. Бағалау.

VII. Үйге тапсырма:

- Қазақ халқының басты қасиеті-қонақжайлылық (ой толғау жазу).
- Бабамның мұңы, даламның үні-домбыра (эссе жазу).

**А.САБЫРЖАНОВА,**  
**М.Әуезов атындағы**  
**№5 жалпы орта мектеп.**  
Қостанай облысы,  
Арқалық қаласы

## **ШЕШЕНДІК ӨНЕР** (11-сынып)

Мақсаты: Шешендік сөз туралы түсінік бере отырып, сабаққа деген қызығушылығын арттыру, негізгі мәселелерге көңіл бөлуге үйрету; Сауаттылыққа баулу, алған білімі негізінде шығармашылық қабілетін дамыту; Оқушылардың бойына әдептілік, инабаттылық, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. Түрі: жаңа сабақ. Әдісі: тест, түсіндіре жинақтау, жұптық жұмыс, сұрақ-жауап. Көрнекілігі: үлестірмелі қағаздар, семантикалық карта, кітаптар, слайд. Пәнаралық байланыс: тарих, әдебиет.

Сабактың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасы. (Тест тапсырмасы арқылы өткен тақырыпқа шолу).

**1. Сөйлемдегі есімдік қандай қызмет атқарып тұр?**  
*Тапсырманы әлдеқашан орындағанмын.*

- A) Анықтауыш;
- B) Толықтауыш;
- C) Пысықтауыш;
- D) Баяндауыш.

**2. Мына сөйлемге лайықты есімдік қайсысы?**

*... ауыл жиналысқа келді.*

- A) Ешбір;
- B) Бүкіл;
- C) еріндік, езулік;
- D) қатаң, ұян.

**3. Ауызша сөйлеу тілдің де, жазба тілдің де дамуында ортақ негізді көрсетіндер:**

- A) Ғылыми терминдер;
- B) Афоризмдер;
- C) Жалпыхалықтық тіл;
- B) Диалектілер.

**4. Жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлемді табыңыз:**

- A) Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде-бұлар адамшылдық қасиеттер болып табылады.
- B) Өлең жыр-қазақтардың жан серігі.

С) Осылар арасынан шыққан Базаралы болса, ол әрі сымбатты, әрі шешен жүйрік.

Д) Бұл қазақ нені бастан кешпеді, қазақ болғалы.

**5. Себеп-салдар салаласты белгілеңіз:**

А) Молда маған орын нұсқаған соң, Оразәлі мен оның қасындағы бала араларын аша берді.

В) Байжекең суырдың інін тереңдетіп қазып көрсе, ар жағы сіресіп жатқан тас көмір екен.

С) Жел дауылды шақырады, бұлт жауынды шақырады.

Д) Байқағам жоқ, сондықтан кінәлі емен.

**6. Талғаулы салалас құрмалас сөйлемді табыңыз:**

А) Малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек.

В) Жорғаң қатты болса, төске сал, ісін ақ болса, көпке сал.

С) Тереңге балық уылдырық шаша алмайды, неге десең онда уылдырық оралатын не балдыр, не шөп, не қамыс жоқ.

Д) Талаптың өзі де түрлі-түрлі болады, талап қылушылар да неше түрлі болады.

**7. Тілдің материалдық жағына не жатады?**

А) Тілдің сөз байлығы.

Ә) Басқа тілден енген сөздер.

Б) Этнолингвистикалық атаулар.

В) Тіл дыбыстарының, сөздердің, грамматикалық формалардың жиынтығы.

**8. Синтаксис сөзі қай тілден енген?**

А) грек;

В) латын;

С) араб;

Д) парсы.

**9. Грамматикалық сөз тіркесі мен сөйлем туралы саласы не деп аталады?**

А) лексика;

В) морфология;

С) фонетика;

Д) синтаксис.

**10. Сөздердің байланысу тәсілдері қанша?**

А) 1; В) 2; С) 3; Д) 4.

III. Жаңа сабақ.

Шешендік өнер - өзінің нақты зерттеу нысанасы, белгіленген теориясы, сандаған жылдардан бергі тарихы бар пәндердің бірі. Қолданбалы пәндердің қатарына жататын шешендік өнер кешендік білім жүйесін құрайды. Бұл білім сөйлеу этикасын жетілдіру, тілді әлеуметтік қызметіне қарай жұмсай білу, өз пікірін жеткізу, сендірумен бірге сөз арқылы оқыту, тәрбиелеу мақсаттарын қояды. Шешендік өнер тек құрғақ білімді жатқа білу емес, оның ерекшелігі де сол кез келген ортаның ыңғайына қарай сөйлеушінің өзін ұстай алуы, дұрыс ойын жеткізе алуы десек, аталған шарттар


тәжірибені көп қажет етеді.

Шешендік өнер тарихы сонау ерте замандардан басталады. Адамзат баласы алғаш игерген әрі желісі үзілмей келе жатқан өнерлердің бірі. Оның тарихын білу халық тарихын білумен бірге, сөйлеу мәдениетін, әдебін үйрену, сөздерді дұрыс таңдай алу ерекшеліктеріне жаттығу. Шешендік өнер қоғамның саяси-экономикалық, әлеуметтік негіздері қажеттіліктерінен туған.

Шешендік өнерді «риторика» терминімен де ауыстырып жатамыз. Риториканың (грек тілінде rhetorиге) алғашқы және негізгі мағынасы – шешендік өнер. Көне Грецияда шешендік өнерді, риториканы, үйрететін мұғалімді ритор деп атаған.

Шешендік өнерді қай халық та болсын меңгерген десек те, Эллада шешендік өнердің отаны деп есептеледі. Ежелгі Грецияда сөз өнерінің құдірет-қасиеті жоғары бағаланды.

«Топтастыру стратегиясы»



IV. Тақтамен жұмыс.

1-жаттығу. XI ғасырдағы шығыс педагогикасы тарихындағы әйгілі шығарма Кабуснамада берілген шешендік өнер жайлы түйіндеулерді жұптасып жұмыс істеп, таратып түсіндіріңдер.

V. Дәптермен жұмыс.

2-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, әрбір мәтіндегі негізгі ойды анықтап, дәптерлеріңізге түсіріңіздер.

Жеке оқушымен жұмыс.

№1. Біздің заманымызда шешендік қажет пе? Ойларыңызды дәлелдеңіз.

№2. Жанқұтты шешен Абайдың бозбала кезін көріп, ақыл-ойын тексергендегі ұтымды жауабын тауып айт.

№3. Шешен сөйлеу үшін қандай қасиеттер адам бойында болу қажет?

VI. Қорытынды.

Сұрақ-жауап әдісі.

1. Шешендік өнер дегеніміз не?

2. Шешендік өнердің негізін қалаушы кімдер?

3. Шешендік өнер неше мақсатты көздейді?

4. «Ритор» сөзінің мағынасы.

5. Шешендік өнердің қалыптасқан отаны.

6. «Риторика» сөзі қай тілден енген?

7. Қазақ тарихындағы қандай шешен билерді білесіздер?

VII. Үйге тапсырма беру.

VIII. Бағалау.



**С.ТӨЛЕУОВА,**  
**Ә.Жангелдин атындағы**  
**орта мектеп.**  
Ақтөбе облысы,  
Шалқар қаласы

## САН ЕСІМГЕ ЖАТТЫҒУ

(7-сынып)

Мақсаты: оқушының сан есімнен алған білімін жүйелеу.

Міндеттері: білімділігі-сан есімге тән жеке қасиеттерді нақтылау; дамытушылығы-логикалық ойлауын дамыту; күтілетін нәтиже: топта жұмыс істеу арқылы ізденеді, біледі, түсінеді және тақырыптың идеясын аша отырып пәнге қызығушылығы артады. Деректер: Тақта, стикерлер, постерге арналған қағаздар, маркерлер, бағалау парақтары. Әдіс-тәсілдер: Миға шабуыл, ассоциация құру, «Кім шапшаң?».

№	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
1	Ұйымдас-тыру бөлімі.	1. Амандасу. 2. Оқушылар. «Шаттық шеңберіне» тұрады Сан есіммен тілек айту. Үлгі «Қырықтың бірі – Қыдыр», деген төріне Қыдыр қонсын», «Төрт құбылаң түгел болсын», т.б. 3. Оқушылар 6 топқа топтасады.	Сәлемдеседі, кезекші мәлімдеме жасайды. Шеңберде тұрып, сан есімді қатыстырып тілек айтады. Сан есімнің алты мағыналық түріне қарай блу.
2	Қызығу-шылықты ояту.	Сабақтың мақсатын қою және мақсатқа жету амалдары айтылады. 4. Әр топ өздеріндегі сан есім туралы айту. Мысалдар Түрленуі Сөйлемдегі қызметі	Сұрақтарға жауап береді Дәлелдейді.
	Мағынаны тану	«Ақылды үкі» стратегиясы 1. Күтілмеген ақпарат Мәтіндегі негізгі ұғымдарды тауып, әліпби ретімен жаз. Қосымша тапсырма сан есімі бар өлең жолдарынан мысалдар жаз. 2. Соңғы жаңалық. Сіз үшін жаңалық болып табылатын ақпарат Қосымша тапсырма – Сан есім қатысқан ертегілерден диалог жаз. 3. Ең негізгі өмірлік даналық. Сан есімнің өмірдегі қызметін анықта. Қосымша тапсырмаға сан есімі бар мақал – мәтелдер жазу 4. Белгілі және белгісіз. Сан есім тақырыбынан сізге бұрыннан белгілі және белгісіз тұстарды жазыңыз.	Ертегілерден мысалдарды үзінді түрінде жазады.  Сан есімді байланыстырып шешім айту. Кез келген нәрсені «Жеті рет өлшен, бір рет пішсең» өмірде ұтылмайсың.

		Белгілі	Белгісіз	
				Бұрыннан білетінін және жаңа тақырыпқа байланыстысын термелейді.  Сан есімге байланысты сурет салады.
		<p>Қосымша тапсырма. Жәндік, ойын, жұлдыз аттары, математикалық сызбаларды қатыстырып сөйлем құра.</p> <p>5. Иллюстративті бейнелеу. Сурет салу. Мағыналы қорытынды. Сан есімі бар жұмбақтар жаз. 6. Мағыналы қорытынды. Киелі сан есімдерді жазып, мысалдар келтір. Осы тақырыптан алдағы өмірде пайдасы болатын қорытынды жасауға бола ма?</p>		
	Ойтол-ғансы	<p>Бес жолды өлең.</p> <p>1. Зат есім. 2. Сын есім. 3. Сан есім. 4. Етістік. 5. Түйінді ой.</p>		
	Кері байла-ныс	<p>Талқылау парағы.</p> <p>Оқушының аты-жөні Сыныбы 7 «Б» күні 17.11.2016</p> <p>1. Мен сабақта белсенді жұмыс жасадым. 2. Сабақтағы өз көңілім толады 3. Мен үшін жұмысыма ұзақ болды 4. Менің жоғары көңіл-күйім 5. Үй тапсырмасы жеңіл, қызық</p>		Өзінің көңіл-күйіне байланысты белгілейді.
	Баға лау	<p>Топ басшының бағалау парағы.</p> <p>Үйге тапсырма: 164-жаттығу. Бөлшектік сан есімдерді қатыстырып өтірік өлең жазу. Сан есімнің мағыналық түрлерін қайталау.</p>		Бағалау парағындағы бағаларын қосып, бағаланады. Үй тапсырмасын белгілеп алады.

**Ә.ИКРАМУҰЛЫ,**  
**№4 мамандандырылған**  
**мектеп-интернаты.**  
 Оңтүстік Қазақстан облысы,  
 Сарыағаш қаласы

## ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ

Оқу мақсаттары	Оқушыларға жай сөйлем түрлерін меңгерту; сөйлеу шеберлігін, тіл мәдениетін дамыту, сауаттылыққа төселдіру. Барлық оқушылар: жай сөйлемнің түрлерін түсінеді, ерекшеліктерін таниды. Көпшілік оқушылар: жай сөйлем түрлерін жазылым барысында тиісінше қолданады, мысалдар келтіре алады. Жекелеген оқушылар: мәтіндегі сөздердің сөйлемдегі грамматикалық, лексикалық қолданылуы мен қызметін толық түсінеді, өмірмен байланыстыра алады.
Күтілетін нәтиже	Жай сөйлем түрлерін жан-жақты түсінеді, жай сөйлем түрлерін меңгереді; сөйлеу шеберлігі, тіл мәдениеті дамиды, сауаттылыққа төселеді.
Табыс өлшемдері	1. Жай сөйлемнің түрлерін біледі, ажырата алады. 2. Ақпаратты қорытып, жай сөйлем түрлеріне өздігінен мысал келтіреді, сөйлем құрай алады. 3. Сөйлемге кешенді синтаксистік талдау жасайды.
Тілдік міндеттер	Оқушының функционалдық сауаттылығын арттыру: теориялық білімін өздігінен сауатты қолдана білуіне қол жеткізу; жай сөйлем түрлерін меңгерту.
Алдыңғы білім	Оқшау сөздер
Модульдер	АКТ (ақпараттық коммуникативтік технология) – сабақ барысында тұсаукесер, бейнеролик, т.б.; СТО (сын тұрғысынан ойлау) – деңгейлік тапсырмалар орындау барысында; ОЖЕ (оқушылардың жас ерекшеліктері) – тапсырмаларды ЖЕ сай іріктеу, ұсыну кезінде; ТЖДЖ (талантты және дарынды оқушылармен жұмыс) – А деңгейлі оқушылармен жеке жұмыс, шығармашылық тапсырмаларды орындауда; ОБЖК (оқытуды басқару және көшбасшылық) – топтық тапсырмалар кезінде; ОУБЖОБ (оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау) – сарапшы бағасы, өзін-өзі бағалау, «Екі жұлдыз, бір тілек»; ДО (диалогтік оқыту) – сабақ барысында жүзеге асырылады.
Бағалау	Өзін-өзі (ӨӨБ), жеке (Ж), жұптық (ЖБ), топтық (ТБ)

Әдіс-тәсілдер	СТО стратегиялары: миға шабуыл, ой қозғау, кешенді синтаксистік талдау, ЖИГСО, ой толғау, т.б.	
Тірек сөздер	Жай сөйлем түрлері: жақты-жақсыз, жалаң-жайылма, толымды-толымсыз және атаулы сөйлем,	
Жоспар		
Уақытты жоспарлау	Сабақтың жүрісі	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық тренинг (оқушылардың сабаққа даярлығын тексеру) Сынныпта жағымды ахуал қалыптастыру. Стартер: қызығушылықты ояту. Мұғалімнің кіріспе сөзі: – Бүгінгі сабақтан не күтесіңдер? Оқушылар пікірлерін айтады. ***	8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығы
С		Оқушының конспектіге арналған қолжазба жинақтары
Ортасы (20 минут)		
Таймер		
Ж		
Т		
	Миға шабуыл. 1. Сөйлемнің қандай белгілері бар? 2. Сөйлем мүшелерінің құрамына қарай түрлері? 3. Оқшау сөздерді терминнің атауына қарай қалай түсіндіруге болады? 4. Айқындауыш мүшенің анықтауыштан айырмашылығы қандай? 5. Нұр дәулет, сабаққа дайынсың ба? Сөйлемнен бастауышты табыңдар. 6. Жалпылауыш сөз бен жалпылау есімдігінің қандай айырмашылықтары бар? 7. «Синтаксис» деген терминнің шығу төркінін қимылмен қалай көрсетуге болады? ***	Тірек сызба  Тұсаукесер  Бейнеролик
	А деңгейіндегі бірнеше оқушы өздері таңдап алған кима қағаздардағы сөйлемдерді тактаға жазып, кешенді синтаксистік, морфологиялық талдау жасайды. Кима қағаздардағы сөйлемдер: 1. <i>Үндемей тұрған адамның өнері де білінбейді, кемшілігі де көрінбейді. (С. Сарайи.)</i> 2. <i>Ойлап айтқан сөз де оралмайды, ойнап айтқан сөз де оралмайды. (Қ. Жалайры.)</i> 3. <i>Көсіліп жақсы сөйлеу – тапқыр ақылдың сыйы, тұжырымды жақсы сөйлеу – даналықтың белгісі. (Ф. Ларошфуко.)</i> 4. <i>Кітап оқуды қойған адам ойлауды да қояды. (Д. Дидро.)</i> ***	

	<p>Оқушыларды топқа бөлу.</p> <p>Оқушылар өздері таңдаған стикерлердің түсіне қарай төрт топқа бөлінеді. Әр топ бес адамнан тұрады.</p> <p>А деңгейіндегі төрт оқушы «Бағалаушы» болып белгіленеді. Оларға бағалау парақтары таратылады.</p> <p><b>ЖИГКСО</b></p> <p>Топта танысу, талдау, талқылау үшін: 3 минут, қорғау үшін 2 минут.</p> <p>Тапсырмаларды орындамас бұрын оқушылармен бірге табыс өлшемдері жасалады, уақытты тиімді пайдалану, тапсырманы бөлісіп орындау т.б. топ ережесі бекітіледі.</p> <p>Табыс өлшемдері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жай сөйлемнің түрлерін біледі, ажырата алады.</li> <li>2. Ақпаратты қорытып, жай сөйлем түрлеріне өздігінен мысал келтіреді, сөйлем құрай алады.</li> <li>3. Сөйлемге кешенді синтаксистік талдау жасайды.</li> </ol> <p>Интерактивті тактада таймер қосылады. Топтар іске кіріседі.</p> <p>Қызыл түсті конверт тапсырмасы</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жақты және жақсыз сөйлемдерді түсіндіріңдер.</li> <li>2. Олардың ерекшеліктеріне оқулықтағы 70, 71, 74-жаттығулардағы сөйлемдерді пайдаланып мысал келтіріңдер, бір сөйлемге кешенді синтаксистік талдау жасандар.</li> </ol> <p>Жасыл түсті конверт тапсырмасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жалаң және жайылма сөйлемдерді түсіндіріңдер.</li> <li>2. Олардың ерекшеліктеріне оқулықтағы 78-жаттығудың соңында берілген тапсырмадағы сөйлемдерді пайдаланып мысал келтіріңдер, бір сөйлемге кешенді синтаксистік талдау жасандар.</li> </ol> <p>Көк түсті конверт тапсырмасы</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Толымды және толымсыз сөйлемдерді түсіндіріңдер.</li> <li>2. Олардың ерекшеліктеріне оқулықтағы 79, 80-жаттығулардағы сөйлемдерді пайдаланып мысал келтіріңдер, бір сөйлемге синтаксистік талдау жасандар.</li> </ol> <p>Сары түсті конверт тапсырмасы</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Атаулы сөйлемдерді түсіндіріңдер.</li> <li>2. Олардың ерекшеліктеріне оқулықтағы 84, 85-жаттығулардағы сөйлемдерді пайдаланып мысал келтіріңдер, бір сөйлемге синтаксистік талдау жасандар.</li> </ol>	<p>Таратпа материалдар</p> <p>Түрлі-түсті кималар</p> <p>Плакаттар</p> <p>Желім</p> <p>Стикерлер</p>
--	---	--

	<p>Жай сөйлемнің түрлері</p> <p>Жақты сөйлем – бастауышы бар, жасырын тұрғанда да баяндауышы арқылы табуға болатын сөйлем. М.: Арада сүт пісірімдей уақыт өтеді. Кенет отқа көзі түсіп кеткен Апақ таңғалып отыра кетеді: қара тастар жалын шашып жанып жатыр! (Ол) Дос жүрегіне сенеді. (Мен) Басқаны ауызға да алдырмаймын.</p> <p>Жақсыз сөйлем – бастауышы мүлде жоқ, баяндауыштың бір өзі сөйлемге негіз болатын жай сөйлемнің түрі. Жақсыз сөйлемнің баяндауышы күрделі болып келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. -қы, -ғы, -кі, -гі жұрнақты қалау райлы етістіктен болады: Абайдың ұғына түскісі келді.</li> <li>2. Барыс септік жалғаулы тұйық етістіктен соң бол, жара, тура, кел деген көмекші етістіктердің келуі арқылы жасалады: Енді сізге айтуға тура келді.</li> <li>3. Атау немесе барыс септік тұлғалы тұйық етістіктен соң керек, жөн, мүмкін деген бейтарап сөздердің тіркесіп келуі арқылы жасалады: Біздің ашық сөйлесуіміз керек.</li> <li>4. -ып, -іп, -п жұрнақты көсемшеден кейін бол деген көмекші етістіктің болымсыз тұлғада келуі арқылы жасалады: Нені айтып отырғанын түсініп болмайды.</li> <li>5. Құрамында бастауыш тұлғалы сөзі бар идиомалар жақсыз сөйлем болады: Енді біраздан кейін көз байлануға айналады.</li> </ol> <p>Жалаң сөйлем – тұрлаусыз мүше қатыспаған жай сөйлем. Құрылысына қарай жақты да, жақсыз да болуы мүмкін. М.: Ойын қызық. Үй жылы. Қарағың келеді. Айтуға бола ма?</p> <p>Жайылма сөйлем – тұрлаусыз мүше қатысқан жай сөйлем. М.: Едіге ұзақ жол жүрді. Алыстан мұнар тау көрінеді. Жайылма сөйлемдер де құрылысына қарай жақты не жақсыз бола береді: Таспен ұрғанды аспен ұр – жақты сөйлем. – Сонда менің ауданға баруым керек пе? – жақсыз сөйлем.</p> <p>Толымды сөйлем – ойға қатысты сөйлем мүшелерінің барлығы қатынасқан жай сөйлем. М.: Шашубай мерген еді.</p> <p>Толымсыз сөйлем – ойға қатысты сөйлем мүшесінің бірі түсіп қалған жай сөйлемнің түрі. Толымсыз сөйлемнің басты ерекшелігі түсіп қалған немесе қажет болған сөзді орнына қойғанда, толымды сөйлемге айналады. Толымсыз сөйлемнің жасалу жолдары екі түрлі:</p>
--	--

## ӨЗГЕЛІК ЕТІС

Мақсаты: білімділік-оқушыларға етістіктен өткенді қайталата отырып етістіктің категориясын меңгерту; дамытушылық-етіс түрлеріне тоқталу, жасалу жолдарын көрсете отырып айырмашылықтарын айқындау; тәрбиелік-жаңа технологияны қолданып, білімдерін көрсету. Әдісі: деңгейіне қарай дамыта оқыту. Түрі: жаңа сабақ. Көрнекілігі: таблица, карточка, семантикалық карта.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Үйге «Етістер», «Өздік етіс» деген тақырыптарды оқып, 189-жаттығу орындауға берілген. (Өлеңді оқып, өздік етістердің қалай жасалғанына көңіл аударыңыздар. Оларды мәтіннен теріп жазыңдар)

Үй тапсырмасын тексеріп, оқушыларға оқытқызамын.

Үй тапсырмасын қорытындылау.

Етістіктердің түрлері

Тұлғасына қарай  
Негізгі: *кел, бар*  
Туынды: *шегеле*

Құрамына қарай  
дара: *айтты*  
күрделі: *айтып барған*

Мағынасына қарай

Тұйық: *көру, бергізу, нақтылау*  
Салт: *жүр, ер, байла*  
Сабақты: *ата,көр, тап, ек*  
Ырықсыз етіс: *айтылды*

болымды: *кел, бар*  
болымсыз: *келме, барма*  
өздік етіс: *көрінді*  
өзгелік етіс: *айтқызды*  
ортақ етіс: *сөйлесті*

Етіс

Өздік	Өзгелік	Ырықсыз	Ортақ
Таранды	оқыттық	жиналды	терісті
Қимыл иесі	қимыл иесі	қимыл иесі	қимыл иесі
Істі өзі	істі біреуге	айтылмайды,	иесі
Атқарады.	Орындатады.	Бірақ іс	бірнеше
Не істеді ?	Не істетті?	Орындалады.	адам
Не қылды?	Не қылғызды?	Не істелінді?	болады
Асан	сурет	не қылынды?	Не қылысты?
Жуынды.	Салғызды.	Сурет ілінді	олар тасысты
10-минуттық тест.			

Өзгелік етіс қимылдың, іс-әрекеттің сөйлемдегі іс иесі, яғни субъектінің тікелей өзі емес, екінші бір басқа субъект, қимылды

	<p>1) Өзара желілес сөйлем тобында. Қарлығаштар тағы (қайда?) келді. (Нелер?), (қайда?) Тағы кетті. (Нелер?) Қайта-қайта (қайда?) келе берді.(Нелер?) Келген сайын ұяның аузы бүріліп, тарыла берді.</p> <p>2) Сөйлемнің қажетті мүшелерінің айтылмай қалуы, әсіресе диалог жағдайында жиі кездеседі. Қажетті мүшенің айтылмауы көбінесе оның алдыңғы сөйлемде айтылғандығына, жалпы, оның не екені белгілі болып тұруына байланысты. Атаулы сөйлем – іс-оқиға жайында баяндамай, тек соған байланысты жағдайды (мезгіл, мекен, т.б.) атап көрсететін жай сөйлемнің түрі. Атаулы сөйлем, негізінен, зат есімнен болады. Тоғай. Егін. Шалғын. Қазан айы. Түнерген кеш. Баяу ескен қоңыр жел.</p> <p>***</p> <p>Сарапшылар тақтада орындалған жұмыстарды (сөйлемге кешенді синтаксистік талдау) және топтық жұмыстарды тексеріп шығып, бағалау парағына жазады, пікір білдіреді. Сергіту сәті «Атамекен» әнінің минусовкасы қойылады, оқушылар орындарынан тұрып әнді бірге орындайды.</p> <p>***</p> <p>Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған бейнеролик көрсетіледі. Оқушылар бейнероликтен алған әсерімен бөліседі. Бейнероликте көрсетілген сюжеттерді, тыңдалған автор сөзін пайдалана отырып, әрбір оқушы өздеріне берілген кима қағаздарға бір сөйлемнен жазады. (Жай сөйлемнің әрбір түріне 1 сөйлемнен – жалпы 7 сөйлем) Оны аяқтаған соң, оқу кабинетінің төрт тарапына ілінген арнайы тақырыптық плакаттарға өз сөйлемдерін желіммен жапсырады. Сарапшылар сөйлемдердің дұрыс-бұрыстығын анықтап, бағалайды. Түйінді сөз (ой қорыту) Жай сөйлемнің түрлері бойынша әрбір оқушы білугі тиіс 5 деректі айрықшалап айт. «Бас бармақ»</p>	
Сабақтың соңы. (5 минут)	Қорыту. Сабақтан алған әсерім... Бүгінгі сабақтан не білдім? Келесі сабақта нені білгім келеді? Кері байланыс. Сабақ барысында алған әсерлері мен туындаған сұрақтарын стикерге жазып іліп кету Үйге тапсырма: 1. Жай сөйлемнің әрбір түріне көркем әдебиеттен 5 сөйлемнен теріп жазу 2. Конспектiлер жинағын жаңа ақпараттармен толықтырып жазу.	
Мұғалімнің жеке бағалауы		
Рефлексия		
Қосымша ақпарат		
Не сәтті болды?	Не сәтсіз болды?	Неңі жетілдіру керек?

орындаушы арқылы істелетінін білдіріп, белгілі бір жұрнақтар арқылы жасалады. Ол жұрнақтар мыналар: *ғыз, гіз, қыз, кіз: отырғыз, жүргіз; дыр, дір, тыр, тір, ыр, ір: салдыр т: жасат, сөйлет.*

Өзгелік етісті сөйлемде қимылды, іс әректігіске асырушы екі субъект болады: бірі сол қимылды орындатушы, екіншісі қимылды тікелей орындаушы. Мысалы: *Мектеп айналасына ағаш отырғызылды. Абай үйге келген қонақтарға жыр айтызды. Айнұр Омарға кітап оқытты.*

Оқулықпен жұмыс. 190-жаттығу. Берілген сөздерден қажетті жұрнақ арқылы өзгелік етіс жасалады. Үлгі: *тарт-тыр-ып.*

2-деңгейлік тапсырма: берілген мақалдардан өзгелік етістерді теріп жаз.

*Ер өтірік айтпайды  
Жоқтық айтқызады*

*Ер асылық айтпайды,  
Тоқтық айтқызады.*

*Ақыл көпке жеткізер,  
Өнер көкке жеткізер.*

*Өзен, су көлге жеткізер  
Соқпақ жолға жеткізер.  
Жол молға жеткізер.  
Ақылды адам айтқызбай білер,  
Ақ сұңқар қаққызбай ілер.*

*Ашу шабыстырады,  
Ақыл табыстырады.*

*Елдестірмек елііден,  
Жауластырмақ жаушыдан.*

3-деңгейлік тапсырма. Өлең шумақтарынан өздік етісті тауып, өзгелік етіске айналдырып, сөйлем құраңдар.

1. *Ағашқы қонып, қаранып,  
Қанатын, жүнін таранып,  
Болмақшы еді мээ-мейрам.*

2. *Ісіндің, кебіндің,  
Сонда да не пайда?  
Түрі жат өзіндің,  
Сен қайда, ол қайда?*

3. *Төсі төмен салынған,  
Бауыры ішке алынған,  
Шоқтығы озат көрінген  
Қатар тұрған нарыңнан.  
Құлан дерсің мүсінін  
Қарап тұрсаң алдынан.*

*Отан қорғар ұлымның  
Мінеріне осы ат  
Лайық деп танылған.*

4-деңгей.

1. Етістерді қатыстырып «Адамгершілік-асыл қасиет» тақырыбына ой-толғау жаз.

2. Семантикалық карта.

VI. Қорытындылау сұрақтары.

- Етіс дегеніміз не?

- Өздік етіс дегеніміз не?

- Өзгелік етіс дегеніміз не? Мысал келтіріңдер.

VII. Үй тапсырмасы. 243-жаттығу. Берілген өзгелік етістерді қолданып, сөз тіркесі мен сөйлем құраңдар.

Үлгі: Жыр айтқыз. Абай үйге келген қонақтарға жыр айтқызды.

Семантикалық карта

Етістіктің түрлері Сөз тіркесі	Сабақты	Салт	Өздік етіс	Өзгелік етіс
Жыр айтқыз				
Шөпті баспа				
Сабақтан шықты				
Білімін толықтырды				
Жұртты сөйлетпеді				
Жерге төкті				
Үйге жатқызды				
Сөзді ұғу				
Үйді тазалатқыз				
Сабағын оқыттыр				

## САН ЕСІМДІ ҚАЙТАЛАУ

Мақсаты: білімділік-оқушылардың сан есім бойынша алған білімдерін жинақтау, бекіту, теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыру; дамытушылық-оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге машықтандыру, жүйелі сөйлеу, мәнерлеп оқу, сауатты жазу дағдыларын жетілдіру; тәрбиелік-оқушыны ойлылыққа жетелеу, пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, туған тілін сүйеге, Тәуелсіз Егеменді еліміздің тұғырын биік ұстауға тәрбиелеу.

Түрі: оқығанды қорытып, жүйеге келтіретін бекіту сабағы. Пәнаралық байланыс: тарих, әдебиет.

Сабақтың әдісі: Сын тұрғысынан ойлау технологиясының «Семантикалық карта», топпен жұмыс, сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс, талдау. Көрнекілігі: слайдтар топтамасы, әдеби мәтіндер.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын тексеру. 128-жаттығу.

«Білгенге маржан...»

Берілген сұраққа нақты, дұрыс жауап берген оқушыға жүлдызша беріледі.

1. Сан есім дегеніміз не?
2. Сан есімнің сұрақтарын ата?
3. Сан есімнің құрамына қарай түрлерін ата?
4. Дара сан есім дегеніміз не?
5. Күрделі сан есімдерге мысал келтір?
6. Сан есімнің мағынасына қарай түрлерін ата?
7. Есептік сан есім сұрақтары?
8. Реттік сан есім жасайтын жұрнақтар?
9. -ау, -еу жұрнақтары арқылы жасалатын сан есім?
10. *Нешінші?* Қай сан есімнің сұрағы?
11. Қай сан есімдерге -ау, -еу жұрнағы жалғанғанда -ы, -і дыбыстары түсіріліп қолданылады?
12. Болжалдық сан есім дегеніміз не? жұрнақтарды ата?
13. *Қаншадан? нешіден?* сұрақтарына жауап беретін сан есім? Жасалу жолын айт.

14. *Оннан екі* - қандай сан есім?

15. *Мың, жүз* құрамына қарай қандай сан есімдер?

III. Семантикалық картамен жұмыс.

Сан есім	Есептік	Реттік	Жинақтық	Болжалдық	Топтау	Бөлшектік
Жетінші						
Он бес						
Екі						
-екіден						
Бестен екі						
Мыңға						
жуық						
Алтау						
Елудей						
Төрттен						

IV. Оқулықпен жұмыс. 1-топ. 130-жаттығу.

Берілген есептік сан есімдерден реттік, болжалдық, жинақтық, топтау сан есім жаса.

2-топ. 131-жаттығу. Сан есімдерді құрамына қарай ажыратып жазындар.

3-топ. 137-жаттығу. Мәтін құрамындағы сан есімдерге морфологиялық талдау жасаңдар.

V. «Қызықты сөздер». Тез тауып, ұйқасын айт.

К + 2 + Л =

К + 3 =

Қ + 10 + ақ =

Кү + 1 =

5 + ік =

тү + 1 =

б + б + р =

9 + құмалақ =

жел + 90 =

дер + 5 =

7 + стік =

VI. Мәтінмен жұмыс.

1-топ. Мәтінді оқып, асты сызылған сан есімге морфологиялық талдау жаса.

Астана

Астана он бес жылдың ішінде керемет сұлу қалаға айналды. Ақорданың іргетасы 2001 жылы қаланды. Ол Есіл өзенінің сол жағында орналасқан. Ал «Бәйтерек» монументі өз әсемдігімен талайлардың таңдайын қақтырды. Бәйтерек монументін орнату-

Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысы. Бәйтеректің ұзындығы 97 метр. Бәйтеректің төбесіндегі шардың диаметрі-22 метр.

Пирамида пішінді Бейбітшілік пен келісім сарайының биіктігі 25 қабатты немесе 62 метрлік ғимаратқа тең. Сарайда 1,5 мың орындық опера театры, үш қабатты мұражай, көрме және концерт залдары, кітапхана, діни конфессия кеңселері және басқалары орналасқан.

2-топ.

1. Көп нүктенің орнына тиісті сан есімдерді қойып, сан емлесін айт

..... жылы ..... желтоқсанда Қазақстан өзінің Тәуелсіздігін жариялады. Тәуелсіздік алып, еркіндікке қол жеткіздік, әнұранымызды асқақтата шырқап, туымызды биікке көтердік.

Бүгінгі таңда Қазақстанды әлемнің .....-дай мемлекеті танып, .....-тен астам мемлекетпен елшілік дипломатиялық қатынас орнаған. Осы ..... жыл ішінде тәуелсіз мемлекетімізге көптеген өзгерістер енді. Білім саласында жаңа типті мектептер, лицейлер, гимназиялар мен колледждер ашылды. (1991, 25, 70, 16, 120)

2. Жетпіс сөзіндегі дыбыстарға математикалық тәсілмен мінездеме беру.

3-топ.

1. Сан есім емлесіне қатысты ережелерді еске түсіріп, қатесін түзетіп жазыңдар.

Біреудің 3-інші қызы екен. Оның ұлдары екіеу екен. Ол- XIX-ыншы ғасырда өмір сүрген жан. Немерелері жетіеуге тарта. Үлкені 2003- жылы туған. Алды II-сыныпта оқиды.

2. Берілген сан есімдерді құрамы мен мағынасына қарай ауызша талдаңдар.

VII. Ойлан тап.

1-топ. Құрамында сан есімі бар мақал-мәтелдер жазу.

2-топ. Құрамында сан есімі бар жұмбақтар жазу.

3-топ. Санға қатысты дана ойларды жазыңдар.

VIII. Рефлексия.

Үйге тапсырма. «Тәуелсіздік-ел тілегі» тақырыбына ойтолғау жазу.

Бағалау.

**А.ЖЫЛМАСОВА,**  
**№19 орта мектеп.**  
Қарағанды облысы,  
Қарқаралы ауданы,  
Талды ауылы

## **МӨЛШЕР ЖӘНЕ СЕБЕП ПЫСЫҚТАУЫШ**

*(8-сынып)*

Мақсаты: пысықтауыштың мағыналық түрлері: мөлшер мен себеп пысықтауыштардың жасалу жолын анықтау арқылы оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.

Міндеттері: кері байланыс парағымен жұмыс жасай отырып, ынтымақтаса жұмыс атқару және достық сезімдерін күшейту; шығармашылық жолында көтерілген басты мәселені топтық жұмыс арқылы таныту; тақырып бойынша өз пікірін айту, қорытынды жасай алу.

Көрнекілігі: АКТ, стикер, маркер, плакат, слайд, оқулық, алтын ереже, бағалау парағы.

Қолданылатын модуль: Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, АКТ, Оқыту үшін бағалау, Оқуды бағалау.

Стратегиялық іс-әрекет: "Ой ашар", "Ой қозғау", "Ой жалғау", "Ой толғау", Алты қалпақ", "Постер" стратегиялары.

Күтілетін нәтиже:

1. Ынтымақтаса жұмыс істеудің арқасында достық сезімдері күшейеді;

2. Топпен жұмыс жасау барысында мәселені шеше алуға дағдыланады;

3. Өзіндік пікірін жинақтап, қорытынды жасайды.

Негізгі дерек көздері: оқулықтардан, газет-журнал материалдарынан, ғаламтордан алынған Ғ.Мүсірепов туралы деректер, әдеби оқулықтар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру (1-2 мин). Есендесу. Оқушыларды түгелдеу. Назардарын сабаққа аудару. Туған айлары бойынша топқа бөлу. (Ортаға қаңтар айынан бастап желтоқсан айына дейін туғандар

сапқа тұрады. Үш топқа бөлемін. Әр топ өздерінің топ басшыларын сайлайды).

II. Үй тапсырмасын тексеру. (5-6 мин).

1. 76-жагтығу. Берілген пысықтауыштарды мағыналық түрлеріне топтап, әрқайсысымен сөйлем құрау. Синтаксистік талдау жасау.

2. Сан сұраққа саяхат...

а) Тұрлаусыз мүшелерге қандай сөйлем мүшелері жатады?

ә) Анықтауыш қандай сөз таптарынан жасалады?

б) Тура және жанама толықтауыш дегеніміз қандай толықтауыштар?

в) Пысықтауыштар құрамына қарай нешеге және қалай бөлінеді?

г) Пысықтауыштар неше мағыналық топқа бөлінеді?

III. Жаңа сабақ.

Ой ашар... *Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай, қарай зытам... Зытып келе жатқаным – қашып келем, артыма қарай беретінім - біршама қорқып келемін.*

*Қашуымның да, қорқуымның да балаға лайық себептері бар. Бір топ сиырды айдалаға тастап, қалаға қашып келе жатсаңыз, екі көзіңіз алақандай болатын сияқты.*

- Балалар, бұл үзінді қай шығармадан еді? Қашып келе жатқан кім? Не себепті қалаға қашып келеді? Мақсаты не?

- Дұрыс айтасыздар, балалар! Бұл Қайрош. Ендеше біздің бүгінгі сабағымыз Ғ.Мүсіреповтің өмір жолы мен шығармашылығына арналмақшы. (Осы кезде балалар менің сұрағыма жауап бере отырып, өздері асты сызылған сөзге сұрақ қоя отырып жана сабақтың тақырыбы мен ережесін ашады). Дәптерлеріне сабақтың тақырыбы мен ережесін жазып алады.

"Ой қозғау"...

Ширатқан шебер қолмен шын жібекті

Жан еді жарқын ойлы, күн жүректі.

Жарығы алыстарға жететұғын,

Сол жүрек тоқтағалы 28 жыл өтті...

Қазақ әдебиетіне Әуезовтен кейінгі биікті иеленген Ғ.Мүсірепов еліне, ұлтына, әдебиетіне адалдығы жағынан да, айналасына талантты жастар тобын шоғырландырып, оларды қорғап, қолдап отыру жағынан да зор құрметке лайық.

III. Айтмагов.

"Ой жалғау"...

Туған жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы,

Жаңа жол ауылы.

Қызметі: жазушы, драматург, публицист, аудармашы, киносценарист, қоғам қайраткері, ғалым.

- Енді картадан қай жылдары қайда қызмет атқарғаны жайлы әр топ оқып отырып, пысықтауыштың қай түріне жататынын айтады.

1902 жылы Жамбыл ауданы, Жаңа жол ауылында туған.

1923-26 жылдары Орынборда жұмысшы факультетінде оқыды.

1926-27 жылдары Омбыдағы ауылшаруашылық институтында I жыл оқыды.

1927-28 жылдары Щучинскіде ауылшаруашылық техникумында оқытушы.

Үш топ пысықтауыштардың мағыналық түрлерін пайдаланып, сөйлемдер құрайды. Синтаксистік талдауды ауызша орындайды.

Ғ.Мүсірепов шығармаларын 3 кезеңге бөлуге болады:

I топ. 1-кезең (1927-1932) шығармалары:

“Тулаған толқында” повесі (1927, тұңғыш көлемді шығармасы. 1916 ж. Дүрбелең кездегі ауыл тірлігі жайлы), “Өмір ертегісі”, “Көк үйдегі көршілер”, “Қос шалқар”, т.б.

II топ. 2-кезең (1932-1938) шығармалары:

“Талпак танау”, “Шұғыла”, ана туралы 8 новелла (“Адамның анасы”, “Өлімді жеңген ана”, “Ана кесімі айнымайды” атты 3 әңгімені М.Горькийден аударған), “Қыз Жібек” пьесасы (1934), “Амангелді” пьесасы (1936. Б.Майлинмен бірге жазған).

III топ. 3-кезең (1939-1984) шығармалары:

“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” пьесасы (1939), “Ақан сері - Ақтоқты” (1941), “Ер ана” (1942), “Ақлима” (1944), “Қазақ солдатты” (1945), “Оянған өлке” романы (1953), “Кездеспей кеткен бір бейне” повесі (1968), “Суреткер парызы” (1970), “Ұлпан” повесі (1974), “Заман және әдебиет” (1982), “Жат қолында” (1984. “Оянған өлке” романының екінші кітабы).

Семантикалық карта.

Түрі	I топ ережесі	II топ сұрақтары	III топ мысалы
мекен			
мезгіл			
мақсат			
амал			
себеп			
мөлшер			



40-жылдардан бастап Ғабит Мүсірепов үлкен прозамен айналысты. Бұл саладағы ең үлкен прозасының бірі алғаш “Қазақ батыры” повесі кейін 1945 жылы “Қазақ солдаты” болып өзгертілген романы еді.

Қайырғали Смағұлов-“Қазақ солдаты” романының бас кейіпкерінің прототипі.

- Осы ауылдың сиырын енді сен бағасың!
- Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам...
- Түнде өліп жатқан бала сен бе едің, ей?
- Мені олар “салқын сарайларына” алып келді.
- Ойбай-ау, бар бәлең аяғыңда екен ғой!
- Ал, қырғилар, аздап болса да өнер көрсетіп жіберейік!
- Мені жәймен, ілінген жерімнен түсіріп алып, мұртты милиционер аты-жөнімді сұрады.

- Құлыным, Қайрошым, қайда жоғалып кеттің?...

- Оқимын, апа, оқимын...

Тапсырма: пысықтауыштарды тауып, мағыналық түрге ажырату. Шығарма бойынша өткенді еске түсіру.

- Қайроштың арманы қандай еді?

"Ойтолғау"... "Менің арманым..." тақырыбында постер құрастырындар (Постерда пысықтауыштың мағыналық түрлерін пайдалан).

I топ постер қорғайды.

II топ Қайрошқа хат жазады.

III топ постер қорғайды.

Отбасы жайлы дерекке көз жүгіртсек.

-Білгің келсе айтайын: үш некеде тұрдым. Біріншісі – Хұсни – құдай қосқан әуелгі жарым, өмірден озды; екіншісі – Рая, жарасып-жараспадық; қазіргі жеңгелерің-Ғазиза, тоқтап-тұрақтадық (“Егемен Қазақстан”).

Көру диктанты. (I топ берілген сөйлемді есіңе сақтап, ауызша айтындар.

II топ оқушылары дәптерге орындайды.

III топ тақтада орындаңдар, есте сақтағанды жазып, сөйлемге синтаксистік талдау жаса)

Ғ.Мүсірепов атындағы академиялық балалар және жасөспірімдер театрының алдына ескерткіш-бюст 2002 жылы орнатылды.

Үйге тапсырма. “Мен-саған, сен-маған”.

A) Көркем әдебиеттен пысықтауыштың мағыналық түрлеріне мысал жазып келу;

Ә) Ережелерді қайталап, жазба жұмысына дайындалып келу.

Қорытынды. Рефлексия. “INSERT” стратегиясы.

“v”- білемін, маған таныс ақпарат	“+ -” – мен үшін жана ақпарат	“?” – мені таңғалдырады

Сабақты бекіту:

1. Пысықтауыштың мағыналық түрлері қандай?

2. Себеп және мөлшер пысықтауыштарға мысал келтір.

3. Пысықтауыш қандай сөз таптарынан жасалады?

“Ой қорыту”.

Эдвард де Бононың “Ақылдың алты қалпағы” әдістемесі.

• Ақ қалпақ. Қайнап жатқан ақпараттар мен араласқан мәліметтер берер алаң. (Бабаларымыз ақ түсті турашылдық, адалдық, шындық белгісі деп таныған)

• Қызыл қалпақ. Эмоция, интуиция, жүрекпен сезіну.

• Қара қалпақ. Ақиқатты көру, сақтану мен ойлану, келесіде алдын алуға ұмтылу.

• Сары қалпақ. Оптимизм, сәуелі өмірге талпыныс, позитивті ой, жетістіктер мен пайдалы нәтиже.

• Жасыл қалпақ. Жаңа идея, альтернативті ойлар, өсіп-өну, жайқалып өркен жаю.

• Көк қалпақ. Байсалды да сабырлы салқындық. Ізденісті басқару, идеяларды таразылай қорыту, болашаққа бағдар.

Бағалау. Топ басшыларының бағалау парақтарына қойған бағалары сарапталып, қорытынды баға шығарылады.

**Г.АҒЫЛМАНОВА,**  
**Совет Одағының Батыры Мәди Бегенов**  
**атындағы жалпы білім беретін орта мектеп.**  
Маңғыстау облысы  
Бейнеу ауданы

## ӨТКЕН ШАҚ

Мақсаты: білімділік-етістік туралы алған білімдерін тереңдету, өткен шақ, оның түрлері туралы білім қалыптастыру; тәрбиелік-оқушыларды ұғымталдыққа, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу; дамытушылық-оқушылардың сөздік қорларын молайту, етістікті шақтарына қарай ажырата білуге үйрету. Көрнекілігі: кесте, кеспе қағаздар. Түрі: дәстүрлі сабақ. Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, талдау, мәнерлеп оқу.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын сұрау. 127-жаттығуды тексеру.

Өтілген тақырып бойынша берілетін сұрақтар:

Келер шақ дегеніміз не?

Келер шақтың қандай түрлері бар?

Ауыспалы келер шақ етістік қалай жасалады?

IV. Жаңа сабақ.

Өткен шақ

Өткен шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып, істеліп кеткенін білдіреді. Мысалы: Ол оқуды бітірді. Мен бұл кітапты оқыдым. Ол кезде сен оннан асқансың. Шалдың бір баласы болыпты. Демалыста оқушылар қалаға баратын.

Берілген мысалдағы бітірді, оқыдым, асқансың, болыпты, баратын деген етістіктер бітіру, оқу, асу, болу, бару қимылдарының болып кеткенін білдіріп, өткен шақ мағынасын беріп тұр.

Өткен шақ мағынасы мен жасалуына қарай жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ және ауыспалы өткен шақ болып үшке бөлінеді.

Жедел өткен шақ әдетте қимылдың, іс-әрекеттің таяу уақытта болғанын, орындалғанын білдіреді. Жедел өткен шақ етістіктің түбіріне *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнағы қосылу арқылы жасалып, жіктеліп қолданылады. Мысалы: Асан домбыра тарт-

ты, мен өлең айт-ты-м. Сен үйге келме-ді-ң.

III жақтың жіктік жалғауы тек көсемшенің *-ып, -іп, -п* және *-а, -е, -й* жұрнағынан кейін ғана жалғанады: *кел-іп-мі, қара-п-ты, кел-е-ді, қара-й-ды*. Ал жедел өткен шақ жұрнағы етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне және етіс, болымсыз етістік тұлғаларына тікелей жалғанады.

V. Жаңа сабақты деңгейлік тапсырмалар арқылы бекіту.

I деңгей. 1-тапсырма. 128-жаттығу.

Оқып шығып, өткен шақ мағынасын білдіріп тұрған етістіктерді табындар.

Өткен шақ: Өрледі, жиналды, айтты, жазылды, ...

2-тапсырма. Жұмбақтардың шешуін тауып, етістіктерді шақтарына ажыратындар.

1. Шылбырын сүйрейді,

Жыртқыты түйрейді. (ине)

2. Көше бойлап аяндайды,

Адам тосып аялдайды. (автобус)

3. Күзетем деп үйді,

Жұдырығын түйді. (құлып)

II деңгей. 1-тапсырма. 129-жаттығу (ауызша орындау)

Мәтіннен жедел өткен шақты білдіріп тұрған етістіктерді тауып, қалай жасалғанын түсіндіріңдер.

2-тапсырма. Мақалдардағы етістіктерді жедел өткен шаққа айналдырып жазындар.

1. Ақылдыға сөз айтсаң,-

Аз ойланып біледі.

Ақылсызға сөз айтсаң,-

Тындайды да, күледі.

2. Кішіпейіл болғанмен, Кішірейіп кетпейсің.

3. Еңбек мұратқа жеткізер, жалқаулық абыройды кегіреп.

4. Анасының тілін алмаған азапқа қалады.

III деңгей. 1-тапсырма. 130-жаттығу. Берілген етістіктерден жедел өткен шақ жасап, жіктеп, сөйлем құраңдар.

Бар. Ойна. Жүгір. Жарыс. Сөйле.

2-тапсырма. Тест сұрақтарына жауап беру.

VI. Қорытынды.

VII. Бағалау.

VIII. Үйге тапсырма: 131-жаттығу.

**Ә.ҚҰРАЛБАЕВА,**  
**Мұхаметқұл Исламқұлов**  
**атындағы жалпы**  
**орта мектеп.**  
 Оңтүстік Қазақстан облысы,  
 Ордабасы ауданы,  
 Шұбарсу ауылы

## ІСКЕРЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ СӨЗ ӘДЕБИ

Мақсаттары: оқушылардың іскерлік қарым-қатынас барысында сөйлеу әдебі туралы білімдерін кеңейту. Іскерлік қарым-қатынас кезінде сөз әдебін сақтауды, сөздерді дұрыс айтуды, аудармашы арқылы сөйлесуде ескеретін қағидаларды білуге дағдыландыру. Қарым-қатынас барысында өз ойын еркін жеткізе білуге баулу, тіл байлығын дамыту, сыни тұрғыдан ойлана білуге дағдыландыру;

Күтілетін нәтиже: Топпен жұмыс істей алады, ізденімпаздылық қабілеттері артады. Сыни тұрғыдан ойлана алады.

Модульдері: АКТ (ақпараттық коммуникативтік технология), СТО (сын тұрғысынан ойлау), ОЖЕ (оқушылардың жас ерекшеліктері), ТжДОЖ (таланты және дарынды оқушылармен жұмыс). ОБЖК (оқытуды басқару және көшбасшылық). Деректер: тақта, стикерлер, постерге арналған қағаздар, маркерлер, ноутбук. Әдіс-тәсілдер: «Өрмекші», «Миға шабуыл», «Суреттер сөйлейді», «Спираль» әдісі, «Бес жолды өлең».

Сабақ кезеңдері	Уақыт	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті	
Ұйымдастыру кезеңі.	1 мин.	Топқа бөлу	Әр түрлі суреттермен топқа бөлу.	Топқа бөлініп, топ е р е ж е с і н айту.	
Білім. Қызығушылықтарын ояту.	2 мин.	«Өрмекші» тәсілі. Сұрақ-жауап	Үйге берілген тапсырма арқылы бір-біріне сұрақ қояды	Мұғалім берген тапсырманы орындау. Бір-біріне сұрақ қою.	А К Т

Түсіну	7 мин.	Бейнеролик арқылы жаңа тақырыпты ашады. «Миға шабуыл»әдісі	Бейнероликті көрсету арқылы жаңа сабақты ашу. Сұрақ қою. Іскерлік қарым-қатынас дегеніміз не? Іскерлік қарым-қатынас әдебі дегенді қалай түсінесің? Болашақта мемлекеттік қызметке араласу немесе өз ісінді жүргізу жөнінде не ойлайсың?	Жаңа тақырыпты ашып, іскерлік қарым-қатынас туралы айтады.  Оқушылар сыни тұрғыдан ойлана отырып сұрақтарға жауап береді.	С Т О
Қолдану	10 мин.	Топтарға іскерлік қарым-қатынас туралы мәліметтер беру. «Спираль» әдісі бойынша тақырыпты талдау.	Әр топқа тапсырма беру және 3 топқа суреттер таратып беру. Оқушыларға мәтінді топ ішінде әр қайсысына оқытқызып топпен талқылату. Топ ішінен бір сарапшыны тағайындап басқа топтарға түсіндіреді, қайтадан өз топтарына барып түсінгендерін түсіндіреді.	Суреттер бойынша ойларын қағазға жазады, түсініктерін ортаға шығып айтады. Оқушылардың мұндағы мақсаты берілген тапсырманы өздері талқылап, өз ой-пікірлерімен санаса білуі, топпен жұмыс жасауы.  Постер қорғайды	С Т О

**А.ҚАРЖАУОВА,**  
**Ы.Алтынсарин атындағы**  
**жалпы орта мектеп.**  
 Атырау облысы,  
 Құрманғазы ауданы,  
 Дәшін селосы

## LESSON STUDY ТӘСІЛІН ОҚЫТУ МЕН ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Мақсаты: мұғалімдерге оқушыларды зерттеуге, қызығушылығын арттыруға, білім сапасын көтеру құралы ретінде Lesson Studydі ұсыну. Практиканы жетілдіру құралы ретінде Lesson Studydі қалай пайдалануға болатынын мұғалімдер топтарының арасында көрсету, олардың кәсіби деңгейін жоғарлатуға, бірлесіп жұмыс жасауға мүмкіндік беретін педагогикалық тәсіл туралы таныстыру, сабақты зерттеу немесе сабақты зерделеу үдерісін ұғындыру.

Күтілетін нәтиже:

- Lesson Study тәсілімен танысады.
- Шығу тарихы, таралу елдері туралы мағлұмат алады.
- Бұл тәсілдің мұғалімдер мен оқушыларға, оқу мен оқыту сапасын көтеруге мүмкіндік беретін тиімді жақтарымен танысады.
- Өз тәжірибелерінде қолдануға мүмкіндік алады.
- Lesson Study кезінде әріптестерге қалай қолдау көрсетуге болатынын түсінуді үйренеді;
- мұғалім әрбір жеке оқушының оқуына қатысты өзінің оқыту тәжірибесі туралы ойлануға мүмкіндік алады;
- Lesson Study циклінде сабақтың оқушылар қажеттілігіне сәйкес келуі мақсатында мұғалімдер инновациялық педагогикалық тәсілдерін жетілдіруге немесе оның сапасын арттыруға мүмкіндік алады.

Коучингті өткізу барысы:

Уақыты	Іс-шараның түрі	Коучердің әрекеті	Коучинг қатысушының әрекеті	Қажетті ресурстар
3 мин	Топтық жұмыс	Топтарға бөлу. Стикер арқылы топқа бөлу. 1. Топтық жұмыс туралы қысқаша нұсқау беріледі. 2. Бағалау парақшасын ұсынады	Үш топқа бөлінеді, топ мүшелері міндеттерін бөліседі.	Әртүрлі стикер, сауалнама бетшесі, АКТ (топ ережесі)

Сергіту сәті	1 мин.	Елбасымыздың басқа мемлекеттермен кездесуі туралы бейнеролик көрсету	Оқушыларға еліміздің іскерлік қарым-қатынасы туралы көрсету.	Оқушылар мәліметтер алады. Ойларын жинақтайды.	А К Т
Талдау	15 мин.	Жаңа тақырыпты талдау үшін арнайы тапсырмалар беру. Эссе жазу. Өлең жазу. Көрініс көрсету	«Менің әкемнің мамандығы» атты эссе жазғызу. «Сөз әдебі» тақырыбында өлең шығарту. Топ болып іскерлік қарым-қатынас туралы көрініс көрсету.	Оқушылар топ болып тапсырмаларды орындайды. Ойлау қабілетін, актёрлік шеберлігін көрсетеді.	Т ж Д О Ж
Жинақтау	5 мин.	Мәтінмен жұмыс Кітап арқылы тапсырмалар беру.	Әр топқа кітаптан тапсырма беру Жаттығумен жұмыс жасату. Морфологиялық талдау жасату.	Топтар өзара тапсырма орындайды. Тақырыпты түсінгендерін тапсырма орындау арқылы көрсетеді, тақырыпты жинақтайды Талдау жасайды.	
Бағалау	2 мин.	Стикерлермен бағалау.	Әр тапсырманы орындаған соң бағалап отыру.		
Рефлексия	2 мин.	Стикерлерді толтыру.	Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну. Оқушылар бүгінгі сабаққа деген ойларын пікір ағашына ілу.	Оқушылар кері байланыс арқылы сабақтан алған әсерлерін, ұсыныс, тілектерін жазады.	

		(кіру сауалнамасы) 1. Lesson Study сөзі сізге таныс па? 2. Lesson Study дегеніміз не? 3. Lesson Study-ді не үшін пайдаланады? 4. Lesson Study туралы білгіңіз келе ме?	(кіру сауалнамасын толтырады)	
2 м	Коучинг тақырыбы, мақсаты, нәтижесімен таныстыру.	Тұсаукесер арқылы таныстырады.	Тындайды	АКТ, коучинг жоспары
5 мин.	Топтың өздік жұмысы	Миға шабуыл мақсатында «Оқу сапасын сабақ үдерісінде қалай арттыруға болады?» тақырыбында тапсырма беру.	Топ мүшелері өзара ой бөлісе, жауап береді. Топ өз ойларын А 4-ке түсіреді, қорғайды.	Бағалау стратегиялары, А4 парақтары, маркер.
15 м.	Таныстыру, мәлімет беру.	«Lesson Study» туралы толық мәлімет беру, түсіндіру тұсаукесер арқылы. LessonStudy – бұл сыныптағы іс-әрекеттегі зерттеу жұмысының ерекше түрі, ол мұғалімдер топтарының Lesson Studyді бірлесіп жоспарлауын, оқуын, қадағалауын және оқуды талдауын көздейді. Бұл тәсіл 1870 жылдары Жапонияда пайда болған. Мақсаты: тәжірибені жақсарту мен жетілдіру. АҚШ пен Ұлыбританияда жаңа тәсілдің таныстырылымын жасаған Макота Йошида. Жапониядан тыс жерлерде 2007 жылдан бастап танымал бола бастады. Lesson Study-де ең бастысы «сабақты зерттеу» немесе «сабақты зерделеу» үдерісі болып табылады.	Тындайды, танысады.	МАН. 49-бет. АКТ.

		Lesson Study тәсілі тиімді, себебі ол мұғалімдерге:- Әдеттегіге қарағанда балалардың білім алғандығының анағұрлым анық, әр түрлі қырларынан және егжей-тегжейлі дәлелін көруге;		
		-Оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп қалай жоспарлау керектігін түсінуге көмектеседі.		
5 мин	Қорытынды	Бейне баян (видео көрсету) «Lesson Study тиімділігі»	Бейнебаян көреді	АКТ, бейнебаян
2 мин	Қозғалыс	Сергіту сәті.	Сергіту сәтіне қатысады.	АКТ
7 м	Кері байланыс	«Lesson Study» туралы ой бөлісу. Әр топқа Lesson Study-ге қатысты кітапшалар тарату.	Топтастыру (ментальнй карта).	Кітапшалар, таратпа бетшелер
2 мин	Қорытынды талдау	Сабақтағы іс-әрекетті зерттеу түйіндерімен таныстыру. (талдау мысалдарын оқу, үлгі ретінде көрсету)	Көру, тындау, қарау.	Таратпа бетшелер
2 мин.	Түйін	Шығу сауалнамасы: 1. Lesson Study сөзі сізге таныс па? 2. Lesson Study дегеніміз не? 3. Lesson Study-ді не үшін пайдаланады? 4. Lesson Study-ді оқу үрдісінде пайдалану тиімді ме? 5. Lesson Study туралы мәлімет ала алдың ба?	Толтыру, топ мүшелері өз ойларын қағазға түсіру. Шығу сауалнамасын толтырады.	АКТ, А 4
2 мин.	Кері байланыс.	«Тілек ағашы»	«Екі жұлдыз, бір тілек» топ мүшелері тілек, ұсынысты стикерге жазып, баға береді.	

**Ү.КӨРІБАЕВА,**  
**Талдыбұлақ жалпы**  
**орта білім беретін мектеп.**  
 Қарағанды облысы  
 Жаңаарқа ауданы  
 Ескене ауылы

## КӨПШІЛІК АЛДЫНДА СӨЙЛЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ

Мақсаты: а) Көпшілік алдында сөйлеудің әдістері туралы білімін жинақтау, құзыретті тұлға қалыптастыру; ә) оқушының өзіндік іс-әрекетін дамыту; б) сөйлеу мәдениетіне, шешендікке баулу, сөздік қорын молайту.

Түрі: топтық сабақ.

Әдісі: сұрақ-жауап, түсіндіру, пікір айту, жаттығулар әдісі, практикалық талдау.

Көрнекілігі: постер, штикер, компьютер, үлестірімелі қағаздар, т.б.

Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті (ауыз әдебиеті), информатика.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Сыныпты 2-топқа бөлу.

Оқушылар ортаға шығып «Шаттық шеңберін жасайды» шеңбер бойында тұрып бір-біріне тілек тілейді.

Топтың 7-алтын ережесімен таныстырып өту:

*Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргенім жоқ.*

*Тауып айтсаң – мереке қылады,*

*Таппай айтсаң – келеке қылады.*

*Досбол би.*

Сабағымыздың мақсаты сөйлеу мәдениеті, тіл өнерінің биік шыңы-шешендік өнердің мәні мен адам өміріндегі маңызын оқушылардың зердесіне жеткізу. Осы бағытта толғамды ой, түйінді пікірлермен жұмыс істеуіне мүмкіндік тудыру.

Бағалау парақшасын тарату.

II. Үй тапсырмасын тексеру. Көпшілік алдында сөйлеу. «ҰБТ қажет пе?» «Мектеп маңын көгалдандыру»

III. Жаңа сабақты хабарлау.

2 топқа бірдей тапсырма: -Көпшілік алдында сөйлеудің әдістері қандай? «Постер» құрау.

122

1-топ-Талдаудың логикалық тәсілдері.

2-топ-Баяндаудың түсіндіру тәсілдері.

М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде сөйлеушінің сөздерді байланыстыра отырып, маңызды ой шығаруы үшін үш тәсіл – дедукция, индукция, аналогия керек.

Талдаудың логикалық тәсілдері	Баяндаудың түсіндіру тәсілдері
Анализ. Зерттеу, талдау арқылы негізгі белгілерін саралау.	Дедукция. Жалпыдан жалқыға, бүтіннен бөлшекке ауысуы
Синтез. Пікірлерін біріктіру арқылы негізгі ойының бүтін болмысын таныту.	Индукция. Жалқыдан жалпыға, белгіліден белгісізге қарай ой қорыту тәсілі.
Салыстыру. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ойша сараптау.	Аналогия. Салыстыра отырып, нақты бір затқа тән қасиеттерді ашу.
Жинақтау. Қорытындылау, негіздеу, айтылған ойдың бас-аяғын жинап, түйін жасау.	Дәлелдеме. Ой өзектілігін нығайтатын қажетті дәлелдемелерді пайдалана білу шешеннің сөз құндылығын арттырады.

IV. Кітаппен жұмыс.

1-2-топ. 122-жаттығу. Тақырыптан түйген ойларыңды қорытып «Негізгі бөлімде айтылатын сөз қандай болмақ? атты эссе жазыңдар.

V. Сергіту сәтін өткізу.

«12 мүше сөйлейді» деп аталады. Музыка қойылады.

1. Баспен 6 санын салу;
2. Құлақпен 5 санын салу;
3. Белмен 2 санын салу;
4. Иекпен 3 санын салу;
5. Қолмен 44 санын салу;
6. Аяқпен 7 санын салу; т.б.

VI. 2 топқа бірдей тапсырма: Мына тақырыптар бойынша көпшілік алдында сөйлейтін сөзіңнің жоспарын жаса.

I топ. «Мен тандаған мамандық».

II топ «Мектеп киімі қандай болу керек?»

VII. Бағалау.

IX. Сабақты қорытындылау

X. Тест жұмысы

XI. Үйге тапсырма. 122- жаттығу, тест жұмысы

XII. Рефлексия жүргізу: «Екі жұлдыз, бір тілек».

Оқушылар стикерге өз тілектерін жазып, плакатқа іледі де тақтаның алдына тұрады.

123

**Ж.БАХИТЖАНОВА,**  
**Алғабас орта мектебі.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Ақжайық ауданы

## АҚЫН ЖҮРЕГІНІҢ АЙШУАҚ НҰРЫ

Әлі есімде, тап бүгінгідей.

2009 жылдың 14 қазанында өткен Алғабас орта мектебінде ұйымдастырылған «Жыр-жүректің бұлағы» атты қолтаңба бағдарламасына Ақмаржан Бақытқызын арнайы шақыртқан едік. Кештің бағдарламасы үш кезеңге бөлінді. «Өткен шақ» бөлімінде оның курстасы Гүлсара Құбашеваның әңгімесі тыңдалып, «Келер шақта» мектеп оқушылары Ақмаржан апамыз лирикасының табиғатымен танысты. Ал «Осы шақ» бөлімінде ақынның көптеген өлеңіне ән шығарған әуесқой сазгер Роза Әжімұратқызымен бірге әуелеткен әндерін толқи отырып тыңдаған едік.

Жиналғандар оның жырларына сүйсініп, қайта-қайта қол соққан.

Кездесу соңында ақын апамыз бұл диалогтан ерекше әсер алғандығын айтып, қолындағы күміс жүзігін маған сыйлап тұрып, «Жанна, күлкіңіз ақ күмістей сыңғыр қағып жүре беріңіз!», - дегенді.

Иә, тап бүгінгідей көз алдымда.

Соған дейін де, содан кейін де талай жүздескен осындай жан қазір арамызда жоғына тіпті сенбеймін. Кешегі қазанның 11-інде осы белгілі ақын, білікті ұстаз, қаламы қарымды журналист, облыстық «Жайық ұстазы» газетінің бас редакторы Ақмаржан Таубаева 58 жасқа қараған шағында жұртын жылатып, бакилыққа аттанғанда, өкініштен өзегің қалайша өртенбесін.

Рухқа толы өршіл өлеңдердің иесі, елді, табиғатты, махаббатты, имандылықты, ізгілікті үлкен жүрекпен жырлай білген жан-апамыздың дәм-тұзы таусылып, өмірден өткені арқамызға аяздай батады. Амал қанша?!

1980-1990 жылдары өзіміздің аудандық газетте редактордың орынбасары болып, сосын облыстық «Орал өңірі» газетінде қызмет жасағанда толғауы тоқсан тіршіліктен жазған көптеген мақаласын да сүйсіне оқып едік. Кейін Алматыда Қазақстан Жастар одағының баспасөз және қоғамдық ұйымдармен байланыс жөніндегі кеңесші,

«Шартарап» баспасының редакторы болып жұмыс жасағанда, Оралда Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледждің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында шәкірттерге дәріс бергенде шығармашылығын шыңдай түсті деп есептеймін. Бұған әрі жылдардағы жырлары куә.

Оның лирикасының қайсысын алсаңыз да ордалы ойды, тілінің оралымдығын байқайсыз. Бояуы қанық-ақ. Өміріміз бен өлеңнің тап жақындығын айтсаңшы. Сосын ғой оның жырларын сүйетінің. Айтпақшы, бояу демекші, түр мен түс ұғымы уақыт өте келе өзі таныған әлемнің танымдық мәнін ұғындырудан алыстап, адам жанының эстетикалық және рухани мәнін танытуға көшкені мәлім ғой. Мұқағали Мақатаев пен Ақмаржан Таубаеваның жырларында ақ түстің басқа түске қарағанда өте көп кездесетінін хал-қадірімше біліп, салмақтап жүрмін. Мысал келтірейін.

«Наурыз» деген өлеңінде:

*Тамашалармыз пәк сәбилердің күлкісін,*

*Ақ әжелерден алаңсыз естіп сырды шын.*

*Ақ бата алып қариялардан өмірге,*

*Наурызым, саған ұшырғым келді жыр құсын,-*

деп тебіренсе, «Жыр болар сәттер» атты өлеңінде:

*Жыр болар сәттер қаншама мынау өмірде,*

*Махамбет бабам жырменен алған кегін де.*

*Ақ семсер жырын алмастай өткір қалдырған,*

*Ақжайық деген армандай туған жерінде,-*

деп, ал «Түсіме енген тұңғық» деген өлеңінің ең соңғы шумағында:

*Ақ арманым болармысың, түсіме енген тұңғыық,*

*Ақ күлтелер сұлулықты өн бойына тұр жиып.*

*Тұңғыық сыр сыйлап кеткен ризамын сол түске,*

*Мүмкін, күтіп тұрған шығар гүл көмкерген бір биік.*

Шіркін, жыр-дария деген осы ғой. Сезім толқынын тулату деген осы емес пе.

Ақмаржан Бақытқызы өлең-сөздің жиегін кестелі өрнекпен көркемдеуге, яғни ой түйіп тастауға шебер еді. Шығармашылығына көрік берер тың теңеулер немесе бедерлі, бейнелі сөздер керуені менің әлім жеткенше зерттеуімше, оның жаңашылдық қырын танытады.

Поэзиясында тілінің қуаттылығын байқататын экспрессиясы қуатты теңеу, метафора, синоним, антоним, кейіптеу, риторикалық сұрау, т.б. көркемдегіш құралдарды мол қолданылғанына ауыл мектебіндегі әріптестеріммен бірге зерттеу барысында көз жеткіздік. Жүрегінің рухани күшіне тәнті болып келеміз. Сөз өнері, сөз қуаты деген сол-ау.

Ол өз поэзиясы арқылы заманға, ұлтқа, қоғамдық ортаға өзіндік

ықпалын тигізген поэзия өкілдерінің бірі еді. Поэзия әлемінде жарқырай көрінуі – кестелі жырдың киелі иесіне бақыт боп қонған бармақтай бақ болса керек.

Ақын лирикасындағы ең басты идея, негізгі тақырып – адамдық тақырыбы, адамгершілік мұраты. Тереңде жатқан тарих шындығынан сыр шертеді, ойландырады, толғандырады. Сөз өнеріне ғашық қылады, сүйдіреді, сүйсіндіреді. Ақмаржан Бақытқызы бірде оқырманға Махамбетше тіл қатса, бірде қоғамдағы келеңсіздікті астарлы ойлармен сынға алып жатады. Жүрек жылуының азаймауын, тасбауырлық тамыр жаймауын армандайды. Сөйтіп, жүрегіңді селт еткізеді, кейде жанарыңа жас үйіріледі.

Қазақ қызында инабаттылық пен ибалылық, аруға тән нәзіктік ұдайы леп беріп тұруы тиістілігін меңзеген жырлары қандай десеңші. Жанарының оты мен жүрегіндегі рух, кеудедегі намыс, бабалардан дарыған тектілік бойында алаулаған қыздарымыз Отанның құты екенін айтады.

Осының бәрін тек санаңа сіңіре біл, ойыңа тоқи біл. Соның бәрін жас ұрпақтың бойына дарыт. Ұстаз ретінде мен Ақмаржан Бақытқызының өлең өлкесінен соны сөзсіз ұғынамын. Соны басшылыққа алып та келемін.

Махаббат тақырыбындағы лирикалық өлеңдерінің арасында анаға деген ыстық сағынышы оттай алаулайды. Бұл да адам тәрбиесіне қосылған сүбелі үлес болып табылады. Мәселен: «Аңсадым, апа, өзіңді», «Анамның ақ сүтіндей», «Әжеме жазған хаттардан» атты туындылары санасында сәулесі бар әркімді бейғам қалдырмайтынына мен бәс тіге аламын. Мәңгілік тазалық, адалдық рухы, сүйіспеншілік қадірі, рухани дәулетпен адамның өзін-өзі тәрбиелей білуі... Қайран, апам менің, адамдық әуенін шарықтатқаның қандай сенің!

Мөлдір, таза, тұнық бастауға тап болғандай, айналам айшуақ нұрға толғандай сезінемін әманда сенің жырларыңа үңіліп отырғанда. Сен адамдарға парасат, парыз, міндет, иман, обал, сауап тән болуға тиістілігін қаперге салумен өз мектебіңді ашып кеттің. Соныңмен халқыңның сүйіктісіне айналдың, құрметіне бөлендің. Бұл-сенің ерлігің. «Жұртыңа ой түйер әр жырынды жазған сайын қаншама өліп-тірілдің екен?». Бүгінде мені осы сұрақ баурайды. Өзгенің жан-дүниесінің тазалығы үшін күресіп өткен жан қаншама мұңды, уайымды арқалады екен?-деп те ойланамын.

*«Жүзіп жүріп дос көңілдің айдынын,*

*«Жетпейді» деп жар салғаным – қай қылық?*

*Жетер-жетпес бұл дүниеде ештеңе,*

*Кең пейілің, дос көңілің – байлығың»*,-дегені де естен кетер ме...

Әдеби кеш

**Ү.АМИРХАНОВА,**  
**Қапланбек аграрлық-**  
**техникалық колледжі.**  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Сарыағаш ауданы

## **САРЫАҒАШ – СЫРЛЫ ДА, ЖЫРЛЫ ДА ӨЛКЕ**

Мақсаты: туған жеріміз Сарыағаштан түлеп ұшқан ақиық ақын-жазушыларымыздың әдеби мұрасын насихаттау арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттерін, дүниетануын және зерттеу дағдыларын дамыту, көркем әдебиетті оқуға махаббатын ояту. Түрі: әдеби кеш. Әдісі: «Поэзия минуты», «Қиялдағы суреттер», «Тұлғаны таны», бес жолды өлең, эссе жазу. Көрнекілігі: слайд, көрме, буклет, ақындардың шығармалары, плакаттар.

Кіріспе сөз: - *Сыр тыңдатар сұңғыла сезімдерді, Сарыағаш,  
Сұңқылдатар жыр қылар кезім келді, Сарыағаш.*

*Асан бабам нұрлысың арманымен, Сарыағаш,*

*Ай сағынар гүл – мүсін аймағым ең, Сарыағаш,*

деп саялы Сарыағаштың тума ақыны Мұрат Бекей жырлағандай туған жерлес ақындарымыздың шығармашылығына бағышталған «Сарыағаш – сырлы да, жырлы да өлке» атты әдеби кешімізге қош келдіңіздер! Слайд.

Жүргізуші:-Сарыағаш жері киелі. Ұлы Жібек жолының бойында жатқан, бүгінгі таңда да тоғыз жолдың торабында орналасқан Сарыағаш өңірі ешқашан таланттарға кенде болмаған. Осы топырақта мәңгілік мекен тапқан Шәймерден ата, Дәуіт ата, Жабай ата, т.б. ұлы әулиелердің әруақтары жебеген талай дарынды ұл-қыздарды дүниеге әкелген өлке бұл. Арғы тарихты қозғамай, кешегі кеңестік дәуірдің қойнауына үңілсек бұл өңірден Тоқаш Бердияров, Төлеген Айбергенов сынды ақиық ақындардың түлеп ұшқанын көреміз. Олардың шағармалары бүгінде қазақ әдебиетінің алтын қорына енді.

1962 жылы Төлеген Айбергенов Қасым Аманжолов атындағы әдеби бірлестіктің негізін қалады. Кейінірек бұл бірлестік «Сыр», ал 2001 жылдан бастап Төлегеннің өз атымен атала бастады. Бүгінде бірлестікке белгілі ақын Мұрат Бекей жетекшілік етеді.



Өзінің 44 жылдық тарихында бұл бірлестікте талай дарынды жас өз талантын шыңдады. Қазіргі таңда есімдері елге мәлім Ханбибі Есенқараева, Шойбек Орынбаев, Әмзе Қалмырзаев, Әбділда Аймақ, Әкім Ысқақ, т.б. осы бірлестіктің түлектері. Бірлестік қалыптасқан дәстүрінен жаңылмай, шығармашылықпен айналысуды мұрат тұтқан өнер өрендерінің қаламын ұштап, армандарына ақ жол сілтеумен келеді. Оның құрамынан бірлестіктің байырғы мүшелері Мейірбек Ақынбеков, Мамыр Тарақтыұлынан бастап, Забира Айнақожаева, Зұлфия Смайлова сияқты көптеген дарынды жастарды кездестіреміз. Бірлестіктің алғашқы топтама жинағы 1993 жылы «Сарыағаш саздары» деген атпен жарық көрді. Жастардың тырнақалды туындылары жарық көретін осындай жинақтар олардың талабына қанат бітіріп, келешегін анықтайтыны сөзсіз. Слайд.

Жүргізуші: «Сарыағаш – сырлы да, жырлы өлке» атты әдеби кештің барысында Төлеген Айбергенов, Ханбибі Есенқарақызы, Әкім Ысқақ, Мұрат Бекей, Әбілсапар Тұрғанбаев, Жаркынбек Наушабаев, Тұрсынәлі Айнабеков, Зұлфия Исмаилова, Забира Айнақожаева және т.б. жерлес ақын ағалар бен апаларымыздың шығармашылығымен таныс боласыздар.

Әдеби кешіміз 5 бөлімнен тұрады:

1. Поэзия минуты.
2. Тұлғаны таны.
3. Қиялдағы суреттер.
4. Бес жолды өлең.
5. «Сүйемін туған өлкемді» тақырыбына эссе жазу.

I бөлім. «Поэзия минуты» оқушылар өлеңдерді мәнерлеп оқиды.

1-оқушы: -Төлеген Айбергенов. «Менің Республикам».

*Бұлыңғыр күндер кетті оралмасқа,*

*Бұл күндері Балқаш басқа, Арал басқа.*

*Адамдық даналықтан туған дала*

*Айналды көрген көзін ала алмасқа.*

*Сенбесең, Ертіс, Сырды арала бар,*

*Болашақ арнасымен ағады олар.*

*Тайганың орманындай бұл далада*

*Басына жұлдыз қонған бағаналар.*

2-оқушы: -Ханбибі Есенқарақызы. «Абай».

*Сен айтқанмен білімді,*

*Мен айтқанмен білімді,*

*Білім – шабақ, нарықтың*  
*Қармағына ілінді.*

Есеп үйрен қолға алып,

Айналаңмен қорғанып

Жүдеп жатыр білімді,

Білімсіздер жонданып.

3-оқушы: -Әкім Ысқақ. «Қазақпын».

*Төрін көрген тозақтың,*

*Бастан өткен азап күн.*

*Қажымайтын, талмайтын,*

*Қайыспайтын қазақпын!*

*Ата зарын тыңдаған,*

*Майысқан тек, сынбаған.*

4-оқушы: -Тұрсынәлі Айнабеков. «Туған жерім Сарыағашым».

*Туған жерім тұғырым Сарыағашым,*

*Екі Келес аққан кең саладасың,*

*Асан атам жерұйық деп атаған*

*Кереметті кең пейіл даладасың.*

*Туған жерім тұғырым Сарыағашым,*

*Отау болған баспана тал ағашың,*

*Бабам дарқан далаңды баспаналап*

*Сенен сайлап ер-тұрман, нар ағашын.*

5-оқушы: -Мұрат Бекей. «Сарыағаш».

*Сыр тыңдатар сұңғыла сезімдерді, Сарыағаш,*

*Сұңқылдатар жыр қыла кезім келді, Сарыағаш.*

*Асан бабам нұрлысың арманымен, Сарыағаш,*

*Ай сағынар гүл-мүсін аймағым ең, Сарыағаш,*

*Таңдар әлі бақ күреп атпақ талай, Сарыағаш,*

*Жалғанады ақ тілек, ақ мақтадай, Сарыағаш.*

6-оқушы: -Әбілсапар Тұрғанбаев. «Сарыағаш – жыр, сыр».

*Кірішкісіз, шипалы Сарыағаш суындай,*

*Бір сезім кеудемде келеді суынбай.*

*Ақ алқап ішінде алқызыл орамал,*

*Желбіреп жүр ме екен махаббат туындай.*

*Сағыныш аймалап алдағы ақ таңды;*

*Ұмыттым күзді мен, ұмыттым ақпанды.*

*Ауылдың аруы көңілің қаласа,*

*Келейін, терейін мен де кеп мақтаңды...*

II бөлім. «Тұлғаны таны» ақын-жазушылардың портреттері

көрсетіледі, тұлғаны таныған оқушы ол жайлы мәлімет беріп, оның шығармаларын мәнерлеп оқиды.

Слайд: Ақындардың портреті

III бөлім. «Қиялдағы суреттер» бөлімінде ақын – жазушылардың шығармалары беріледі, сол бойынша оқушылар қиялындағы суреттерді салады.

Жүргізуші: - Забира Айнақожаева. «Ана тілі».

*Ана тілде дұрыс сөйле! Соның өзі бақ маған,*

*Мен, өйткені, өле-өлгенше өз тіліммен мақтанам!*

*Өзге тілдің мерейі асып, құдай нұры жауса да,*

*Бөтен тілді өз тіліңдей сезінуің жат маған.*

*Бәрін сақтап адам емес, ана тілін сақтамай,*

*Онсыз күнің анық атып, жөнімен батпағай.*

2. Өмірәлі Керімбек. «Ауыл кеші».

*Ымдасып, сыбырласып*

*Ауылдың сай қабағы.*

*Күндегі сырын ашып*

*Құмарта қайталады.*

*Изені, боз жусаны*

*Дүр етті соққан желге,*

*Әндері, у-шулары*

*Тарады белден-белге.*

IV бөлім. «Бес жолды өлең».

Жүргізуші: -Оқушылар Сарыағаштық жерлес ақындарымызға еліктеп өлеңдер шығарады.

V бөлім. «Сүйемін туған өлкемді» тақырыбына эссе жазу.

Жүргізуші: Саялы Сарыағаштың тума ақындары мен жастар шығармашылығымен таныс болдық. Олай болса, ақындардың өмірге деген құштарлығына тәнті бола отырып, «Сүйемін туған өлкемді» тақырыбында эссе жазамыз.

Ән. «Сарқырама». Сөзі мен әні А.Кенжебаевтікі.

Қорытынды: -Қымбатты оқушылар, бүгінгі кеште ақын – жазушыларымыздың өр де өткір, нәзік те сыршыл сезімдерін ортаға жайып салып өздеріңіз де бір құмардан шыққандай болдыңыздар. Біз де, жыр сүйер қауым, осындай әдемі кеште әсем жыр тыңдап көңіліміз көтеріліп қалды. Өмірге ғашық жандар ол мәңгі жас адамдар екен. Ендеше, жандарыңыз қартаймасын, жүректеріңіздегі өмірге деген ғашық оты сөнбесін. Уақыттарыңызды бөліп әдеби кешімізді өткізуге тірек болғандарыңыз үшін сіздерге алғысымызды айтамыз. Келесі кездескенше сау болыңыздар!

**Ш.КАКЕНОВА,**

**Т.Айбергенов атындағы**

**орта мектебі.**

Ақтөбе облысы,

Байғанин ауданы,

Миялы ауылы

## **АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

Мақсаты: а) Абай шығармаларын талдай отырып, білімдерін жүйелеу, жинақтау және шығармашылық жұмыстар арқылы Абайды жан-жақты таныту; ә) оқушыларды адамгершілікке, имандылыққа, асыл қасиеттерге тәрбиелеу және туған жердің тарихы мен тілінің қадір-қасиетін ұғындыру; б)мәнерлі сөйлеуге дағдыландыру, ой-өрісін, ойлау қабілетін, шығармашылық ізденісін дамыту. Көрнекілігі: слайдтар, кітаптар. Түрі: аралас сабақ. Типі: білімді жүйелеу, жинақтау сабағы. Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, мәселелік сайыс, т.б. Күтілетін нәтижелер: теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана алады. Топпен жұмыс жасауда пікір алмасуға, бір-бірінен үйренуге жетелейді, өзіндік дәлелдерін нанымды жеткізуге дағдыланып, сындарлы ойлар алады.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі: топтық әзірлік.

2. Өтілген материалдарды жинақтау: оқушылардың кіріспе сөзі. «Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды».

Н.Назарбаев.

Психологиялық ахуал қалыптастыру. Оқушылар Абай Құнанбайұлының аналарының атымен 2 топқа бөлінеді. «Зере» және «Ұлжан» тобы.

Ұй тапсырмасын тексеру: алған білімдерін жинақтау мақсатында сұрақтар. (Әр топқа 9 сұрақтан қойылады, сұраққа ойланбастан жауап беру керек).

«Зере» тобына:

1. Абайдың мұражайы қай жерде? (Жидебайда)

2. Абайдың алғашқы өлеңдер жинағы қай жылы, қай жерде басылып шықты? (1909ж. Петербург)

3. Абайдың қоңыраулы балуан атанған атасы. (Ырғызбай)

4. Абай ең алғаш дәріс алған тағар молдасы. (Ғабұлжаппар)

5. Абайдың жеті атасын атаңыз. (Құнанбай - Өскенбай – Ырғызбай – Айдос – Томан – Тобықты – Арғын)

6. Абайдың үш поэмасы. «Масғұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі».

7. Абайдың «қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» атты өлеңі кімге арналған? (Тәкежанның әйелі Қаражанға)

8. Абайдың алғашқы өлеңдері кімнің атынан шықты? (Көкбай)

9. Абайдың «Ей сорлы заман, менен аяған қай қастығың қалды... Мен ішпеген у бар ма?! ...» деген тарихи сөзі қандай оқиғаға байланысты айтылған? (Мағауияның өлімі)

«Ұлжан» тобына:

1. Абайдың руы. (Тобықты)

2. Абайдың неше күйі бар? («Май түні», «Желдірме», «Торжорға»)

3. Абайдың атақты әншісі. (Әлмағанбет)

4. «Медғат-Қасым» поэмасын Абайдың қай баласы жазған? (Мағауия)

5. Табиғат лирикасының ішіндегі ең алғашқы жазылған өлеңі. («Жаз», 1886 ж.)

6. Құнанбай қайда мешіт салдырды? (Меккеде, Қарқаралы)

7. Абай он екі жасында қайда оқыды? (Семейде Ахмет-Риза медресесінде)

8. Абай ел билеу ісіне неше жасынан бастап араласты? (13 жасынан)

9. Абайдың орыс досы. (Михаэлис)

Ой қозғау. Қазақтың ұлы ақыны Абай туралы өз тобымызбен бірлесе 4 жолды мағыналы өлең шығарып оқиық.

Қызығушылығын ояту. Абай шығармаларын пәндермен байланыстыру. Дәптерлерімен жұмыс.

1-оқушы. Тарих пәнімен байланыс.

Мен тарихи тұрғыдан сарапшымын, есімім-----  
Мен Абай Құнанбайұлының шығармаларын тарихи тұрғыдан зерттедім. Ең алдымен Абай ағамыз Семейдегі Ахмет – Риза медресесінде оқыған. Ол медреседе Аристотельдің, Платонның, Әл – Фарабидің шығармалары оқыған. 1993 жылдан бері ол медресе Қазақстан Республикасы министрлер кеңесінің шешімі мен мәдениет министрлігінің келісуімен қалалық Абай мұражайының кешеніне енгізілді. Ал ақынның «Ескендір» поэмасындағы басты кейіпкерлер Александр Македонский мен Аристотель тарихи тұлғалар.

2-оқушы. Шетел тілдері және әдебиеттерімен байланыс.

Мен шетел тілдері және әдебиеттері тұрғысынан сарапшымын, есімім-----  
Мен Абай Құнанбайұлының шығармаларын шет тілдері және әдебиеттері тұрғысынан зерттедім. Одан мынадай қорытынды шықты. Абай шет тілдер әдебиетіне Орта Азия және тәжік, парсы халықтарының ұлы ақындары Науаи, Низами, Фердаусилар шығармаларын білуден бастайды. Кейін бағыс әдебиетінің классиктері Гете, Байрон, Пушкин, Крылов, Лермонтовтардан рухани азық ала бастады. Қазақ ауылының тұрмысын суреттейтін Абайдың «Жаз», «Қыс», «Күз», «Жазғытұры» сияқты өлеңдері мен орыс ақыны А.С. Пушкиннің орыс табиғатын сипаттайтын лирикалары сабақтасып жатыр. Ал Абай мен М.Лермонтовтың шығармашылығында азаматтық

әуен басым. Мысалы: «Жүрегім нені сезесің», «Менсінбеуші ем наданды», «Сегіз аяқ», «Не іздейсін көңілім не іздейсін?», «Жүрегім менің қырық жамау» т.б. Лермонтовтан «Тұтқындағы батыр», «Ой», «Альбомға», «Қанжар», «Теректің сыйы», «Вадим» т.б. шығармалар аударды. Ал И.А. Крыловтан «Бақа мен қасқыр», «Піл мен қанден», «Қарға мен түлкі», «Емен мен бұлбұл», «Бүркіт пен қарға», «Жарлы мен бай», «Шегіртке мен құмырсақ», «Әншілер», «Ала қойлар» т.б. мысалдар аударды. Семей қаласына солақай саясаттың кесірінен айдалып, жер аударылып келген ұлы ғалымдар С.С. Гросс, А.А. Леонтьев, Н.И. Дологополов, П.Д. Лобановский, А. Блек, Н.Я. Коншин, Е. П. Михаэлис Абаймен тығыз байланыста болды. Тіпті Е.П. Михаэлиспен 1871-72 жылдардан бастап, өмірінің соңына дейін араласты. Абай Михаэлиспен дос болған кезде бар жоғы 25-26 жаста екен. Абайды орыстың белгілі жазушылары: Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Салтыков, Тургенев, Белинский, Добролюбов, Писарев шығармаларымен таныстырған осы Михаэлис екен.

3-оқушы. Зоологиямен байланыс.

Мен зоология тұрғысынан сарапшымын, есімім -----  
Мен Абай Құнанбайұлының шығармаларын зоология тұрғысынан зерттедім. Ақынның «Жазғытұры» өлеңінде

... Түйе боздап, қой қоздап – қорада шу,

Көбелекпен, құспенен сай да ду – ду.

... Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,

Жұмыртқа іздеп, жүзіріп балалар мәз,

Келесі қайырсыз байларға арнаған өлеңінде

... Пара жеген билерден,

Қасқыр алған ит артық, - дейді. Бұл өлеңдеріндегі түйе – қазақ халқының қолға үйреткен жануары. Түйенің пірі – Ойсыл қара. Ол өте төзімді жануар. Қой түстері қызғылт, қоңыр, ақ, қара, құйрықтары үлкен, майлы, қошқарлары көбіне мүйізді болады. Ескі наным бойынша иесі Шопан ата. Көктемде қой жаппай төлдейді. Қойлар қоздай бастағанда оларды сауып, сүтін пайдаланады. Оның жүнінен киім тоқып киген.– Көбелек – қабыршақ қанаттылар. Қазақстанда түрі өте көп. Ауыз қуысы соруға, ал жұлдызқұрт күйінде кеміруге бейімделген. Қабыршақпен қапталған 2 қос қанаты бар. Гүл шіріндісімен, жеміс сөлімен қоректенеді. Қазақстанның оңтүстігінде жібек алу үшін пайдаланады. Өте сирек кездесетін түрі махаон, аполлон, т.б. Құс - бұл табиғат ананың біздерге берген сыйы. Олардың түрі өте көп. Қу- бұл аққу. Аққу – құстардың ең әдемесі. Оның түсі ақ, мойыны ұзын, салмағы 7 – 13 кг – ға дейін жетеді. Ол ұясын жұптасып, тұщы көл жағасына салады. 3 – 7 жұмыртқаны 35 – 40 күнде басып шығады. Түлкі – ит тұқымдасына жататын жыртқыш аң. Елімізде кең тараған. Түсі жирен, сұрғылт сары. Құйрығының сырты қара не қоңыр, құйрығы ұзын 60 см- дей. Қорегін түнде іздейді. Қаз- су құстары отряды. Қазақстанда 13 туысы, 40 түрі бар екен. Жұмыртқа – бұл құстардың, жәндіктердің ұрпақ жалғастығы. Қасқыр – Қазақстанның барлық аймағында мекен ететін жыртқыш

ан. Дене тұрқы асыранды итке ұқсайды. Бірақ жабайы тек болып есептеледі. Ол мал шаруашылығына үлкен зиян тигізгенімен, өзге аңдардың ауру, әлсіздерін жеміне жаратуы арқылы жұқпалы аурулардың таралмауына бірден бір себепкер болады. Тұрқының ұзындығы 100 – 130 см, салмағы 21-37 кг. 15-16 жылдай өмір сүреді екен. Ит – қазақ халқы жеті қазынасының бірін осы иттің түрі құмай тазы дейді.

4-оқушы. Этнографиямен байланыс.

Мен этнография тұрғысынан сарапшымын, есімім -----  
----- Мен Абай Құнанбайұлының шығармаларын этнография тұрғысынан зерттедім. Ақынның шығармаларында этнографиялық сөздер өте көп екен. Солардың ең негізгілеріне тоқталсам, көш жер – қазақ халқының ұзындық өлшемі. Ол әр түрлі мағына береді. Қозы көш жер – орта есеппен 14,5 км. Күзгі көш жер – орта есеппен 25,5 км. Орта көш жер – шамамен 90 км. Ал қос – қонуға ыңғайлы, тигіуі, жығуы онай шағын баспана. Қосты екі кереге басын қосып киізбен жабады. Киіз үй – қазақ халқының қысы – жазы отыратын кез келген ауа райына қолайлы баспанасы. Алдымен биіктігі екі метрдей болатын керегені кереді. Керегенің әр бөлігін «қанат» дейді. Сол қанат санына байланысты 4, 6, 8, 12 қанатты, тіпті хан ордалары 30 қанатқа дейін жеткен. Киіз үйде шаңырақ, бақан, уық, уық бау, босаға, екі жақтауы яғни таяныш, сықырлауық, туырлық, үзік, түндік, киіз есік, түндік, желбау, басқұрбаулар, тұскиіздер болады. Ал үй жиһаздарынан – сандық, жағлан, кебеже, жүкеяш, әбдіре, асадал, ағаш төсек, қолсандық, шайсандық, төсеніш бұйымдарынан – текемет, сырмақ, алаша, құрақ көрпе т.б. Ақынның қара сөздері тұнып тұрған этнографиялық сөздер.

5-оқушы. География пәнімен байланыс.

Мен география тұрғысынан сарапшымын, есімім-----  
Мен Абай Құнанбайұлының шығармаларын география тұрғысынан зерттедім. Ақынның туған жері де, өсіп-толысқан, қоғамдық өмірге белсене араласқан ортасы да, шығармашылығының туып – биік белеске жеткен жері де Семей жері болатын. Семей – Шығыс Қазақстан облысындағы қала. Ертіс өзенінің бойында орналасқан. 1939-1997 жылдары облыстардың орталығы болған. Қаланың XVI–XVII ғасырлардағы аты-Доржынкит. Доржынкит қазіргі Семей қаласы тұрған жерден сәл жоғары, Ертістің оң жағасындағы дөңестің үстінде орналасқан. Ертіс өзеніне ТМД елдері бойынша ең үлкен аспалы көпір салынған. Семей – еліміздің ең ірі ғылым-білім орталығының бірі. Абай ағамыз осы Семейдің Шыңғыс тауының бауырайында 1845 жылы туып, 1904 жылы Жидебайда жерленген. Ақынның өлеңдерінен басқа 1918 жылы Семейде шығатын «Абай» журналында ең алғаш қара сөздері жарық көреді.

6-оқушы. Әдебиет пәнімен байланыс.

Мен әдебиет тұрғысынан сарапшымын, есімім-----  
Мен Абай Құнанбайұлының шығармаларын әдебиет тұрғысынан зерттедім. Абай шығармашылығын қазақ әдебиетінен бөліп алу мүмкін емес. Өйткені қазақ жазба әдебиетіне Абай салған жол – ең үлкен, тармағы сан тарау күрделі жол. Алайда ақын білімі

толып, кемелденбеген шағында әжесі Зере мен анасы Ұлжанның үлкен әсерімен қазақ ауыз әдебиеті мақал – мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар, ертегілер мен түрлі бағыттағы ән – жырлармен сусындап, ең бірінші білімінің іргетасын қалады. Ол сол білімді меңгерген соң, басқа әдебиетке, жазу ісіне ден қойды.

6-оқушы. Музыка пәнімен байланыс.

Мен музыка тұрғысынан сарапшымын, есімім -----  
Мен Абай Құнанбайұлының шығармаларын музыка тұрғысынан зерттедім. Ақынның музыка саласындағы өнерін Ахмет Жұбанов өзінің 1963 жылы жарық көрген «Замана бұлбұлдары» еңбегінде кең талдады. Ақынның аудармасы бар, төл туындысы бар 20 –ға жуық әндері бар. Олар: «Татьянаның қырдағы әні», «Қараңғы түнде тау қалқып», «Желсіз түнде жарық ай», «Сегіз аяқ», «Айттым сәлем, Қаламқас», т.б. Ал күйлері «Торжорға», «Май түні», «Майда қоңыр» («Абай желдірмесі») бар.

Сергіту сәті. «Қара жорға» әні мен биі.

Теориямыз қалай? Оқушылардың Қазақ әдебиеті хрестоматиясында Абай Құнанбайұлының «Жазғытұры» өлеңі берілген. Енді сол өлеңді жазба дәптерімізге әдеби теориясы жағынан талдайық.

Авторы – А.Құнанбайұлы.

Тақырыбы – Адам мен табиғаттың тынымсыз қарым-қатынасы, үйлесімді бірлігі.

Идеясы – Табиғат ананың әсемдігі.

Кейіпкері – Адамдар мен жыл мезгілі.

Жанр түрі – өлең.

Шумақ саны - 4. Тармақ -64 . Бунақ -3. Буын саны - 11.

Ұйқасы - а, а, б, а. Қара өлең ұйқасы.

Әдеби – теориялық ұғымдар:

Лирика түрі - табиғат лирикасы, «масатыдай», «ата - анадай», «анамыздай», «тоты құстай» - теңеу, күн – күйеу, жер – қалыңдық, күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай, ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп, азалы ақ көрпесін сілкіп тастап – метафора, жаз жіберіп, жан берген қара жерге – эпитет, жердің жүзіне оң берер гүл - бәйшешек, қырда торғай сайраса, сайда – бұлбұл - пейзаж.

Ой толғаныс. Оқушылар біздер бүгінгі сабағымызда Абай Құнанбаевтың шығармашылығын жан – жақты талдап, түсіндік. Алдымызда жылдың қай мезгілі келе жатыр? (Көктем). Енді жана ғана әдеби көркемдік ерекшелікке талдаған табиғат лирикалық өлеңіне яғни жылдың көктем мезгіліне арнап ой толғау жазып көрейік.

Рефлексия. Сонымен оқушылар осы өлеңі арқылы ақын бізге не айтқысы келеді? Оқушылар өз ойларын қорытып айтады.

Бағалау. «Ашық журнал» әдісі. Оқушылар тақтаға ілінген ашық журналдағы өздерінің аты – жөнінің тұсына сабаққа араласу бағасын өздері қояды.

Үйге тапсырма. Абай Құнанбайұлы туралы Қазақстандық, алыс-жақын шетелдің ғалымдары, зерттеушілерінің пікір-пайымдарын жинақтау.

**А.АЙТМАҒАНБЕТОВА,**

Павлодар облысы,  
Ертіс ауданы,  
Ынтымақ ауылы

## ТІЛІМ МЕНІҢ

Жүргізуші:-Ж.Аймауытов: «Ана тілін жақсы меңгеріп алмай тұрып, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі – жүректің терең сырларын, халықтың басынан кешкен дәуірлерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына» деген екен, ендеше осы қазынамызды сақтауға бүгін бізде кішкене болса да өз үлесімізді қосайық. Бүгінгі сайысты бастамас бұрын сайысқа қатысатын ойыншыларымызбен танысып алайық. Бірінші топ мұғалімдердің құрамасынан құралған. Ал екінші топ өзіміздің оқушыларымыз. Сайыстың есебін есептеп, кімнің дұрыс, кімнің бұрыс жауап бергенін қадағалап отыратын әділқазыларымызды сайлап алайық. (Әділқазылар сайланып, топ аты, ойыншылармен таныстыру)

**1-айналым.** Қойылатын сұраққа 1 минутта жауап берілуі керек.

I топ.

1. «Менің қазақстаным» әнін шығарған. (Ш. Қалдаяқов)
2. Фонетика нені зерттейді? (дыбыс)
3. Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы. Кімнің өлеңі? (Абай)
4. Тіл туралы заң ең алғаш қай жылы қабылданды? (1989)
5. ҚР тәуелсіздігін қай күні тойлайды? (16 желтоқсан)
6. ҚР халық әртісі,актер, режиссер,ұстаз,Алдаркөсе ролін сомдаған, біздің жерлесіміз. (Ш.Айманов)
7. Заттың сынын білдіретін сөздер. (сын есім)
8. Қой иесі. (Шопаната)
9. Түйе иесі. (Ойсылқара)
10. Барыс септігінің сұрақтары (кімге? неге?)
11. Балталы, бағаналы ел аман бол,Бақалы, балдырғанды көл аман бол.

Бұл өлең жолдары тұрмыс-салт жырларының қай түріне жатады? (қоштасу)

12. Құдайлады хан ұлы,

Іздеген жауы біз болып. Кімнің өлеңі? (М.Өтемісұлы)

II топ.

1. «Атамекен» әнін жазған. (Е.Хасанғалиев)
2. Лексика нені зерттейді? (сөзді)
3. «Әбдірахман өлгенде» өлеңінің авторы кім? (Абай)

4. Тіл туралы заң соңғы рет қай жылы қабылданды? (1997)
5. Көл қорыған сен едің,  
Сен де айрылдың көліңнен. Кімнің өлеңі? (М.Өтемісұлы)
6. ҚР тілдер күні қай күні тойланады? (22 қыркүйек)
7. ҚР халық әртісі, КСРО-ның халық әртісі ,қазақтың бұлбұлы атанған әнші. (Б.Төлегенова)
8. Заттың, құбылыстың, іс-әрекеттің атын білдіретін сөздерді не дейміз? (зат есім)
9. Сиыр иесі. (Зеңгі баба)
10. Жылқы иесі. (Қамбар ата)
11. *Келін, келін келіп тұр,  
Келіп үйге еніп тұр.  
Қайын жұрты, халқына  
Иіліп сәлем беріп тұр.*

Өлең жолдары тұрмыс-салт жырларының қай түріне жатады. (беташар)

12. Табыс септігінің сұрақтары. (кімді? нені?)

Ән. «Қазақ елі».

**2-айналым.** Орфография. (Сөздің дұрыс жазылуын тексереміз).

Бір сөз беріледі, сол сөздегі дыбыстарды топтағылар кезек-кезек жылдам айтып шығуы керек.

1-топқа *ассалаумағалайкүм, күртік, асбұзыл* сөздері беріледі.

2-топқа *консерватория, пұшайман, құмбыл* сөздері беріледі.

**3-айналым.** Фразеология.

- 1-топ. 1. Аузын айға билеу-1. қаһар, айбат, батыл қайрат көрсету;
2. тісін қайрау, өшігу.
2. Таң асыру-атты баптап күту, таң атқанша қаңтару, суыту.
3. Шел біту - шаруасы түзелу, ісі оңға басуға байланысты адамның мінезі де өзгереді, (жағымсыз мағынада айтылады).

2 топ. 1. Ақ ауыз қылды- алдап отырғызып кетті, аузындағысын білдірмей жырып әкетті.

2. Кежегесі кейін тарту- жалқаулану, ештеңе істегісі келмеу, мойны жар бермеу.

3. Шекесіне тиді -беті қайтты, көңілі қалды, қайталамастай болды.

**4-айналым.** Лексикаға байланысты бір топ бір әріпті таңдап алады, ал екінші топ екінші әріпті таңдап алады. М: 1-топ М әріпін ал екінші топ А әріпін алса *мама, маса,мата*, т.б. осылай сөздерді кезек-кезек айтып отырады. Барлығына 1 минут уақыт беріледі.

**5-айналым.** Сенесіз бе?, Сенбейсіз бе? деп аталады. Берілетін сұрақтарға жауаптар «сенемін» немесе «сенбеймін» болуы керек.

1-топ. 1. Қорқыт ата өз өмірінде үш хан тұсында уәзірлік қызмет атқарғанына сенесіз бе, сенбейсіз бе? (иә)

2. Сіз Қорғалжын қорығының Ақмола облысының 259 мың га жерін алып жатқанына сенесіз бе, сенбейсіз бе? (иә)

3. Сіз Қазақстан Республикасының «Тіл туралы заңы» 1999

жылы қабылданғанына сенесіз бе, сенбейсіз бе? (жоқ, 1997ж. 11 шілде)

4. Сіз Каспий теңізіне 130-ға жуық өзендер мен ағынды сулар құятынына сенесіз бе, сенбейсіз бе? (иә)

5. Сіз қазақ тілінде 42 дыбыс, 37 әріп бар екеніне сенесіз бе, сенбейсіз бе? (Жоқ, 42 әріп, 37 дыбыс бар)

2-топ. 1. Сіз Солтүстік Қазақ жазығының негізгі өзені – Ертіс екеніне сенесіз бе, сенбейсіз бе? (иә)

2. Сіз Ахмет Йассауи кесенесі көне архитектуралық ескерткішке жататынына сенесіз бе, сенбейсіз бе? (иә)

3. Сіз қазақ тілінде тоғыз септік бар екеніне сенесіз бе, сенбейсіз бе? (Жоқ, қазақ тілінде барлығы 7 септік)

4. Сіз «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» күмбесі Аягөздің оң жақ жағасында, Таңсық деген ауылда салынғанына сенесіз бе, сенбейсіз бе? (иә)

5. Сіз лексиканың дыбыстарды зерттейтін ғылым екеніне сенесіз бе, сенбейсіз бе? (жоқ, лексика сөз байлығын тексеретін ғылым)

6. Сіз Қорқыт ата мазары Қызылорда облысындағы Жосалы ауылында орналасқанына сенесіз бе, сенбейсіз бе? (иә)

**6-айналым** екі топтың бір-біріне дайындап әкелген көнерген сөздері бар, үш балама жауабы бар, сол жауаптардың қайсысы дұрыс екенін табу керек.

1-топ. Қара етмек: Тағам түрі; Киім түрі; Ыдыс-аяқ түрі.

Қара етмек-нан тағамының бір түрі. Оны былай әзірлейді: ет сүйектен ажырап түскенше қайнатылады, езілгенше пісіріледі. Содан кейін үстіне ұн, май, шекер салып қоюланғанша қайнатылады, содан кейін жейді.

2-топ. Ал: Сөз түрі; Мата түрі; Тағам түрі.

Ал-қою сары, қызғылт, сары түсті асыл жібек мата. Одан хандар байрақ істейді, дәулетті, жоғары лауазымды адамдардың аттарына жабу жасайды.

**7-айналым.** Екі тапсырма болады. Бір өлең беріледі. Бірінші тапсырма өлеңнің ішінен бір сөз беріліп соған синоним сөздер айтылады, ал екінші тапсырма сол өлеңнің ішінен сөздер беріліп сол сөзді қатыстырып мақал-мәтел табу керек. Ең соңында сол өлеңді бәріміз бірге шырқаймыз.

I топ. 1-тапсырма: синоним сөздер табу: *Өмірге; Самал; Аяулы;*

2-тапсырма: мақал-мәтелдер табу: *Анамды; Бал; Тілін; Ай; Күнім;*

II топ. 1-тапсырма синоним сөздер табу: *Табынып; Нұрын; Думан.*

2-тапсырма мақал-мәтелдер табу: *Сүйемін; Мектепке; Ұстазды; Үні.*

- Енді бәріміз қосылып осы «Анамның тілі – аяулы үні» әнін бірге шырқайық. Бағалау.

**К.МУРСАЛИМОВА,**  
**«Тайпақ» жалпы орта білім беретін мектеп.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Ақжайық ауданы,  
«Қарауылтөбе» ауылы

## МЕН ЕЛІМНІҢ ПАТРИОТЫМЫН

Мақсаты: білімділік – тәуелсіздік жолындағы күрес шежіресін ұғындыра отырып, оқушыларды отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеу; дамытушылық – оқушыларды еліміздің қол жеткізген толағай табыстарымен таныстыру, білімділігін кеңейте түсу; тәрбиелік – болашақта тәуелсіз Қазақстанның негізін қалар білімді, елін сүйетін азаматтар керек екендігін түсіндіру;

Сабактың барысы: I. Ұйымдастыру.

Мұғалім: - Біздің туып өскен жеріміз – Қазақстан Республикасы. Көптеген ғасырлар бойы ел басқарған дана басшыларымыз кең-байтақ жерімізді сырттан төнген қауіп-қатерден қорғап келеді. Жер бетінде азаттықтан асқан бақыт та, байлық та жоқ. Қазақ халқы – ержүрек, достыққа адал, бауырмал, қонақжай халық. Қазақстанда ынтымағы жарасқан көптеген ұлт өкілдері тұрады. Қазақстан бүгінде дүние жүзінің көптеген елдерімен достық байланыс орнатты. Балалар, орнымыздан тұрып, бәріміз бірге әнұранды орындайық.

Мұғалім: -Балалар, бүгінгі біздің Білім күніндегі алғашқы сабағымыз «Мен өз елімнің патриотымын» деп аталып отыр. Сіздер міне, есейіп, ержетіп, бойларын да өсіп, ойларың да өсіп, II-сыныпқа келіп отырсыздар. Сіздердің алдарыңызда үлкен міндет, үлкен сын тұр. Ол – орта мектепті ойдағыдай аяқтап, тәуелсіз еліміздің ертеңі болар нағыз азамат болу. Яғни, елдің шын жанашыры, нағыз патриоты болу.

-Қане, балалар, қалай ойлайсындар. «Патриот» деген сөзді қалай түсінесіңдер? Патриотизм қалай қалыптасады?

I-оқушы: - Адамзат санасындағы құндылықтарымыздың қай-қайсысы да бала жастан қалыптасады, есейе келе өскен ортаңа, алған тәрбиеңе, жеке басыңның түсінігіне қарай біртіндеп қалыптасып, толығымен түсетіні белгілі. Жан-жағымызды зерделей отырып, пайымдауымызша патриотизм де солай орынқса керекті. Осы орайда ой тентігі мен сезімталдықтың да белгілі деңгейде атқарар рөлі бар. Деректерге жүгінсек, патриот сөзінің түп-тамыры гректің «отандас, отан, туған жер» деген сөзіне тірелетін көрінеді. Демек, патриотизм мен отансүйгіштік егіз ұғым десек, қателеспейміз. Ал отансүйгіштік ұғымы өте кең. Дәлелдеуді қажет етпейтін бір ақиқат – түсінігі таяз еместердің қай-қайсысы да

Отанын сүйері хақ!

2-оқушы: -Осы арада заңды сұрақ туындайды: Отаның өз үйің, яғни шағын мемлекет, сонда өмір сүріп отырған қоғамың – Отаның болып саналмай ма?

- Жоқ! Нағыз Отаның – туған елің, мемлекетің. Ендеше, патриоттық шынайы сезім өз еліңді сүйуден, мақтан тұтудан, отандастарды қастерлеуден, оның жетістіктеріне жан-тәніңмен шаттана білуден, қасіреттеріне ортақтасудан, жеңістеріне үлес қосудан бастау алары кәміл.

3-оқушы: -Ата-бабаларымыз талай тар жол, тайғақ кешулерді бастан өткізген. Сондай сындарлы кезеңдерде намысы найзағайдай жарқылдаған тұлғаларымызды «біздің патриоттарымыз!» десек ешкім бізді жазғыра алмас.

4-оқушы: -Қазақтың біртуар перзенті, айбынды патриот Бауыржан Момышұлы: «Ұлттық намыс ұлттың бойындағы қасиеті және бұлжымайтын қағидасы. Өз ұлтын құрметтей білмеген, оны мақтан ете алмаған адам сөз жоқ, тексіз, бұралқы адам. Патриотизм отанға деген сүйіспеншілік, өз есендігінің қоғамға, мемлекетінің қауіп-қатерден амандығына тікелей байланысы бар екенін ұғыну, өзінің мемлекетіне тәуелділігін түсіну, мемлекеттің нығаюы жеке адамның нығаюы екенін мойындау» деп жазыпты. Бұдан түйгеніміз, патриот – елімен тағдырлас, ол Отан үшін отқа түссе де күймейді.

5-оқушы: Әр мемлекеттің саяси символдары болады. Символ әдетте шындықты бейнелеудің ерекше формасы деп түсіндіріледі. Қазақстанның басты символдары – еліміздің рәміздері. Олар елтаңба, ту, әнұран. Міне, бұл рәміздердің қай-қайсысыда біздің жанымызға жақын, жүрегіміздің төрінен орын алған.

6-оқушы: -Олимпиадалық ойындарда, дүниежүзілік спорттық сайыстарда, түрлі деңгейдегі дүбірлі жарыстарда отандастарына жанкүйер болып, жүрегің дүрсілдеп, делебең қозып отырарсың.

7-оқушы: -Иә, бұл бастамасы ғана. Марапаттаулар басталып, жерлестерің мәртебелі биік мінбеге көтерілген сәтте, Әнұранымыз әуеде қалықтағанда, көк туымыз көкке көтерілгенде бақыт құшағына көтерілесің.

8-оқушы: -Дәл осындай сәттерде әрқайсымыздың жан-дүниеміз тебіренеді. Бір сәт өзінді-өзің ұмытып, көзіңнен қуаныш жасы мөлтілдейді. Жер бетінде өзіңнен бақытты адам жоқтай сезінесің. Бұл ненің белгісі? Әлбетте, туған Отаныңа деген шексіз сүйіспеншілік! Бұл да патриотизмнің жарқын үлгісі.

Мұғалім: -Қазақстан патриоты, біріншіден, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне: Туына, Елтаңбасы мен Әнұранына ерекше құрметпен қарайды, мемлекеттік нышандарды шын ниетімен қадірлейді және оны басқалардан талап етеді. Сондықтан да біз де өз еліміздің патриоты ретінде еліміздің елдік нышандарын қастерлейік, құрметтейік, балалар!

А.САИРОВА,

«Бейсембай Сахариев атындағы  
Бақты орта мектеп-бақша» КММ.

Шығыс Қазақстан облысы,  
Ұржар ауданы, Бақты ауылы

## ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҒЫМ

Мақсаты: оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытады, тұлғаның кез келген жағдаяттардан шыға алуына, еркін қарым-қатынас жасауға бағыт-бағдар жасалады. Өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттырады, ана тілінің қадір-қасиетін ұғына біледі, құрметтейді.

Негізгі идеялар: қазақ тілінің құдіреттілігін, ұлттық рухани болмыстың алғышарттары болып табылатынын, тереңде тұнып жатқан сөз маржандарын жарқырата көрсету арқылы патриоттық сезімдерін оятуда диалог құрып, сыни тұрғыдан ойлайды.

Қүтілетін нәтиже: өз Отанын құрмет тұтады, туған тілін, дінін, дәстүрін жандандыруға үлес қосады, сөздік қоры молаяды, тіл байлығы дамиды, ойларын жүйелі айта алады, топ алдында еркін сөйлейді, сыни ойлай алады, топты бағалайды, сабақты бағалайды, талдайды, жинақтайды. Түрі: зияткерлік сайыс. Әдісі: диалогтік оқыту және топта талқылау, жұппен, жекелей жұмыс, сұхбат құрады, сыни тұрғыдан ойлайды, сұрақ-жауап әдісі, «Тілектер бұрқасыны» ойыны, өнім жасайды (постер). Негізгі ресурстар: АКТ, слайдтар, музыка, тайм спикер, ұнқағаздар (қанатты сөздер), А5, А4 үлестірмелі қағаздары.

Жүргізуші: - «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?!» (Н.Ә.Назарбаев).

Бұл жанды тіл – менің азат тілім,  
Жадымда талмай самғар қанат тілім.

Бірлік, достық, татулық жүрегі боп  
Жасай бер, Ана тілім – Қазақ тілім!

9-сыныптар арасында өтетін «Қазақ тілі – ұлттық байлығым» атты тіл сайысына қош келдіңіздер!

Бүгінгі сайысқа қатысатын оқушылар туралы мәліметті экраннан тамашалайық.

I топ. «Бақты» тобы. II топ. «Көктұма» тобы.

«Тілектер бұрқасыны» ойыны (3 мин.) (Қарсылас топтар «Тілектер бұрқасыны» ойыны арқылы бір-біріне тілектер жазады).

Сайыстың шартымен таныс болыңыздар. Сайыста әділқазы алқасы мүшелері болмайды. Әр топ өзін-өзі бағалайды. Алдарына топты бағалайтын «Бағалау парағы» қойылған. Топтың міндеттері белгіленеді

(ұйымдастырушы – топтың жалпы жұмысына жауап береді, ортақ дүниенің барлығына түсінікті болғанын тексереді; спикер – топтың дайын жұмысымен таныстырады; хатшы – айтылған ой мен шешімдерді жазып отырады; сыншы – тың ойлардың туу үшін қарсы пікір айтып отырады).

I кезең. «Ойлы сұрақ – жедел жауап». Бұл кезеңде жауап нақты, тез болу керек. Әр топтың мүшелеріне 3 сұрақтан қойылады, «иә» немесе «жоқ» деген жауап алынады. Ұпай топқа беріледі. 10 ұпайлық жүйе. (10-12 жауап – 10 ұпай; 7-9 жауап – 8 ұпай; 5-6 жауап – 5 ұпай; 5-тен төмен – 2 ұпай).

I топ. «Бақты» тобына қойылатын сұрақтар:

1. «Ескендір» поэмасының авторы Мағауия. (жоқ)
2. Піл көтергенді тіл көтере ме? (иә)
3. «Қазақстан Республикасының Тіл туралы» Заңы 1997 жылы 11 шілдеде қабылданды. (иә)
2. 1. Қамбар батырдың жары Ақжүніс пе? (жоқ)
2. Дауыссыз дыбыс буын құрай ала ма? (жоқ)
3. Тіл – жеке адамның туындысы. (жоқ)
3. 1. «Шығамын тірі болсам адам болып» С.Торайғыровтың өлеңі. (иә)
2. Сөздің мағынасы сөздің сыртқы мазмұнын бере ме? (жоқ)
3. Тіл – бас жарады, бас жармаса тас жарады ма? (жоқ)
4. 1. «Телғара» деп Абайды жеңгелері айтқан. (иә)
2. Зере-Шоқанның әжесі. (жоқ)
3. Қазақ тілі шығу тегіне қарай түркі тілдері қатарына жатады. (иә)

II топ. «Көктұма» тобына қойылатын сұрақтар:

1. 1. Қорқыт ата кітабы Дрезден қаласында сақталған ба? (иә)
2. Тіл түпсіз, ой буынсыз ба? (жоқ)
3. 1995 жылы 30 тамызда «Тіл туралы» Заң қабылданды ма? (жоқ)
2. 1. Қобыланды батырдың жары Гүлбаршын ба? (жоқ)
2. Дыбысқа берілген шартты графикалық таңба бола ма? (жоқ)
3. Мемлекеттік тіл – оны жариялаған ел азаматтарының барлығына міндетті түрде білуге тиіс тіл. (иә).
3. 1. «Менің атым – Қожа» М.Мағауиннің хикаяты ма? (жоқ)
2. Тұрақты тіркес құрамындағы сөздер жеке-жеке мағына береді? (жоқ)
3. Тіл – ақылдың өлшемі. (иә)
4. 1. Ибрахим Шоқанның азан шақырып қойған есімі. (жоқ)
2. Тіл білімі үш саладан тұрады. (иә)
3. Орхон ескерткіштері Жайықтан табылды. (жоқ)

III кезең. «Білімділік – тапқырлықта».

Әр топқа 4 сұрақтан беріледі. Сұрақтар ұпай санының астында жасырынған. Қай ұпайды таңдаса, сол ұпайға сай сұрақ берілген.

50 ұпай.

1. XX ғасырдың басында өмір сүрген көсемсөз шебері (А.Байтұрсынов)
2. Даланың дара ұстазы (Ы.Алтынсарин)

40 ұпай.

1. Көшпенділер философы атанған тұлға. (Асан қайғы)

2. Әрі лирик, әрі эпик ақын I. Жансүгіров «Әнші» өлеңінде қай әншінің өнерін суреттеп, әншілігін әуелете жазған (Ә. Найманбаев)

30 ұпай.

1. - Көзімді ашып алып, сағатқа қарасам, 8-ге 15 минут қалған екен. Атып түрегеліп, тез киіндім де, беті-қолымды шайып жіберіп, бір кесе айранды тікемен тік тұрған күйде қотара салдым. («Менің атым – Қожа»)

2. - Сол-ақ екен, қарсы бұрылып алып, аттыға қарай «арс» етіп шапшып қалды. Арандай ашылған ауыз бірдемені жұлып түспек еді. («Көксерек»)

20 ұпай. Сөздерді тіркестіріп мақал-мәтел құра.

1. Жарақ.

Қару тіл (Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой)  
Құрал  
Сауыт

2. Бас

Көз тәтті (Тіл тәтті, бауыр қатты)  
Жүрек  
Тіл

10 ұпай.

1. Мақал бүтін ойдың көрінісі, мәтел ше? (Мәтел ойды тұспалдап, ауыспалы мағынада жеткізеді)

2. Адам үндес қандай музыкалық аспап бар? (Қобыз)

III кезең. «Сөз тапқанға қолқа жоқ».

Жанын сап, халқын сүйіп, баққан тілім,

Жалықпай құпиялар ашқан тілім!

Жаһанның төрт бұрышы түгел танып,

Жат жұрттан да достарын тапқан тілім!

Бұл бөлімде «Жазбаша дөңгелек үстел (Раундробин)» ойны ойналады. «Қазақ тілі – ұлттық байлығым» тақырыбына өз ойлары мен идеяларын берілген уақыт аралығында (әр оқушыға 2 мин. Барлығы 8 мин.) жазып, уақыт аяқталған соң, оң жағындағы топ мүшесіне парақты береді. Топ мүшелері алдыңғы жазылғанмен танысып, сол ойларды ары қарай жалғастырады және бірінші жазған оқушыға қайта келген соң жазылғандармен танысып шығады, ол қорытынды тұжырым жазып аяқтайды. Көпшілікке оқып береді. Ұпай саны: 50 ұпай.

IV кезең. «Сөз – ойдың айнасы». Бұл бөлімде Ана тіліміз – қазақ тілін жарнамалайды (постер жасайды).

Бағалау. Әр топ бағалау парағына қойылған бағаларын оқиды. Келесі топқа баға береді (стикерге жазып, парталарына жапсырады)

Қорытынды.

*Тілін білген Абылай, Абайым да,*

*Құдірет берген Ана тіл талай ұлға.*

*Қасиетті тілімнің арқасында,*

*Ерікті ел боп алысқа қарайын да,*

*Ана тілім, құмбірле сарайымда!..* –дей келе бүгінгі сайысымызды аяқтаймыз. Сау болыңыздар.



**Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті” –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»**  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.3.2017 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және  
бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.

**Журнал сайты:** www.kazhu.kz

**Басылатын жері** – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №3, 2017 ж., 144 бет, Алматы.